

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

Бекетова Қ.Н.

МУНИЦИПАЛДЫ МЕНЕДЖМЕНТ

Оқу құралы

ҚЫЗЫЛОРДА – 2011

УДК 005: 378 (075.8)

ББК 65.050 я73

Б 39

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «Әлеуметтік ғылымдар және бизнес» мамандықтары бойынша республикалық Ғылыми-әдістемелік кеңес ұсынған. Хаттама №__, «__»_____20__ж.

Сын-пікір білдірушілер:

Каленова С.А. - экономика ғылымдарының докторы, профессор

Рамазанов А.А. - экономика ғылымдарының докторы, профессор

Шалболова Ү.Ж. - экономика ғылымдарының докторы, профессор

Б 39 Бекетова Қ.Н.

Муниципалды менеджмент: оқу құралы. Қызылорда, 2011. – 124 б.

ISBN 978-601-285-019-2

Оқу құралы «Муниципалды менеджмент» курсының теориялық негіздері қамтылған. Жергілікті басқару органдарының қызметтік функциялары, жергілікті шаруашылықты басқару тетіктері, жергілікті өзін-өзі басқарудың құқықтық және қаржы-экономикалық аспектілері қарастырылған.

«Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша білім алушы студенттер мен магистранттарға арналады.

УДК 005: 378 (075.8)

ББК 65.050 я73

Б 39

ISBN 978-601-285-019-2

© Бекетова Қ.Н., 2011.

© Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, 2011.

Алғы сөз

Муниципалдық менеджмент - экономикалық ғылымдардың жүйесіндегі аумақтық әлеуметтік-экономикалық басқаруды зерттейтін ғылыми пән. Менеджмент - түсінігі қазіргі экономикалық ғылымда нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін неғұрлым тиімді басқару түрі.

Муниципалды менеджмент жергілікті өзін-өзі басқару, жергілікті меншікті басқару ұғымына тең.

Қазақстан Республикасының Конституциясында: “Қазақстан Республикасында жергілікті маңызы бар мәселелерді тұрғын халықтың өзі шешуін қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқару танылады. Жергілікті өзін-өзі басқаруды тұрғын халық тікелей сайлау жолымен, сондай ақ халық топтары жинақы тұратын аумақты қамтитын селолық және қалалық жергілікті қауымдастықтардағы сайланбалы және басқа жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырады” – деп көрсетілген.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасып даму стратегиясы экономика саласында екі мәселені шешуді көздейді: экономиканы тұрақтандыруды қамтамасыз ету және оңтайлы жұмыс істеп тұрған шаруашылықтың нарықтық механизмін құру. Қазіргі заманғы нарық экономикасы мемлекеттік реттеумен толықтырылатын әлеуметтік бағытталған шаруашылық болып сипатталады. Осы шаруашылықты қалалар мен әкімшіліктер, аудандар мен аймақтардың өзіндік табиғи-экономикалық, тарихи, ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып басқару түрлі меншік және басқару формаларын терең зерделеуді қажет етеді.

Сондықтан да, жүргізіліп жатқан реформалардың табыстылығын анықтап шешетін факторлардың бірі - білікті мамандар даярлау екендігі белгілі. Ал аймақтарды басқаруда муниципалды менеджмент сұрақтары бойынша жеткілікті білімі бар мамандарды дайындау - өзекті мәселелердің бірі. Осы ретте «Муниципалды менеджмент» курсы болашақ мамандарда нақты аймақтағы экономикалық үдерістерге талдау жасай алатындай теориялық және тәжірибелік дағдыны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ұсынылып отырған «Муниципалды менеджмент» атты оқу құралында жергілікті өзін-өзі басқарудың экономикалық, құқықтық, ұйымдық негіздері, жергілікті бюджет және оны қалыптасырудағы мәселелер, муниципалдық басқарудың шетелдік тәжірибелері және т.б. қарастырылған.

Оқу құралы «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша білім алушы студенттерге және магистранттарға арналған.

Муниципалды менеджмент ғылымы пән ретінде

1. Муниципалды менеджменттің теориялық негіздері
2. Муниципалды менеджменттің пәні және ғылыми әдістері
3. Муниципалды басқарудың іс-әрекетінің негізі

1. Экономика саласында әміршіл-әкімшіл жүйеден нарықтық қатынастар жүйесіне өту адамнан ғылым мен техниканың түрлі саласындағы көптеген білімді менеруін талап етті. Нарықтық қайта құруларды жүзеге асыру үшін ғылым салаларындағы білімдер мен менеджмент өнері зор маңызға ие болады. XIX ғасырдың соңында пайда болып, менеджмент XX ғасырдың 30 жылдары ерекше әйгілілікке ие болды. Сол кездің өзінде басқару іс-әрекеті ерекше мамандық ретінде қарастырылған, ал білім саласы – дербес пән болып қарастырылды. Менеджменттің қалыптасу және даму қарқыны бойынша менеджерлердің әлеуметтік тобы айтарлықтай ауқымды қоғамдық күшке айналды. Зор экономикалық, өндірістік, ғылыми-техникалық және ақпараттық потенциалға ие алып корпорациялар пайда болған уақытта менеджерлер ролі арта түсті.

«Менеджмент» термині басқару мағынасында АҚШ-та пайда болды, бірақ қазіргі уақытта бүкіл әлемдегі әрбір білімді адамға белгілі болды. Жалпылама түсінікте менеджмент - бұл өзге адамдардың еңбегін, интеллектін, іс-әрекет себептерін пайдалана отырып, қойылған мақсаттарға қол жеткізу ептілігі. Осылайша, тар мағынада менеджмент деп кез-келген экономика саласында (өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, сауда-саттық, құрылыс, көлік, банк іс-әрекеті) және кез-келген іс-әрекет саласында (өндіріс, сату, қаржы) адамдарды басқару бойынша кәсіби іс-әрекет түрін түсінуге болады.

Ағылшын тілді елдерде «менеджмент» термині түрлі мағынада қолданылады, бірақ тек шаруашылық іс-әрекетіне ғана қатысты. Менеджмент мазмұнын түрлі бағыттарда қарастыруға болады, олардың негізгілері: басқару ғылымы мен тәжірибесі, басқаруды ұйымдастыру және шешімдер қабылдау процесі. Нарықтық экономикаға өту жағдайларында «менеджмент», «менеджер» терминдері «басқару», «басқарушылық іс-әрекет», «директор», «жетекші» терминдерімен қатар біздің күнделікті сөздігімізге оңай енді. Және бұл ақталған, себебі менеджмент – бұл нарықтық экономика жағдайындағы басқару, мұнда шаруашылық ету субъектісі тиісті:

- басқарудың экономикалық әдістерін пайдалануға;
- нарық сұранысы мен конъюнктурасына бағдарлануға;
- сатып алушыларда үлкен сұранысқа ие және жоғары пайда беретін тауарлар түрлерін өндіруге;
- минималды шығындармен үнемі тиімді нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылуға;
- өндірістік бағдарламаларды үнемі нарық қажеттіліктеріне бағдарлауға.

Нарықтық экономикада шаруашылық субъектісінің соңғы нәтижесі тек айырбас процесінде ғана алынады. Шаруашылық ету субъектісі негізделген және тиімді шешімдер қабылдауға тиіс, ал бұл компьютерлі техника негізінде

көп жақты ақпаратты тартумен көп нұсқалы есептеулерді өткізу қажеттілігін тудырады.

Менеджерлер еңбегі жоғары технологиялық өндіріс жағдайында туындаған, ол, өз кезегінде, барлық өндірістік процесс кезеңдерінің үздіксіздігін қамтамасыз ететін жұмыскерлердің көп жақты мамандануын талап етеді. Сондықтан менеджерлер ретінде түрлі мамандықтағы жұмыскерлер танылады: экономистер, инженерлер, бухгалтерлер, психологтар, жоспарлаушылар және фирманы немесе оның бөлімшесін басқаратын менеджер басшылығымен жұмыс істейтін өзгелер. Басқару деңгейінен тәуелсіз түрде «менеджер» термині басқарушы ретінде кәсіби іс-әрекетке тәндігін білдіреді.

«Муниципалды менеджмент» термині ерекше ұйымдардағы басқаруға тән – территориалды әлеуметтік-экономикалық мүдделерді қанағаттандыру мақсатымен жергілікті қауымдастық мүшелерін біріктіретін муниципалды құрылымдар.

«Муниципалды менеджмент» термині екі негізгі мағынада қолданылады.

1) *Жергілікті өзін-өзі басқару* – сәйкес территория халқының өмір сапасын жақсарту және барлық қоғам дамуына оның үлесін арттыру мақсатында өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі қаржыландыру және өзіндік жауапкершілік қағидалары негізінде өзіндік мәселелерді шешу бойынша жергілікті қауымдастықтың көп жақты әрекеті.

2) *«Муниципалды менеджмент» оқу пәні.* Оның мақсаты – менеджмент (жүйелі, процесті, жағдайлық) және өзге де қалыптасқан зерттеу әдістері шеңберінде өңделген жалпы тәсілдемелерге сәйкес муниципалды құрылымды басқару ерекшеліктерін қарастыру.

Муниципалды менеджмент ғылыми пәні ретінде XIX ғасырдың аяғынан қалыптаса бастады. Оның академиялық, нақты теориялық талқылануы мен түсіндірмесі әзірше берілген жоқ.

Жергілікті өзін-өзі басқару қалалар мен аудандар халқының мүдделерін жүзеге асыруға арналған әлеуметтік институт ретінде ашылады. Көрініп тұрғандай, мұндағы талдау пәні едәуір кең баяндалған, әрекет етуші ғылыми пәндер шеңберінде оны тану аса мәселелік болып табылады. Жергілікті өзін-өзі басқару – бұл дербес танымдық кеңістік емес, ал қоғамды ұйымдастыру туралы әрекет етуші ғылымдардың көптеген нақты-аймақтық тараулары шартты түрде біріктірілетін жалпы атау.

Ғылыми пән ретінде муниципалды менеджмент халықты билікке қатыстыру процесі ретінде түсіндіріледі, сондықтан оның мәні қалалар мен аудандар халықтарының жергілікті өзін-өзі ұйымдастыру қызметтерін жүзеге асыру тәсілдері, әдістерімен тығыз байланысты.

Муниципалды менеджментке екі жүз жылдам астам уақыт болған, ол барлық елдерде жүзеге асырылады. Осы қатынастардың туындауы көптеген факторлардың әрекетімен байланысты және ол түрлі формада байқалады.

Тар мағынада өкілеттік шеңберінде жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құралдары және күшімен қалалар мен аудандардағы, тұрғылықты пункттердегі әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси

процестерді реттеу тәжірибесі туралы айтылып отыр. Сөздің кең мағынасында муниципалды менеджмент осы территориялды жүйелерде мемлекеттік, аймақтық, муниципалды билік және басқару органдарымен, экономикалық мемлекеттік емес құрылымдармен, саяси партиялармен және өзге де қоғамдық ұйымдармен, конфессиялармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен жүзеге асырылатын ұйымдық-экономикалық қатынастар жиынтығы қарастырылады.

Муниципалды менеджменттің мақсаты – муниципалды құрылым территориясында халықтың жоғарғы сапалы өмір шартын құру. Осыған муниципалды құрылым территориясында қызмет ететін әлеуметтік-экономикалық институттар арқылы қол жеткізуге болады. Осы институттар муниципалды менеджмент пәні болып табылады.

Муниципалды менеджменттің объектісі – экономиканың өндірістік және әлеуметтік салаларын қамтитын қалалар, аудандардағы территориялды шаруашылық. Муниципалды құрылымдардың әлеуметтік инфрақұрылымы тұрғын үй-коммуналды шаруашылықты, халыққа тұрмыстық қызмет көрсетуді, жолаушылар көлігін, байланысты, спорт, денсаулық сақтауды, сауда-саттықты, қоғамдық тамақтануды, халықтық білімді, мәдениет мекемелерін қамтиды. Қандай да бір муниципалды құрылымдағы шаруашылық неғұрлым көп түрлі және күрделірек болса, соғұрлым өндірістік және өндірістік емес сипаттағы барлық салалардың кешенді байланысы зор мағынаға ие болады.

Муниципалды менеджмент – тар мағынада – Субъект – жергілікті өзін-өзі басқару органдары.

Муниципалды менеджмент – кең мағынада – Субъектілер – өмір сапасы тәуелді болатындардың барлығы.

Муниципалды менеджмент моделінің әрекет ету факторлары:

- жергілікті билік органдары өкілеттіктерінің көлемі заңмен анықталған.
- аталмыш территорияда ресурстардың болуы және олардың сипаттамасы.
- елгілі дайындық деңгейіне ие кадрлардың болуы.
- халықтың салықты төлеу қабілеттігі.
- муниципалды менеджмент келесі қызметтерді жүзеге асырады:
 - қалалар мен аудандардың әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларын, бағдарламаларын, сценарийлерін, болжамдарын талдау, бағалау және өңдеу;
 - муниципалды құрылымның еңбек потенциалын, оның ғылыми-техникалық және интеллектуалды ядросын арттыру және пайдалануды ынталандыру;
 - әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымды қолдау және дамыту;
 - халыққа қызмет көрсету бойынша бәсекелестікті, жарысты ұйымдастыру;
 - жергілікті бюджетті негіздеу, оны толықтыру және рационалды пайдалану;
 - бюджеттен тыс ресурстарды алу;
 - муниципалды меншікті иелену, тағайындау, рационалды пайдалану;
 - нарықтық ортаны, оның инфрақұрылымымен кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдай жасау;

- жұмыс орындарын ұйымдастыру, жұмысбастылықты оптимизациялау және муниципалды құрылым экономикасына демографиялық қысымды оптимизациялау;
- өзге қалалар және аудандармен экономикалық және өндірістік байланыстарды нығайту;
- жергілікті биліктің өзге аудандарда немесе шетелде орналасқан коммерциялық банктермен, инвестициялық, сақтандыру құрылымдарымен өзара әрекет етуі.

2. Муниципалдық менеджмент – аймақтық әлеуметтік-экономикалық жүйелерді басқаруды оқытатын экономикалық білімдер шеңберіндегі ғылыми пән.

Қазіргі экономикалық ғылымда «менеджмент» түсінігі рыноктік экономика мәселелеріне жауап беретін басқарудың тиімді типі ретінде қаралады.

Муниципалды менеджмент жергілікті меншікті басқару формасы ретінде жергілікті өзін-өзі басқаруға ұқсас.

Муниципалды менеджмент рыноктік қатынастар дамуы мен құрылуы жағдайында басқарудың жаңа жүйесі ретінде өте тиімді.

Басқарудың бұл түрі өзінің бастапқы этабында экономикалық дағдарыстар мен заңдық актілердің болмауы сияқты қиындықтарды өткерді.

Экономикалық бағыттағы мамандықтардың оқу үрдісіне енгізілген басқа да жаңа экономикалық пән тәрізді муниципалды менеджмент пәні де мемлекеттік және жергілікті басқару бойынша болашақ мамандардың игеруіне қажетті жаңа түсініктер, терминологиялар ұсынады.

«Муниципалды», «жергілікті» терминдері сөз тіркесі ретінде жергілікті өзін-өзі басқарудың барлық деңгейінде (кәсіпорын, ұйымдар, мекемелер, меншік объектілері) қолданылады. «Муниципалды меншік» түсінігі жергілікті құрылым (аймақ, қала, ауыл т.б.) меншігі деп ұйғарылады. Муниципалды меншікті жергілікті өзін-өзі басқару органдары басқарады. Муниципалды құрылымдардың жергілікті өзін-өзі басқару органдары бекітетін және сол арқылы қалыптасатын жергілікті бюджеті болады. Оларды мемлекеттік басқару органдарының қатысуымен және бақылауымен жүзеге асырып отырады.

Ғылыми пән ретінде муниципалды менеджмент көптеген экономикалық ғылымдармен, әсіресе экономикалық география және регионалистикамен тығыз байланысты.

Экономикалық география - өндіргіш күштерді орналастыруды, регионалистика – шаруашылықтың территориялық ұйымдасуын, экономикалық аудандарды, ал муниципалды менеджмент аймақ ішілік әлеуметтік-экономикалық жүйе мен оны басқаруды оқытады.

Берілген ғылыми пәндердің жалпы мақсаты – рынок құрылымы жағдайында халықтың өмірлік деңгейін көтеру болып табылады.

Муниципалды менеджмент бұлардан басқа да экономикалық ғылымдармен: менеджмент, маркетинг, экономикалық теория негіздері, экономикалық тарих, салалар экономикасы, статистика, психология т.б.

байланысты. Муниципалды менеджмент өзінің әрі қарай дамуы үшін аталған пәндердің әдістері мен қорытынды тұжырымдамаларын қолданады және сонымен бірге экономикалық білім салаларын өзінің мәліметтерімен толықтырады. Жергілікті басқаруға қатысты сұрақтар: табиғатты қорғау, санитарлық бақылау, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды жасау және оның өміршеңдігін қамтамасыз ету, халықтың жұмысбастандылығы сұрақтары, экономикалық байланыстарды нығайту мақсатында жергілікті қаржылық экономикалық тәуелсіздікті қамтамасыз ету, тұрмыстық және мәдени қызмет көрсету, халықты саудамен қамтамасыз ету, тарихи ескерткіштер мен мәдениетті сақтау болып табылады.

Ғылыми зерттеулерде муниципалды менеджментте көптеген ғылыми әдістер қолданылады, оның ішінде негізгілері:

- Нормативтік әдіс – жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, әлеуметтік-экономикалық дамудың болжамын және маңызды мәселелерін ұсынады. Бұл әдіс арқылы халықтың тауарлар мен қызметтерге деген қажеттілігі анықталады.

- Нормативтік әдіспен баланстық әдіс тығыз байланысты. Баланс салалар мен қосымша аймақ ішілік кешендердің арасындағы дұрыс арақатынасты дұрыс таңдауға мүмкіндік береді. Сол сияқты баланс тиімді аймақ ішілік және аймақаралық байланыстарды орнату үшін де қажетті.

- Жүйелік талдау әдісі – күрделі жүйелердің бүтіндігі мен байланысын қарастыратын әдіс. Бұл әдістің 3 этабы бар: басқару қызметінің шеңберін анықтау, жүйелік талдау жүргізу, белгілі мәселелер бойынша тиімді варианттарды таңдау, яғни бұл әдіс басқару мәселелері бойынша өте маңызды.

- Статистикалық әдіс. Барлық ғылыми әдістер бір-бірін толықтырып отырады. Бұл әдіс ұйымдастырушылық, экономикалық және әлеуметтік психологиялық әдістерге бөлінеді.

- Ұйымдастырушылық әдіс – нақты мақсатқа жету үшін өте қажетті. Бұл әдіске ұйымдастырушылық-тұрақтандырушы, бөлуші және тәртіп сақтау сияқты әдістер кіреді.


- Экономикалық әдіс – қойылған мәселелерге қаржылық, шаруашылық есептер жүргізу арқылы жету.

- Әлеуметтік-психологиялық әдіс - жергілікті қызметкерлердің қабілеті, темпераменті тағы басқа бойынша әлеуметтік-психологиялық факторларды қолдануға негізделеді.

Муниципалды менеджменттің міндеттері мен әдістемелік негіздері ҚР-ның заңдарымен, ҚР-ның Конституциясы, Үкіметтің Қаулысы мен аймақтық саясаттың негізгі бағыттарымен анықталады.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясында жергілікті өзін-өзі басқару іс-әрекеті мен ұйымдастырудың негізгі қағидалары бекітілген Сонымен қатар, Республика субъектілерінде – қалалар, аудандар, ауылдарда жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі әртүрлі. Бүгінгі күні ауылды жерлердегі жергілікті өкілетті билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару орнадары туралы

құқықтық база әлі қалыптаспаған. Жергілікті өзін-өзі басқару мемлекеттік биліктің үш буынының бірде біреуіне жатпайтын ерекше билікті білдіреді - құқықтық, атқару, соттық.



1 сурет - Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару құрылымы

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы аудандары, облыстарының жұмыс тиімділігі басқару құрылымының рационалдылық дәрежесімен анықталады сондықтан барлық облыстар мен аудандарда басқарушылық аппаратты қысқарту процесі жүруде. Бұл төмендегімен түсіндіріледі:

- басқарушылық аппарат аса зор;
- басқарушы жұмыскерлер әрекеттері жинақы емес;
- басқарушылық аппаратты қамсыздандыруға қаржы қаражаттары жеткіліксіз.

Көптеген экономистердің пікірінше, басқару шығындарының шамасы жергілікті басқарудың аймақтық объектісі табыстарының 10%-ынан аспауы

керек. Осы шектеулермен басқару аппаратының қызмет ету тиімділігі қысқаратын болады.

Реформалау жылдарында Шығыс Қазақстан аймақтарында ғылыми-техникалық прогрессті енгізудің жетіспеушілігі, еңбек және атқарушылық тәртіптің төмен деңгейі, әлсіз материалды-техникалық база, білікті кадрлардың жетіспеушілігі байқалған.

Соңғы уақытта басқаруда бірқатар жағымды алға жылжулар байқалған:

- әкімшіліктендіру аз байқала бастады;
- басқарма халық мәселелеріне, олардың өтініштеріне, ұсыныстарына неғұрлым ұқыпты қарай бастады;
- мәселелерді шешудегі шығармашылық бастаулар байқала бастады;
- іс-жүргізу жақсарды, іскерлік қағаздар, түрлі нұсқамалар ағыны қысқарды.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды қайта құрудың мәні келесі ережелермен үйлесім табады:

- әкімшіліктендіру мен бюрократиялық жағдайды алып тастау;
- дербестік құқығын беріп, өндірістік бағдарламалары орындау үшін жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жауапкершіліктерін арттыру;
- еркін әріптестік мен қызметтестікке негізделген аймақтар ішіндегі горизонталды экономикалық байланыстарды нығайту.

Аймақтағы меншік субъектілерінің өзара әрекет етуін жетілдіру келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылуы тиіс:

- біріншіден, өндіріс саласында (оның тиімділігі);
- екіншіден, қоршаған ортаны сауықтыру;
- үшіншіден, әлеуметтік дамуға, әлеуметтік инфрақұрылымды құруға үлес салымы артуы қажет;
- төртіншіден, әрбір басқару объектісінің экономикалық даму кешенділігі артуы қажет.

Қазіргі кезеңдегі муниципалды менеджменттің мәселелері қандай?

Қазақстан аймақтары, олардың таксономиялық бірліктері – қалалар, аудандар, ауылдық тұрғылықты жерлер нарыққа өту жағдайында терең де созылмалы әлеуметтік-экономикалық дағдарысты бастан кешуде, ол өндірістің құлдырауынан, әлеуметтік мәселелердің тереңдігінен, әлеуметтік инфрақұрылымның төменгі деңгейінен байқалады.

Осы мәселелердің аса бәсең шешілуі территориялды дамуды тиімсіз басқару жүйесімен байланысты. Республикада жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастырудың ортақ қағидалары туралы заң қабылданған жоқ. Ол үшін аймақтардың (микророналар) әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлеріне талдау жасау қажет. Осы мәселелермен муниципалды менеджмент сияқты экономикалық білімдердің ғылыми саласы айналысуы қажет. Муниципалды менеджменттің мәселелері:

- жергілікті өзін-өзі басқару объектілерінің даму болжамдарын өңдеу – қалалар, аудандар, ауылдар;

- осы әлеуметтік-экономикалық жүйелерді басқару бойынша әдістемелік құжаттарды өңдеу.

Аймақтардың (микророналар) өзін-өзі басқаруға өтуі, өзін-өзі қамтамасыз ету және өзі-өзі қаржыландыру жергілікті шаруашылықты территориялды басқарудың жана жүйесінің құрылуын, оның территориялды құрылымының жетілдірілуін талап етеді.

Аймақтық таксономиялық бірліктердің муниципалды меншіктерінің объектілері – мемлекеттік кәсіпорындар мен өнеркәсіп, құрылыс, жергілікті тағайындаудағы ауылшаруашылық ұйымдары, тұрғын үй қоры, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың қалалық және аудандық кәсіпорындары, тұрмыстық қызмет көрсету, сауда-саттық және қоғамдық тамақтану ұйымдары, жаппай мамандарды дайындау бойынша оқу орындары, денсаулық сақтау мекемелері, ағарту, көлік кәсіпорындары, аймақ, қала және аудан халқының қажеттіліктерін қызмет көрсететін өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым.

Муниципалды меншік жергілікті бағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың меншік қаражаттары есебінен, жергілікті әкімшілікке республикалық және сәйкес аймақтық бағыныштағы кәсіпорындарды жүргізуге беруден құрылады.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың ұйымдық-құрылымдық қайта құрылуы мынаны қарастырады:

- шартқа отыру негізінде жергілікті басқару органдары мен жоғарғы деңгей органдары арасындағы шаруашылық ету қызметтері мен салаларын бөлу;

- жергілікті билік органы жүйесінде жергілікті шаруашылықтың әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымын дамыту үшін өкілеттік пен ресурстарды ілеспелі шоғырландыру;

- қала мен аудан территориясында орналасқан барлық жергілікті басқару объектілерінің салааралық өзара әрекет етуін неғұрлым толық дамыту; іс-әрекеттің горизонталды координациясын ұйымдастыру;

- әлеуметтік және экономикалық дамудың жалпы аймақтық мәселелерін шешудегі қала мен аудандардың ұйымдық және экономикалық дербестігі;

- муниципалды өзін-өзі басқарудың қаржы-шаруашылық жүйесін нығайту (қалалық, аудандық, ауылдық), жергілікті билік органының инициативасын кеңейту және халықтың референдум мен жиналыстар арқылы жергілікті мәселелерді шешуге кеңінен қатысуын қамтамасыз ету.

Муниципалды басқару өзін-өзі ұымдастырудың әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси формасы ретінде кеңес пен әкімшілік арқылы жүзеге асырылады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдары жұмысын қайта құру мәселелерінің бірі - әреке етуші өндірістік құрылымды демонополизациялау, кәсіпорындарды кішірейту, филиалдар, цехтерді дербес заңды тұлғаға айналдыру.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдары бірлескен кәсіпорындардың, өндірістік кооперативтердің, акционерлік қоғамдар мен ассоциациялардың құрылуын ынталандыруы керек.

Муниципалды құрылымның инновациялық инфрақұрылымы дамуы қажет. Енгізу фирмаларын, кеңес беру, консалтингтік орталықтардың, лизингтік кәсіпорындардың құрылуы ынталандырылуы қажет.

Сонымен, муниципалды құрылымдардың (қалалар, аудандар, ауылдар) өзін-өзі басқару және аймақтық шаруашылық есеп-айырысу қағидаларына өтуі жергілікті сайлау органдарын (кеңес, әкімшілік) белсендендіреді, қаржылық базаны нығайтады, жергілікті билікті күшейтеді, әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына мүмкіндік береді, Қазақстан Республикасында нарықтық экономиканың қызмет етуінің әрекет етуші тетігіне айналады.

Осы мәселелерді шешу үшін сәйкес құқықтық және нормативтік база қажет.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. Муниципалды менеджмент пәнінің мәні, мазмұны
2. Муниципалды менеджмент пәнінің объектісі
3. Муниципалды менеджмент пәнінің зерттеу әдістері
4. Қазіргі кезеңдегі муниципалды менеджменттің мәселелері
5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару құрылымы

Муниципалды басқарудың даму тарихы

1. Көне Мысырда муниципалды менеджменттің қалыптасуы мен дамуы
2. Провинциалды жүйе және Принципат
3. Доминат дәуіріндегі империялық басқару жүйесі
4. Жергілікті өзін-өзі басқарудың Қазақстанда қалыптасуы

1. Көне Мысыр тарихы мемлекеттілік пен құқықтың ең әр түрлі аспектілерін талдау үшін бай материалмен қамтамасыз етеді.

Мысыр республикасының мемлекеттік құрылымы Мысыр елі азаматтардың шағын қоғамы болып табылған (бірнеше мың адам) жағдайларда қалыптаса бастады. Сондықтан жергілікті басқару жүйелері мысыр мемлекеттілігінің ең ерте кездерінде әрекет ете алмады.

Осы мемлекеттік модельдің негізі – тікелей демократия, ондағы басты билік органы осы шағын мемлекет территориясын құрайтын жер учаскесі меншік иелерінің халықтық жиналысы болып табылды. Осындай жиналыстарда азаматтар өздерінің орталарынан лауазымды тұлғаларды сайлап, осы қоғамдық міндеттерді атқару өте маңызды болып саналды.

Көне Мысырда мемлекеттіліктің осы моделінің қалыптасуы жаулап алушы соғыстармен қатар жүрді, оны мырыс қоғамы өзінің әрекет етуінен бастап өзінің көршілестерімен жүргізген. Алғашқы кезеңдерде жаулап алынған жерлер қоғамдық кеңістік (*ager publicus*) қатарына қосылған, және осы кеңістіктегі жер учаскелерін мысыр азаматтары алып, өңдей алды. Мысырлық жаулап алулар ауқымдарының кеңею шамасы бойынша қоғамдық кеңістік те арта түсті, бірақ осы жер қорының өсімі Аппенин құрлығы бойынша мысыр әскерінің жаулап алу қарқынына пропорционалды болған жоқ.

Италияны жаулап алу барысында мысырлықтар жаулап алынған территорияларды ұйымдастыру және олардың азаматтық қоғамы мен Мысыр Республикасы мемлекеттілігінің шеңберінен шығатын басқару жүйесін құру мәселесіне тап болды.

Мысырлық-италиялық одақтың негізгі құраушылары келесі категориялар болды. Одақтың ең жоғарғы деңгейінде Италияның түрлі бөліктерінде болған құрылымдар, яғни жоғарғы ранг муниципиялары (*municipia optimo iure*) мен мысыр колониялары болды (*coloniae civium Romanorum*). Оның негізгі халық бөлігін мысырлықтар мен мысырлық азаматтыққа ие болған азаматтар құрады. Мысырлық билік органдарына қатысу құқығынан басқа, олар өз құрылымы мен қызметтері бойынша Мысыр Республикасының органдарын қайталайтын меншік басқару органдарының жұмысына қатыса алды. Өзін-өзі басқарудың осы органдары жергілікті өмірдің барлық мәселелерін шешті, оған Мысыр араласпады. Муниципиялар Мысыр пайдасына белгілі міндеттерді атқарды: олардың тұрғындары мысыр әскерінде болды, Мысырмен бірге үшінші елге қарсы соғысқа қатысты, муниципиялар арқылы өтетін мысырлық лауазымды тұлғаларға азық-түлік, жатын орын ұсынды. Барлық мысырлық азаматтар сияқты муниципалдар әскери мұқтаждықтарға жиналатын цензормен бағаланған мүліктен (*tributum*) 1% шамасында тікелей салық төледі.

Төменірек мысырлық азаматтық құқықтарының жартылай бөлігіне ие муниципиялар тұрды (*municipia sine suffragio*), бірақ олар да өзін-өзі басқаруды пайдаланып, өмірдің жергілікті салаларын басқарған лауазымды тұлғаларға ие болды.

Мысырлық азаматтардан кейін Көне Италияның неғұрлым артықшылықты халық тобы болып латындар саналды. Әрбір латындық қоғам мысырлық азаматтыққа қосылмаған ерекше азаматтық топ болып (*civitas*) қала беріп, өзінің мемлекеттік өзін-өзі басқару жүйесін сақтады. Латындар мысырлық азаматтық қоғаммен тек белгілі бір ортақ құқықтарына ие болды, бірақ одақтастардың неғұрлым артықшылықты тобын құрады. Ерекше категория ретінде латындық колониялар (*coloniae latinae*) бөліп қарастырылды. Басқа одақтастар сияқты, латындар да дербес сыртқы саясатты жүргізу құқығынан айрылған.

Көне Италия халқының көпшілігі мысырлық азаматтықтың құқықтарына ие болмады, және олармен құралған қоғамдар шектеулі өзін-өзі басқару жүйесін пайдаланды. Олар Мысырмен теңсіз қатынастарда болды, бірақ оның билігін мойындап, өзіндік басқару мен өзіндік азаматтықты сақтады.

Ең соңында, мысырлық-италиялық қоғамның ең төменгі сатысында «берілгендер» (*dediticii*) болды. Италияны жаулап алу барысында олар мысырлықтарға ең мықты қарсылық көрсетіп, жеңіске жетушіге берілуге мәжбүр болды. Осы қауымдастықтардың тұрғындары Мысырда еш құқыққа ие болмады, және Мысыр олардың автономиясына еш құқық бермеді. Онда Мысырлық магистраттар жергілікті өмірді басқарды десе де болады, бірақ мұндай жағдай уақытша болды. Біртіндеп осындау қауымдастықтарда өзін-өзі басқарудың өз органдары құрылды, олардың іс-әрекеті Мысырдан бағытталатын префектілермен бақыланып отырды.

Барлық мысырлық одақтастар өздерінің ішкі құрылымдары бойынша полистер болып қала берді, қандай да болсын автономиясын сақтады және өздерінің өзін-өзі басқару органдарына ие болды, ал олардың іс-әрекетіне Мысыр араласпады десек те болады. Алайда олардың барлығы дербес сыртқы саясатты жүзеге асыру құқықтарынан айрылды, Мысырға әскери контингенттер мен қару-жарақты жабдықтады, Мысыр пайдасына қатысты жер бөліктеріне айрылды.

Италияны жаулап алғаннан кейін Мысыр Аппенин құрлығынан тыс соғыстарын жалғастыра берді. Алдымен Карфаген жеңіліске ұшырады – Батыс Жерорта теңізіндегі Мысырдың ең басты бәсекелесі, содан кейін Мысыр эллинистикалық мемлекеттермен соғыса бастады. Осы соғыстардың нәтижесінде б.з.д. III-II ғасырларда Мысырлық Жерорта еңізі державасы құрыла бастады.

Мемлекеттіліктің осы жаңа типі мысырлықтармен алдымен тәуелді мемлекеттер қағидасы бойынша құрылды. Жаулап алынған елдерде Мысыр өзінің қол шоқпарлық билігін үстемдік етті, ол өзінің іс-әрекетінде сондағы әрекет еткен басқару аппаратына сүйенді және Мысырға пайдалы саясатты жүзеге асыруға тырысты. Алайда осындай тәртіптер көбінесе сенімсіз болды: кейде династылардың өздері Мысырдың бұйрықтарына жүгінуден бас тартқан,

кейде олар өздерінің қоршаған ортасындағы қастандық құрбандарыа айналды, көбінесе жоғарыда аталған тәртіптер толқуларға айналған және мысырлық билікке қауіп төндірген мысырға қарсы көңіл-күймен күресуге қабілетсіз де болып қалды.

Сондықтан б.з.д. II ғасырдың бірінші жартысында мысырлықтар провинциалды жүйені құру қажеттілігін нақты түсінді. Бұл жүйе сұрапылды түрде қалыптасты, және осыған қатысты ешқандай жалпы құқықтық ережелер болған жоқ. Әрбір жаңа провинция елді жаулап алған легионды басқарушының ерекше бұйрығы бойынша ұйымдастырылды. Кейіннен Мысырдан наместник (проконсул, пропретор немесе проквестор рангіне тең) бағытталды, тәртіп бойынша, бұрынғы магистрат. Арнайы эдиктте ол өз басқармасының негізгі қағидаларын жариялады. Наместник әскери, азаматтық және соттық биліктің барлық тұтастығына ие болды, сондай-ақ өз өкілеттілігінің аяқталуына дейін ешқандай жауапкершілік артпады (әдетте 1 жыл).

Жероррта теңізі державасын құрумен бірге мысырлықтардың провинциалды басқару жүйесіне ауысуы Мысыр Республикасының саяси жүйесіндегі дағдарыстың басты себебі болды. Дағдарыс азаматтық соғыстардың бір дәуірімен толысты, Мысырдың мемлекеттік басқарудың монархиялық жүйесіне көшуі оның заңды нәтижесіне айналды.

2. Провинциалды жүйе және Принципат. Мысыр империясының саяси жүйесін құру Октавиан Августің (б.з.д. 30 ғ. – б.з. 14 ғ.) іс-әрекетінің нәтижесі болды, ол, өз кезегінде, өзінің алдындағы негізін салушылардың тәжірибелерін пайдаланып, айтарлықтай өзгертулерсіз екі жүз жылға таяу уақыт бойы әрекет еткен принципат жүйесінің негізін қалады.

Жергілікті басқару жүйесіне қатысты Август мысыр державасында қалыптасқан модельдерді пайдаланып, күрделі өзгерістерге ұшыратпады. Бұрынғысынша мысыр саясатының ортасында өзін-өзі басқарушы құрылымдардың сақталуы болды – қауымдастықтар, полистер, муниципиялар. Өзінің бір биліктілігін нығайту және сенаттың саяси мәнін әлсірету мақсатында Август провинцияларды бөлді. Ол сенатты басқаруға ескі және бұрынғы провинцияларды қойды, ал өзіне жақында ғана жаулап алғандарды алды. Ол осыны сенатқа еш ыңғайсыз жағдай әкелгісі келмегенімен түсіндіреді. Ал шын мәнісінде жаңа провинцияларда мысыр әскерінің үлкен де ең жақсы бөлігі шоғырланған, сонымен қатар, ескі провинциялар тоналып, ал жаңа провинцияларда байлық жетерлік болды. Әрекет етуші провинцияларды басқару жүйесі проконсулдар және пропреторлармен қатар, Август прокураторлар посттарын құрды, олар салт аттылар тарапынан жиналып, императорлық провинцияларға басқарушылар ретінде бағытталды және тікелей принципске бағынды. Бірақ, өзінің «отан атасы» мәртебелі лауазымын пайдалана отырып, Август «сенаттық» провинцияларға бұйрықтар беріп, оларды өзінің бақылауында ұстады.

Саяси жүйе ретіндегі принципаттың ерекшелігі бюрократияның толық болмауы болмаса да, империя ауқымдарымен салыстырғанда шенеуніктердің минималды саны болды. Республикадан мұра ретінде Империя көнелілік үшін

мемлекеттік шенге ие болған құлдардың шағын бюрократиясын (хатшылар) пайдалану жүйесіне ие болды. Сондай-ақ, осы шен неғұрлым жоғары болса, соғұрлым, тәртіп бойынша, оған ие болған адам бай болды, және сәйкесінше, өзінің мемлекеттік міндеттерін атқару үшін неғұрлым көп құлдарға ие болды. Жергілікті деңгейде Мысыр империясы өз міндеттерін мәртебелі борыш ретінде жіберіп, өз қызметі үшін мемлекеттік қазынадан ақша алмаған полистік кезеңдерден сақталған өзін-өзі басқару жүйесін сақтады. Нәтижесінде мемлекеттің басқарушылық аппаратқа кететін шығындары ұзақ уақыт бойы минималды болып қала берді.

III ғасыр принципат және доминат сияқты екі саяси жүйе арасындағы айқын бөлуші жүйеге айналды. Септимий Севердің өзі (193-211 жж.) бұрын пісіп жетілгеннің өзін жүзеге асырды, бірақ оның негізін салушылар бір нәрсені жүзеге асырмады. Ол толық монархия қағидасын өңдеп, жүзеге асыра бастады: император – жалғыз ғана билік көзі, ал оның еркі – жоғарғы заң Империяның барлық тұрғындары үшін. Сенат заң шығару және магистраттарды сайлау құқығынан айрылады, және осы құқық принциптің артықшылығына айналады. Барлығын өз орындарына қоятын мемлекеттік басқару реформасы жүзеге асады: дәстүрлі магистратуралар мен бюрократиялық лауазымдар арасында осы уақытқа дейін айтарлықтай эфемерлі болған айырмашылықтар жойылады, түрлі лауазымдар мен рангтердің бағыну жүйесі орнатылады, тіпті империялық бюрократияның қайсыбір милитаризациясы жүзеге асады. Соңында, сол жерлердегі басты билік болып табылған императорлық провинциалды әкімшілікті ұйымдастыру аяқталады, ал декуриондар салықтардың жиналуына ғана жауап беріп, қоғамдық міндеттерді атқаруды жалғастырады. Бюрократия және бюрократиялық басқару стилі мемлекеттік аппараттың барлық буындарына, тіпті әскердің өзіне тарала бастайды.

3. Доминаттың саяси жүйесі жеңілдетілген формула түрін білдірді, оған сәйкес император доминус-мырза болды, ал империяның барлық қалған азаматтары оның бағыншылары болды. Доминат шығыс деспотиясы елдерінде әрекет еткен жүйеге сәйкес сарайлық церемониалды енгізуді ұсынды. Императордың титулатурасы енді міндетті түрде «әулиелі» және «құдайшыл» терминдерді қамтыды. Сонымен қатар, доминат жүйесі шенеуніктік лауазымдардың қатаң иерархиясымен енгізіп, империяның бюрократиялық құрылымдарын рәсімдеді.

Құдайлық императордан төменірек азаматтық және әскери секцияларға бөлінген көптеген бюрократиялар орналасты, алаңда тіпті азаматтық шенеуніктер әдетте III ғ. бюрократия милитаризациясының мұрасы ретінде әскери киім киген. Бюрократиялық иерархия басында императорлық үкімет жұмысын басқарған преториандық префект отырды. Бюрократияның төменгі буыны кураторлар болды, оларды сол жерлерде сайлады және қалалық куриялар жұмысын қадағалады. Ескі республикалық институттар барлық саяси мағынадан айрылды. Ал императорлық шенеуніктер енді доминустың өзімен немесе иерархия бойынша жоғары лауазымды тұлғалармен сайланатын болды.

Сарайлық штат та, бюрократия да, әскер де өзінің қамсыздандырылуына

өте жоғары шығындарды талап етті, сондықтан Диоклетиан реформасының тағы да маңызды бағыттарының бірі – қаржыларды сауықтыру және салық салудың нақты жүйесін құру, мұндағы салықтық реформаның мақсаты салық салуды унификациялау болды.

Аталған реформаларға логикалық толықтыру ретінде әкімшілік реформаны да атап өтуге болады, онсыз доминат жүйесі қажетті нақтылықтан айрылар еді және ол Көне Мысырдағы жергілікті басқару жүйесінің эволюциясын аяқтады. Барлық Мысырдың империя 4 префектураға (префектер әскериге қарағанда азаматтық рөлге ие болды және империяны басқаруда тетрархтердің басты көмекшілері болды) және бірнеше провинцияларды біріктірген 12 диоцездерге бөлінді, олардың жалпы саны 100-ге жеткізілген. Провинциялар санын арттырудың мақсаты – шағын территорияларды тиімді басқару, сондай-ақ наместниктер билігі мен маңызын азайтып, сепаратистік толқулардың алдын алу. Италия өзінің бұрынғы артықшылықты мәртебесінен айрылды және әдеттегі провинцияларға теңестірілді.

Әкімшілік реформаны Диоклетиан өткізді және басқару реформасымен қатар Константинмен аяқталды, басқару реформасының мәні – орталық басқарманың түрлі буындары арасындағы қызметтерді неғұрлым нақты бөлу. Осылайша, барлық құқықтық мәселелер – заңдар мен рескриптерді дайындау, құқықтық кеңес берулер, императорға петициядан өту – «әділет министрінің» қолында шоғырланған болатын - Әулие Палатасының квесторы. Бұрынғыдай екі «қаржы министрлері» қоғамдық қаржылар мен императордың жеке мүліктеріне жауап берді. Губернаторлар мен қалалық кеңестерге дейінгі барлық азаматтық әкімшілік бірнеше аймақтық преториандық префектермен басқарылды, олар әскери қызметтерден айрылды, бірақ жоғарғы азаматтық магистраттарға айналды. Әрбір префект жоғарғы сот ретінде әрекет етті және ұсақ эдиктерді шығарды. Ол өз қаржысы мен бюрократиясына ие болды. Сарайлық лауазымдар мен сарайлық штаттарға тағайындау, сондай-ақ императорлық бюрократияның неғұрлым ұсақ деңгейлері пошталық коммуникация жүйесі және мемлекеттік агенттер желісімен бірге (*agentes in rebus*) кеңсе басшысымен қадағаланды, ал ол осымен бірге император аудиенциясын және сарайлық церемониалды жүргізді.

4. Жергілікті өзін-өзі басқарудың табиғаты мен теориялық негізіне деген көзқарас ХІХ ғасырда қалыптасты. Бұл теорияның жинақталған сипаттамасы 1-кестеде бейнеленеді.

Теория (тұжырым)	Негізгі белгілері
1. Қоғамдық теория	Мемлекеттік іс пен қауымдық істі қатаң шектемелеу.
1.1. Шаруашылық теория	Дербес шаруашылық қауымның басымдығы.
1.2. Заңдық теориясы	Заңдық қауымның басымдығы.

1.3. Саяси теория	Лауазымды тұлғалар қауымының мемлекеттік қызмет ісінен бөліну принципінің басымдығы.
2. Мемлекеттік теория	Қауымдық іс жүзеге асыру үшін жергілікті мекенге берілетін мемлекеттік істің бір бөлігі.
3.Қоғам-мемлекеттік теория	Қауыммен жергілікті және мемлекеттік қызметтердің орындалуы.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың қоғамдық теориясының (еркін қауым теориясы) өкілдері: Д.Гнейст, Э.Майер, О.Лабанд, О.Ресслер және т.б. Олардың пікірінше, Конституциялық биліктің үш тармағына заң шығарушы, атқарушы, сот төртінші қоғамдық билік тармағын қосу керек. Мемлекет қауымды құрмайды тек оны мойындайды. Қауым құқық пен орталық биліктен тәуелсіз күнелту (тіршілік) әрекетін иеленуі қажет. Қауым билігін ұстаушы – халық.

Қауымдық істің ортасы мемлекеттік істен бөлектенген, сондықтан мемлекет оның ішкі ісіне араласпайды. Жергілікті өзін өзі басқарудың лауазымды тұлғалары мемлекеттік шенеуніктер бола алмайды. Бұл теорияның кемшілігі жергілікті өзін өзі басқару істе ғана мойындалмай сонымен қатар мемлекетпен реттеледі. Мемлекеттің жергілікті өзін-өзі басқаруға толық араласпауы мүмкін емес.

Өзін-өзі басқарудың қоғамдық теориясының бір түрі – шаруашылық теориясы. Бұл теория өкілдерінің пікірінше (Р.Моль, А.Васильчиков) өзін өзі басқару функциясы қатаң шаруашылықтық. Бұдан қауымның дербестігі мен қызметіне мемлекеттік қадағалаудың жоқтығын аңғаруға болады. Бірақта қауымның биліктік функциясы практикада тәжірибеде тек қана шаруашылықтық болуы мүмкін емес .

Заңдық теорияда жергілікті өзін-өзі басқару органдары мемлекеттік орган болып саналмайды, дегенмен мемлекеттің басқару функциясының бір бөлігін атқарып, қауымдық болып табылады. Сондықтан жергілікті өзін-өзі басқару органдарының үкіметпен бекітілетін органдардан ерекшелігі сайлау арқылы (органдардың) тағайындалуларында.

Өзін-өзі басқарудың саяси теориясына сәйкес жергілікті өзін-өзі басқарудың лауазымды тұлғалары кәсіби шенеуніктерге жатпайды. Себебі өз қызметтерін үкіметтің бекітуімен емес, жергілікті халықпен сайлану арқылы жүргізеді. Өзін-өзі басқару ең алдымен мемлекеттік қызметке тұрмаған, азаматтардың дербестігінен көрініс табады. Сондықтан таңдауларында өз еркілерін ашық білдіреді.

Мемлекеттік теория өкілдері жоғарыда айтылғандарға қарама қайшы ойда. Жергілікті өзін-өзі басқару-мемлекеттің бір бөлігі, сондықтан мемлекеттік іс пен қауымдық істі ажыратуға болмайды. Бұл теорияға сәйкес қауымдық іс-жергілікті жерде орындалуға берілетін мемлекетті істің бір бөлігі. Қауымдық биліктің көзі-мемлекет. Кез келген басқару мемлекеттік іс болып табылады, сондықтан жергілікті қоғам мемлекеттен оқшауланбай, мемлекеттік мүддемен

мақсат үшін қызмет атқарады. Кеңес дәуірі жергілікті билікті ұйымдастыруда осы теорияны практика жүзінде іске асырды. Алайда мемлекеттік пен жергілікті іс арасындағы принципті өзгешеліктерді ескерген жөн.

Жергілікті немесе муниципалық өзін өзі басқару тарихи тұрғыда рулық қауымда адам қоғамының алғашқы ұяшығында пайда болған. Осылайша өзін өзі басқару мен қауым мемлекеттен ерте дамыған. Қазіргі түсінігіміздегі жергілікті өзін-өзі басқару XVIII-XIX ғасырларда қалыптаса бастады. Сол кезеңде алғашқы өзін өзі басқару теориясы мен муниципалдық қызметті реттеуші мемлекеттік заңнама пайда болды (Англияда, Францияда Пруссияда жінет.б). Соңғы 200 жылда жергілікті өзін өзі басқару құрылымы әлемге таралды. Еуропалық мемлекеттерде, АҚШ-та, Жапонияда, Австралияда, Түркияда және т.б көптеген елдерде жергілікті өзін өзі басқару құрылымы заңмен рәсімделіп, жергілікті халық проблемаларының шешілуінен көрініс тапты. Аймақтың және жергілікті биліктің бірігіп қызмет атқаруы үшін Еуропа кеңесіндегі елдер арнайы жергілікті және аймақтық биліктің екі палаталы (аймақтық және жергілікті) Конгресін, Еуропалық Хартияның қабылдауымен құрылды.

Өзін-өзі басқарудың егжей-тегжейлі өңделген механизмі, тәртібі муниципалдық ғылым мен муниципалдық қызметтерді дайындау жүйесінің берік дәстүрін қалыптастырды. Батыс елдерінде жергілікті өзін өзі басқарудың англосаксондық және француздық үлгілері таралған.

Англосаксондық (Англия, АҚШ, Канада, Австралия) үлгі мемлекеттік басқару құрылымын орталықсыздандыруда және билікті бөлшектеуді, сонымен бірге жергілікті өзін өзі басқару жүйесінің барлық төменгі деңгейлерде (штаттарда, провинцияларда) болуын білдіреді. Бұл үлгіде мемлекет саналы түрде елде қалыптасқан тарихи және құқықтық жағдайға байланысты аймақтық және жергілікті мәселелерді осы басқару органдарына табыстайды.

Француздық үлгіде жергілікті мемлекеттік басқару жүйесінде шешуші роль префектіден бас кеңесшіге берілген. Мұндай үлгі орталықсыздандыру, орталық билікті бөлшектеу бойынша реформалау жүргізу барысында қалыптасқан. Басқару жүйесін орталықсыздандыру қоғам өміріне мемлекеттің үнемі тікелей араласуынан туындайды да, ұлттық деңгейде қабылданатын шешімдерде көбінесе жергілікті халықтың мүддесі ескерілмей қалады.

Германия, Австрия, Бельгия және т.б елдер жергілікті өзін өзі басқару құрылымында англосаксондық және француздық үлгілердің элементтерін араластыра отырып қолданады.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыруда федеративті мемлекеттер өзіндік белгілерімен ерекшеленеді. Онда заң бойынша Жергілікті өзін өзі басқарудың мемлекеттік өкілі федералдық билік емес, провинцияның, штаттың билігі жүзеге асырады. АҚШ-да құқықтық реттелу штат көлемінде жүзеге асырылады. Оған қарамастан жергілікті өзін-өзі басқару органдары қажет болған жағдайда федералдық билікке жүгіне алады. (Мысалы: федералдық гранттарды алғанда, федералдық жобаларға қатысқанда және т.б)

Қазақстанда жергілікті өзін өзі басқару тамыры рулық, тайпалық қауым мен көшпелік өмір кезеңінен бастау алады. Ру басылары мен тайпа көсемдері

көшпенділер жиындары мен құрылтайларында сайланған. Олардың қызметіне келіспеушіліктерді шешу, әскерді жасақтау мен басқару кірген. Рулық өауымдар қоғамда үлкен бедел мен дербестікті иеленген. Қазақстанның Ресей империясының құрамына енгеннен соң елдегі басқару құрылымына түрлі өзгерістер енді. 1867-1868 жылдарғы реформаның нәтижесінде қазақ ауылдары мен округтары Ресей империясының әкімшілік-терриориялық бірліктеріне айналды.

«Жергілікті әкімшілік» қатаң сатылы басқаруға біріктірілді. 1936 жылы Қазақ ССР-ның құрылғанымен республикадағы орталықтандырылған әкімшіл-әміршіл басқару жүйесі өзгермеді. 1937 жылғы Қазақ ССР-ң конституциясында жергілікті өзін-өзі басқару туралы былай деген: «Облыстарда, райондарда, қалаларда, қыстақтар мен ауылдарда мемлекеттік биліктің органдары - кеңестердің халық депутаттары болып табылады. 1978 жылғы Қазақ ССР-нің Конституцияда жергілікті өзін-өзі басқару туралы мүлдем қарастырылмаған. Сол кезеңде билік қызметінің бөлінуіне тотолитарлық мемлекет жол бермеді. 1991 жылы 15 ақпанда жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ Советтік Социалистік Республиканың жергілікті кеңестерінің халық депутаттары туралы» жергілікті өзін өзі басқаруды растайтын алғашқы ресми мемлекеттік акті қабылданды. Бірақ, бұл заңда мемлекеттік басқару мен жергілікті басқарудың ара жігі ажырамаған.

1993 жылы қабылданған Конституцияда демократиялық қоғамның институты жергілікті өзін-өзі басқару туралы айтылмаған. 1995 жылдың 30 тамызында қабылданған Конституцияда мемлекеттік басқару жүйесінің негізгі қағидалары мен бағыттары нақты белгіленген. Конституцияда жергілікті өкілетті органдарға (89бап) – облыстың, ауданның, қаланың мәслихаты; жергілікті атқарушы органдарға – облыстың, ауданның, қаланың, ауылдың әкімшіліктері жатады деп берілген. Қазақстан Республикасының үкіметімен соңғы 14 жылда заңдық –құқықтық база негізінде (Қазақстанның 2030 жылға дейінгі стратегиясы, Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспар Үкіметтің 2005-2007 жылға бағдарламасы, Аймақ саясатының 2002-2006 жылға тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» заңы) мемлекеттік басқару саласында реформалар жүргізілді. Орталық және жергілікті билік органдарының қызметтері бөлініп, жергілікті мемлекеттік басқару органдарына заң шегінде дербестік берілді.

Өзін-өзі басқарудың өз нұсқасына Қазақстан 2001 жылы алғашқы қадамдарын тәжірибе жүзінде 28 әкімшілік-территориялық бірлестіктердегі ауыл әкімдерінің сайлауынан бастады. Бұл сайлауда жергілікті өзін өзі басқарудағы Еуропа Хартиясының принциптері ұсталды, яғни тұрғылықты халық тікелей дауыс беру арқылы өкілді органды, сосын өкілді органның өкілдері –атқарушы органның басшысын –әкімді сайлады. Таза күйінде ешбір шетелдік жергілікті өзін өзі басқару үлгісін Қазақстанға көшіруге болмайды.Бізде өзіміздің дәстүріміз ерекшеліктеріміз өзіндік менталитетіміз бар. Транзитті елдердің тәжірибелері мен Қазақстан тәжірибесін ескере отырып, жергілікті өзін-өзі басқарудың өзіндік құрылымын таңдауымыз керек.

Жергілікті өзін-өзі басқару процесінің дамуы тұрғылықты азаматтардың белсенділігін көтереді. Бірақ тәжірибе көрсеткендей, Президенттің орнықты дамуымыздың кілті әлеуметтік бірлестікте деп ұран еткенімен, азаматтық қоғамның дамуы жайлы бұқаралық ақпарат құралдарында басылымдардың көбейгенімен, халықтың белсенділігі төмен. Мысалы: көптеген үкіметтік емес ұйымдар халықаралық фондтардың көмегімен жергілікті басқаруға батыстық тәжірибелер негізінде еліміздің халқын тарту құралдары пайдаланылды. Бірақ олар күткендей нәтижелі болмады. Бұған дәлел халықтың сайлауға қатысу үлесінің төмендегі аумақтағы әлеуметтік-экономикалық бағдарламалардың жүзеге асырылуына немқұрайлықпен қараулары. Басты себебі, жергілікті басқаруда шешім қабылдауда демократияның тәжірибеде іске асырылмауында халық ынтасының жеткіліксіздігі; «үшінші сектордың» әлсіздігі; әлеуметтік бірлестік механизмінің дамымауы; орталықтандырылған мемлекеттік биліктің күштілігі және т.б

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. Мысырлық-италиялық одақтың негізгін құраушы категориялар
2. Провинциялардың бөлінуі мен саяси жүйе ретіндегі принципаттың ерекшелігі
3. Бюрократиялық құрылымдардың қалыптасуы
4. Диоклетиан реформасының маңызды бағыттары
5. Жергілікті өзін өзі басқарудың шетелдік үлгілері

Жергілікті атқарушы және өкілетті билік органдарының арақатынасы

1. Жергілікті өзін-өзі басқару шеңберіндегі мемлекеттік билік органдарының уәкілдігі
2. Территориялық (аумақтық) басқару және оны жүзеге асыру жолдары
3. Қазақстан Республикасының әкімшілік-территориялық құрылымының жүйесі

1. Жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңдылықтар жергілікті басқару органдары мен оның жауапты тұлғалардың шешімдерді орындау міндеттерін анықтайды. Бұл міндеттер мен шешімдерді орындамаған жағдайда заңдарға сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Жергілікті басқару азаматтардың мемлекетпен байланысын, олардың мемлекеттік басқаруға қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ететін өркениетті мемлекеттің маңызды институттарының бірі ретінде қарастырылады (2-сурет).



2 сурет - Жергілікті басқару органдарының мемлекеттік билік жүйесі

Муниципалдық қызмет – жергілікті өзін-өзі басқару органдарында олардың уәкілдігін орындау боцынша тұрақты негіздегі кәсіптік қызмет.

Муниципалдық қызметтің негізгі міндеттері:

- Муниципалды құрылым территориясындағы азаматтардың және адамдардың еркіндігімен құқықтарын мемлекеттік қызметпен қатар қамтамасыз ету;

- Жергілікті мәні бар сұрақтарды халықпен бірге шешуді қамтамасыз ету;

- Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының уәкілдігі төңірегіндегі шешімдерді дайындау, қабылдау, орындау және бақылау;

- Муниципалды құрылымдағы заңды мүдделерді және құқықтарды қорғау;

Муниципалды қызмет төменгі принциптерге негізделі:

- Заңдылық;

- Жергілікті өзін-өзі басқару қызметінің мәні мен мазмұнын анықтайтын адамдар, азаматтар еркіндігі мен құқықтарының басымдықтары;

- Кәсіптік дайындығы, қабілеті, қызметтегі жетістіктеріне сәйкес муниципалды қызмет лауазымына азаматтардың еркін қол жеткізуі (доступ);

- Муниципалды құрылым халықтардың алдындағы жергілікті басқарудың жауапты тұлғаларының жауапкершілігімен бақылаушылығының болуы;

- Муниципалды қызметті жүзеге асыру жарналылығы;

- Муниципалды қызметкерлердің жете білушілігі мен кәсіпқойлығы;

- Муниципалды қызметкерлердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуы.

Муниципалды шаруашылық – бұл муниципалды құрылым территориясында халықтың ұжымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған шаруашылық іс-әрекетті жүзеге асыратын кәсіпорындар мен мекемелер жиынтығы.

Муниципалды шаруашылық мемлекеттік шаруашылықтан өндірістік іс-әрекет саласындағы кең құқықтардың болуымен, ең алдымен меншік ресурстарын басқарумен, ал жеке шаруашылықтан іс-әрекет нәтижелерін пайдаланудың қоғамдық сипатымен айрықшалады.

Муниципалды шаруашылық анықтамасынан қоғамға маңызды қызметтерді атқаратын кәсіпорындар мен мекемелердің шағын саны олардың іс-әрекетін координациялауды қажет ететіндігін байқауға болады. Дәл осы қызметті тәжірибеде жергілікті өзін-өзі басқару органдары атқарады.

Муниципалды басқару – муниципалды шаруашылық көмегімен заңмен анықталған формаларда жүзеге асырылатын қоғамдық мүдделерді қанағаттандыруға бағытталған жергілікті өзін-өзі басқару органдарының іс-әрекеті.

Осы анықтама негізінде муниципалды қызметтің мемлекеттік билік органдары қызметінен ерекшеліктерін көрсетуге болады. Олар да муниципалды шаруашылықтың екі жақтылық табиғатынан туындайды, себебі муниципалды қызметкер тікелей шаруашылық іс-әрекет үшін қажетті білімге ие болуы керек, және осы мағынада оның іс-әрекеті кәсіпкерліктен аса айрықшаланбайды. Екінші жағынан, іс-әрекет саласында алынған пайданы бөлудің қоғамдық сипаты және муниципалды құрылым территориясында өздерінің шаруашылық іс-әрекеттерін жүзеге асыратын өзге меншік иелерінің шаруашылық мүдделерін реттеу мемлекеттік қызметке тән білім мен дағдыны талап етеді.

Муниципалды басқару:

Keң мағынада	Тар мағынада
Осы территориялды жүйелерде мемлекеттік, діни және муниципалды билік органдарымен және басқарумен, экономикалық мемлекеттік емес құрылымдамен, саяси партиялармен және өзге де халықтың қоғамдық дербес ұйымдарымен, конфессиялармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен жүзеге асырылатын ұйымдық-экономикалық қатынастар жиынтығы	өкілеттік шеңберінде ЖӨБ органдарының күштері және құралдарымен қалалар мен аудандық жерлерде әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси реттеу тәжірибесі туралы сөз қозғалып отыр

«Муниципалды шаруашылық» түсінігін анықтау үшін ұсынылған әдістеме мыналардан туындайтын тәсілдемені қамтиды:

1. Муниципалды шаруашылық – бұл муниципалды құрылым территориясында іс-әрекеттерін жүзеге асыратын кәсіпорындар мен мекемелердің жиынтығы.

2. Осы кәсіпорын және мекемелермен жүзеге асырылатын іс-әрекет қоғамдық мүдделерді қанағаттандыруға бағытталған.

3. Іс-әрекетті табиғаты бойынша түрлі субъектілер жүзеге асырғандықтан, олардың іс-әрекетін қадағалайтын субъект қажет.

Муниципалды шаруашылық элементтері:

- Іс-әрекеттері муниципалды құрылым халқының мүдделеріне толық бағынышты муниципалды кәсіпорындар;

- Іс-әрекеттері муниципалды құрылым халқының қоғамдық мүдделерін жүзеге асырумен жартылай байланысты өзге кәсіпорындар мен мекемелер;

- Жергілікті өзін-өзі басқару органдары.

Әрбір аталған элементтердің ролі әртүрлі. Муниципалды кәсіпорындар қандай да болсын өз нәтижелері қоғамдық мұқтаждықтарға бағыттайды. Өзге кәсіпорындар мен мекемелер нормативтік (нормативті және құқықтық тәртіпте жүктелетін міндеттемелер түрінде) немесе қоғамдық (формасы бойынша еркін) мәжбүрлеуге байланысты қоғамдық мүдделерді жүзеге асыруға мәжбүрлі.

2. Қоғамдық еңбек бөлінісі өндірістік процестің одан әрі дифференциалдануына әкеледі, мұндағы мамандану тек салалық ғана емес, сондай-ақ территориялық аспектіде де дамиды. Бұл ведомствалық және территориялды жергілікті мүдделерін қамтамасыз ететін шаруашылық етудің салалық және территориялық жақтардың жүзеге асырылу формасы ретінде қатысатын салалық және территориялық өндірістің ұйымдастырылуында көрініс табады:

– қандай да бір салаға жататын және табыс әкелетін өнімді өндіру және өткізумен байланысты шаруашылық субъектілердің мүдделері, соңғы есепте салалық және ведомстволық мүдделер ретінде көрініс табады. Шаруашылық етуші субъектілер өздерінің шаруашылық іс-әрекеттерінің әлеуметтік салдарларын бағалауға, сондай-ақ оның қоршаған ортаға ықпалын бағалауға

мүлдем қызығушылық тудырмайды. Жеке тұлғалар немесе кәсіпорын ұжымдары салалық ведомстволық мүдделердің тасушылары ретінде қатысады;

– территориялды жергілікті экономикалық мүдделер адамдардың қоныс аударушы ұжымдарының әлеуметтік-экономикалық жағдайлары өзгерісінің қарқынымен сипатталады. Мұндай сипаттамаларға мыналар жатқызылады: территорияларды кешенді дамыту, шаруашылық салалары мен өндірістік емес салалардың ұдайы өндірістері, қоршаған орта жағдайлары, халықтың жұмысбастылығын қамтамасыз ету, адамның демалысы мен интеллектуалды дамуы үшін жағдай жасау, өмір сүру қауіпсіздігі және т.б. Территориялды, жергілікті мүдделердің тасушылары – осы территорияда өмір сүретін және территориялды өндірістік қатынастар арқылы өзіндік мүдделерін жүзеге асыратын халық болып табылады.

Біқпал етудің салалық және территориялды түрлері басқару жүйесі арқылы жүзеге асырылады, ол фирма деңгейінде дирекциямен құрылса (фирмаішілік басқару немесе менеджмент), ал халық шаруашылығы деңгейінде – мемлекетпен құрылады (мемлекеттік басқару немесе реттеу).

Салалық және территориялды басқару әлеуметтік-экономикалық дамуды реттеу немесе басқарудың бірегей процесінің екі аспектісімен қарастырылады. Алайда халық пен қоныс аударушы ұжымдар мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған тек мемлекеттік салалық және территориялды басқару мен олардың үйлесуінің жеткіліксіздігі мынадан байқалады:

- өмір сүруші халық мүдделерін талқылау мен тану бәсеңдейді,
- территориялды ресурстардың бірқатарлары тиімсіз қолданылады,
- шығармашылық потенциал мен халықтың белсенділігі жеткілікті қолданыс таппайды,
- территориялды құрылымның әлеуметтік-экономикалық дамуы саласындағы басқарушылық шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру процестері оның халқынан алшақтатылған.

Территориялды өзін-өзі басқарудың территориялды басқаруды алмастырмай, тек басқару жүйесін барлық халықшаруашылық кешенмен толықтыратынын айта кетейік.

Территориялды басқару өндіргіш күштерді орналастыру және дамытуды ұйымдастыру, сондай-ақ халықшаруашылығы мүдделерінен шыға отырып табиғи ресурстарды айналымға тарту тәсілдерін жетілдіру мақсатында қандай да бір аймақта мемлекеттік қызметкер сияқты мамандармен жүзеге асырылатын іс-әрекетті білдіреді.

Территориялды өзін-өзі басқару – белсенділік, шығармашылық потенциал мен өзіндік ұйымдастыру арқылы қоныс аударушы адамдар топтарының мүдделерін қанағаттандыру мақсатындағы іс-әрекет.

Осылайша, «территориялды өзін-өзі басқару» категориясы орналастыру типі мен орнына байланысты құрылған бір қауымдастық шеңберінде азаматтардың территориялды экономикалық мүдделерін жүзеге асыру барысында туындайтын өндірістік қатынасты білдіреді. Қалыптасқан экологиялық жағдай тұрғысынан қауымдастық мүшелері тең, сондықтан оларда экологиялық жағдайды жақсарту, халықтың тиімді жұмысбастылығын

қамтамасыз ету, бәсекеқабілетті өндірістерді құру, әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени инфрақұрылымды дамытуға деген жалпы қызығушылық туындайды. Аталмыш қауымдастық өзін-өзі басқару субъектісі болып табылады және өздерінің нақты іс-әрекеттері процесінде олар территориялды, жергілікті мүдделерін жүзеге асырады.

Территориялды өзін-өзі басқарудың критериалық белгісі – азаматтарды орналастыру орны. Орналастыру теориясында алғашқы бірлік ретінде орналастыру пункті қарастырылады.

Жергілікті өзін-өзі басқару территориялды өзін-өзі басқарудың төменгі деңгейін білдіреді және аталмыш орналасу пункті азаматтарының жергілікті мүдделерін жүзеге асыру процесінде қалыптасатын өндірістік қатынастарды сипаттайды.

ҚР Конституциясының 85-бабына сәйкес жергілікті мемлекеттік басқару сәйкес территориядағы істердің жағдайына жауапты жергілікті өкілетті және атқарушы органдарымен жүзеге асырылады.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» 2001 жылдың 23 қаңтар айындағы Қазақстан Республикасы Заңының 1 бабының 1 пунктіне сәйкес жергілікті мемлекеттік басқару – сәйкес территорияда мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, нақты Заңмен және өзге де құқықтық актілермен анықталатын өкілеттілік шеңберінде оны дамыту мақсатында сәйкес территориядағы істер жағдайына жауапты болып табылатын жергілікті өкілетті және атқарушы органдармен жүзеге асырылатын іс-әрекет.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың экономикалық негіздері жөніндегі Еуропалық хартия. Хартияның 9 бабының негізгі ережелері. Жергілікті өзін-өзі басқару (ЖӨБ) дегеніміз жергілікті өзін-өзі басқару органдарының бұқаралық істердің айтарлықтай бөлігін реттеп, өз жауапкершілігі мен жергілікті халық мүддесіне қатысты заң шеңберінде әрекет ете отырып, оларды басқару құқығы мен нақты қабілеттігі.

3. Қазақстан Республикасы аумағының республикалық және жергілікті мүдделерін қолайлы ұштастыру негізінде мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру негізгі екі категорияға - аймақтарға және елді мекендерге бөлінеді.

Аймақ - республиканың бірнеше елді мекендері енгізілетін, оның мүддесі үшін құрылатын және басқарылатын республика аумағының бір бөлігі.

Республикалық әкімшілік-территориялық құрылымның негізгі буындары ретінде облыс, аудан және ауылдық (селолық) округ аймақтар болып табылады.

Елді мекен - республика аумағының халық жинақы орналасқан, кемінде 50 адамы бар, азаматтардың шаруашылық және басқа қоғамдық қызметі нәтижесінде қалыптасқан, заңда белгіленген тәртіпте есепке алынған және тіркелген, жергілікті өкілді және атқарушы органдар басқаратын бір бөлігі.

Қазақстан Республикасы аумағындағы елді мекендер қалалық және селолық елді мекендерге бөлінеді.

Қалалық елді мекендерге республикалық, облыстық және аудандық маңыздағы қалалар, сондай-ақ олардың әкімшілік бағыныстылығының

аумағындағы поселкелер; селоларға - олардың әкімшілік бағыныстылығына қарамастан қалған барлық елді мекендер жатады.

Халқының саны 400 мың адамнан асатын облыстық маңызы бар қаладағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аудан қаладағы аудан болып табылады.

Қалалар және басқа елді мекендер:

1) республикалық маңыздағы қалаларға бөлінеді, бұларға ерекше мемлекеттік маңызы бар және, әдетте, бір миллион адамнан астам халқы бар елді мекендер жатқызылуы мүмкін;

2) облыстық маңызы бар қалаларға бөлінеді, бұларға саны 50 мың адамнан асатын, дамыған өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымы бар, ірі экономикалық және мәдени орталықтар болып табылатын елді мекендер жатқызылуы мүмкін;

3) аудандық маңызы бар қалаларға бөлінеді, бұларға аумағында өнеркәсіп орындары, коммуналдық шаруашылығы, мемлекеттік тұрғын үй қоры, оқу және мәдени-ағарту, емдеу мен сауда объектілерінің дамыған жүйесі, кемінде 10 мың адам халқы бар, оның халқының жалпы санының үштен екісінен астамы жұмысшылар, қызметшілер мен олардың отбасы мүшелері болып табылатын елді мекендер жатқызылуы мүмкін;

4) поселкелерге бөлінеді, бұларға өнеркәсіп орындарының, құрылыстардың, темір жол стансаларының және басқа экономикалық маңызды объектілердің жанындағы, кемінде 3 мың адамы бар, оның кемінде үштен екісі жұмысшылар, қызметшілер және олардың отбасы мүшелері болып табылатын елді мекендер жатқызылуы мүмкін;

- кемінде екі мың адам халқы бар, оның жыл сайын емделу мен тынығу үшін келетіндер саны кемінде тең жартысын құрайтын, емдік маңызы бар жерлерде орналасқан елді мекендер де поселкелерге теңестіріледі; оларға қалалықтардың жазғы демалыс орындары болып табылатын, ересек халқының кемінде 25 проценті ауыл шаруашылығымен ұдайы айналысатын саяжай поселкелері де жатқызылуы мүмкін;

5) ауыл (село) - саны кемінде 50 адам болатын, халқының кемінде жартысын ауыл, орман және аңшылық шаруашылығында, бал ара шаруашылығында, балық аулау мен балық өсіру шаруашылығында жұмыс істейтін қызметкерлер, олардың отбасы мүшелері және денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары құрайтын елді мекен;

6) халқының саны кемінде 50 адам шаруа және басқа да қоныстар ең жуық елді мекеннің құрамына енгізіледі.

Аймақтық деңгейде әкімшілік-территориялық құрылым мәселелерін шешу үшін:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі немесе облыстық өкілді және атқарушы органдардың мәселені өз мәнісінде шешетін (бірлескен) ұсынымы;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің енгізілетін ұсыныс жөніндегі тиісті өтініші және оның тиімді екендігінің негіздемесі, өзгертілетін аумақтың көлемі,

онда тұратын халықтың саны туралы мәліметтер, негізгі кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың тізбесі, олардың өндірістік көрсеткіштері, бұлардың әрқайсысында істейтін жұмысшылардың саны, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құрылымы мен штаттары туралы, қайта ұйымдастыруға байланысты олардың өзгеруі туралы мәселені өз мәнісінде шешу үшін қажетті барлық басқа мәліметтері бар ұсынымы;

3) жергілікті (облыстық, аудандық, қалалық) өкілді және атқарушы органдардың, поселкелер, ауылдар (селолар), ауылдық (селолық) округтер әкімдерінің қаралатын мәселе жөніндегі ұсыныстары;

4) әкімшілік-аумақтық бірліктердің жаңа шекаралары, мәселені өз мәнісінде шешу үшін маңызы бар өзге де жағырапиялық деректер көрсетілген схемалық карта қажет. Картаға Үкіметінің өкілі, сондай-ақ аумақтық қабылдайтын және беретін өкілді және атқарушы органдардың басшылары қол қояды, қойылған қолдар мөрмен қуәландырылады;

5) жүргізілетін қайта құрулар мен аттарын өзгерту жөніндегі ғылыми сараптаманың актісі және экономикалық есеп-қисап қажет.

Аумақтар шегінде әкімшілік-территориялық құрылым мәселелерін шешу үшін қажетті құжаттар мен материалдардың тізбесі

1) мәселені өз мәнісінде шешетін өкілді және атқарушы органның бірлескен қаулысы;

2) шешілетін мәселенің мәнісіне қатысты азаматтар конференцияларының хаттамалары;

3) енгізілетін ұсыныс тиімділігінің негіздемесі, өзгертілетін аумақ, оның халқының саны туралы мәліметтер, елді мекендердің өнеркәсіптік және басқа да объектілердің тізбесі, сондай-ақ мәселені өз мәнісінде шешу үшін қажетті барлық басқа мәліметтері бар түсіндірме жазбаша хат;

4) елді мекендердің жаңа шекаралары және мәселені өз мәнісінде шешу үшін маңызы бар өзге де жағырапиялық деректері көрсетілген схемалық карта. Картаға өзгертілетін аумақтың өкілді және атқарушы органдарының басшылары қол қояды;

5) жүргізілетін қайта құрулар мен аттарын өзгерту жөніндегі ғылыми сараптаманың актісі және экономикалық есеп-қисап.

Қазақстан Республикасы әкімшілік-территориялық құрылысының жүйесіне мынадай әкімшілік-аумақтық бірліктер кіреді: ауыл (село), поселке, ауылдық (селолық) округ, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс.

1. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылыс туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда көзделгендерден өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Әкімшілік-территориялық бірліктерді құру, тарату, олардың шекараларын белгілеу және өзгерту, оларға ат қою және олардың атын өзгерту туралы шешімдер қабылдайтын органдар:

Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі, жергілікті өкілді және атқарушы органдар өз өкілеттіктері шегінде әкімшілік-аумақтық бірліктерді құру және тарату, олардың шекараларын белгілеу және өзгерту, оларға ат қою мен олардың атын өзгерту туралы шешімдер қабылдайды.

Облыстарға, аудандарға, қалаларға ат қою мен олардың аттарын өзгертуге байланысты шығындар бюджет қаражаты есебінен жұмсалады.

Әкімшілік-территориялық бірліктерге ат қою және олардың атын өзгертуге, атауларының транскрипциясын нақтылау жөніндегі жұмысты ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің және облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана) атқарушы органдар жанынан ономастикалық комиссиялар құрылады.

Тұрақты халқының саны елу адамнан асатын және дербес елді мекендер деп саналатын қоныстар есепке алынады және тіркелуге жатады.

Қызметтік мақсаттағы объектілер болып табылатын жалғыз үйлер, фермалар, қоныстар (орманшылардың, жол қараушылардың, жол шеберлерінің үйлері, зайымкелер, қыстаулар, дала қостары, метеостансалар және т.б.) әкімшілік немесе аумақтық тұрғыдан байланысты елді мекендер құрамында есепке алынады.

Қалалардың, кенттердің немесе ауылдардың (селолардың) құрамына енгізілген және олардың бір бөлігіне айналған елді мекендер, сондай-ақ тұрғындарының бәрі кетіп қалған немесе қоныс аударған қоныстар дербес әкімшілік-аумақтық бірліктер мәртебесінен айырылады және есепті деректерден шығарылады.

Қазақстан Республикасының әкімшілік-территориялық құрылымының жүйесін қалыптастыру тарихына қысқаша шолу жасайық.

1925 жылдың сәуірінде Қазақстанның орталығын Орынбордан Ақмешітке көшіру туралы шешім қабылданды. Орынбор алты жыл бойы әуелі Қазревкомның, кейіннен Қазақ АССР-інің үкімет органдары орналасқан қала болғанымен, ел астанасы деп ресми атала қойған жоқ. Сол кездің құжаттарынан, баспасөзі мен әдебиетінен астана деген атуды кездестіре қоймаймыз. Ал Ақмешітті Қазақ елінің шын орталығы ету жөнінде ұйғарым алынғанда, кеңестік республика астанасының атауында мешіт сөзінің тұруы сол кездің идеологиясымен үйлесе қоймағаны анық. Орталық ұғымындағы орда сөзінің кәдеге асқаны сонда. Революция символы қызыл сөзімен кірігіп, Қызылорда атаулы қала пайда болды. Алайда, бір қиындығы ендігі жерде «Қазақстанның ордасы Қызылорда» деген қосарлы тіркес тұрақты қолданылуы тиіс еді.

1929 жылы астана Алматыға қоныс аударғанда Ілияс Жансүгіров «Жана астана» атты очерк жазып: «Алматыға Қазақстан орталығы көшіп келді. Алматы—астана болды. Қазақстан ортасы—ордасына орнықты. Қазақстан еңбекшілерінің ұйтқысы—орталық, өкімет мекемелері басты ұйымдар жана қонысына ірге тепті» деп қуанды. Қазақстан орталығы, Қазақстан ортасы, ордасы деген түсініктерді Ілияс та астана сөзімен жарыстыра қолданады. Бір кездегі сарай, орда, астана сөздерінің елдің қоғамдық саяси өміріне, тарихи кезеңдеріне байланысты мәні, атқарар жүгі алмасып отырған тәжірибеге

сүйенсек, астана енді қала атауына түпкілікті ауысып, ол ұғымның қызметін басқа балама атқаруы тиіс. Мыңжылдық қолданбасы бар, бір кездерде осы мағынаны білдірген орда атауының елорда түрінде қайта оралуы бүгінгі Астанамызға шартты құбылыс.

Елорданы Алматыдан Астанаға көшіру тәуелсіз мемлекеттің алғашқы стратегиялық шешімдердің қатарында тұр. Бұл мәселені Президент Н.Назарбаев тұңғыш рет 1992 жылы көтерген болатын. Жоғарғы кеңестің елорданы көшіру туралы шешімі елдің аса маңызды оқиғалары хронологиясында 1994 жылғы 6 шілде болып белгіленді. 1998 жылғы 6 мамырға дейін Ақмола деп аталған Астана, Президенттің Жарлығымен 1997 жылғы 10 желтоқсанда Қазақстан Республикасының елордасы деп жарияланды. 1998 жылғы 10 шілдеде Қазақстанның жаңа елордасы—Астананың халықаралық тұсауы кесілді. 1999 жылы Астанаға ЮНЕСКО-ның «Бейбітшілік қаласы» деген наградасы берілді. Бұл атақ қысқа мерзім ішінде әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуда неғұрлым әсерлі әрі қуатты өсуге, тұрақты этникааралық қатынасты орнықтыруға қол жеткізе алған ғаламшардың жас қалаларына беріледі. Бразилияда өткізілген бұл конкурста, Астана барлық өлшемдер бойынша әлемнің әр түрлі елдерінің он екі қаласын басып озды. Астана өте серпінді дамуда. Елорда көшірілген кезден бастап қала экономикасына салынған инвестиция көлемі 3,5 млрд. доллардан асты. 2007 жылға дейін Астананың құрылысына 238,6 миллиард теңге көлемінде қаражат жұмсалды. Астананың ойдағыдай дамып келе жатқанының белдігерін оның халқының жедел өсуінен байқауға болады. Елорданы көшіру жарияланған жылы мұнда не барі 225 мың адам тұратын. 2004 жылы елорда тұрғындарының саны екі есе өсіп, жарты миллионнан асып кетті. 1998 жылы Астана еркін экономикалық аймақтың WEPISA халықаралық қауымдастығына кірді. Әлемнің 15 қаласы Қазақстан елордасының бауырлас қалалары болып табылады, олардың арасында Мәскеу, Берлин, Будапешт, Варшава, Минск, Киев, Анкара, Рига, Бангкок және басқалары бар.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. Муниципалдық қызметтің негізгі міндеттері
2. «Муниципалды шаруашылық» түсінігі
3. Қазақстан Республикасы аумағының елді мекендерге бөлінуі
4. Қазақстан Республикасының әкімшілік-территориялық құрылымының жүйесін қалыптастыру тарихы

Өкілетті және атқарушы билік органдарының басқарудағы ұйымдық іс-әрекетінің негізі

1. Жергілікті өзін-өзі басқару билігі
2. Жергілікті басқарудың құқықтық актілері
3. Жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастырудың негізгі принциптері

1. Жергілікті өзін-өзі басқару шеңберіндегі мемлекеттік билік органдарының уәкілдігіне кіреді:

- Жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастырудың жалпы принциптері жайлы заңдарды қабылдау, өзгерту, оның орындалуын қадағалау;
- Мемлекеттік меншіктегі объектілердің муниципалды меншікке берілу тәртібін заңдармен реттеу
- Мемлекеттік минималды әлеуметтік стандарттарды құру
- Республиканың бюджет пен жергілікті бюджет арасындағы қатынастарды реттеу;
- Жергілікті өзін-өзі басқарудың даму бағдарламаларын қабылдау;
- Жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыруда азаматтардың құқын қорғау мен реттеу;
- Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңдарды бұзғандығы үшін жауапкершілігін анықтау және реттеу;
- Муниципалды қызмет негіздерін реттеу;
- Шектеулі территориядағы жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдарының ерекшеліктерін ескеру.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен жауапты тұлғаларына төмендегідей жауапкершіліктер жүктеледі:

- 1) муниципалды құрылым халқының алдындағы жауапкершілігі
- 2) мемлекет алдындағы жауапкершілігі
- 3) жеке және заңды тұлғалар арасындағы жауапкершілігі
- 4) әкім – Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің жергілікті атқарушы органды (ол құрылған жағдайда) басқаратын және тиісті аумақта мемлекеттік саясаттың жүргізілуін, ҚР орталық мемлекеттік органдардың барлық аумақтық бөлімшелерінің үйлесімді қызмет істеуін, тиісті бюджеттен қаржыландыратын атқарушы органдарға басшылықты қамтамасыз ететін, ҚР-ның заңдарына сәйкес мемлекеттік басқару өкілеттігі берілген, тиісті аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының жай-күйіне жауапты өкілі;
- 5) әкім аппараты – жергілікті атқарушы органның (ол құрылған жағдайда) және әкімнің қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік мекеме;
- 6) мәслихат аппараты – тиісті мәслихаттың, оның органдары мен депутаттарының қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік мекеме;
- 7) жергілікті бюджеттен қаржыландыратын атқарушы орган – жергілікті мемлекеттік басқарудың жекелеген міндеттерін жүзеге асыруға әкімдік уәкілеттік берген және тиісті жергілікті бюджеттерден қаржыландыратын мемлекеттік мекеме;

8) мәслихат сессиясының төрағасы – мәслихат депутаттарының арасынан сайланатын, мәслихат сессиясында ұйымдастырушылық-билік ету қызметін жүзеге асыратын, мәслихаттың лауазымды адамы;

9) жергілікті мемлекеттік басқару – осы заңда және басқа да заң актілерінде белгіленген құзырет шегінде жергілікті өкілді және атқарушы органдар тиісті аумақта мемлекеттік саясатты жүргізу, оны дамыту мақсатында жүзеге асыратын, сондай-ақ тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауапты болып табылатын қызмет;

10) жергілікті өкілді орган (әкімият) – облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;

11) жергілікті атқарушы орган (мәслихат) – облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) немесе ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) халқы сайлайтын, халықтың еркін білдіретін және ҚР-ның заңдарына сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды белгілейтін және олардың жүзеге асырылуын бақылайтын сайланбалы орган;

12) мәслихат сессиясы – мәслихат қызметінің негізгі нысаны;

13) әкімшілік-аумақтық бөліністі басқару схемасы – тиісті аумақта орналасқан, тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің бюджетінен қаржыландыратын атқарушы органдар жүйесі;

14) орталық мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі – тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс шегінде орталық атқарушы орган міндеттерін жүзеге асыратын орталық атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі.

Жоғарғы Кеңес өзінің таралуы алдында 1993 жылдың 10 желтоқсанында «Жергілікті өкілетті және атқарушы органдары туралы» Заңды қабылдап, онда жергілікті басқару органдарының мүлдем басқаша үлгісін енгізеді. 1995 жылдың 30 тамызында қабылданған Конституцияда мемлекеттік басқару жүйесінің негізгі қағидалары мен бағыттары нақты белгіленген. Конституцияда мемлекеттік басқарумен (85-бап) қатар жергілікті өзін-өзі басқару да (89-бап) берілген. Онда жергілікті өкілетті органдарға – облыстың, ауданның, қаланың мәслихаты; жергілікті атқарушы органдарға – облыстың, ауданның, қаланың, ауылдың әкімшіліктері жатады деп берілген.

Ал 2001 жылдың қаңтарында «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңы қабылданды (соңғы өзгерістер 2006 жылдың 10 қаңтарында енгізілді).

Қазір «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» Заң жобасы көпшіліктің талқылауына 2006 жылдың қазан айында берілді, ол 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді.

Жергілікті билікті заң екі институт функциясымен қамтамасыз етті, олар: мәслихат және әкім. Нәтижесінде облыс және аудан әкімшіліктеріне өкілеттіктерінің бөлінісі қандай екендігі анық емес. Болмаса, барлығында бірдей өкілеттілік пе? Осы және көптеген мәселелерге жауап беру мақсатында бүгінгі күні мемлекеттің алдына қойып отырған мәселелер көлемі ауқымды. Олардың қатарында, ең алдымен жергілікті өзін-өзі басқару заңын қабылдау

үшін орталық пен жергілікті жерлердің арасындағы өкілеттіктердің нақты ажыратылуы, бюджетаралық қатынастардың реттелуі, жергілікті бюджеттердің табыс көздерінің бекітілуі, жергілікті жерлерде өндіргіш күштердің сол жердің ресурстарын есепке ала отырып орналастырылуы сияқты басты мәселелер шешімін нақты табуы тиіс. Сондықтан жергілікті деңгейде осы екі орган арасындағы функциялар мен өкілеттіктерді бөлуді және қай деңгей қандай мәселелер бойынша жауапты болатындығын анықтап алу абзал.

Мәслихат – ол белгілі бір аумақ халқымен сайланатын орган. Мәслихатты сайлау және оның пайда болуы халықаралық стандарт талаптарына жауап береді. 2001 жылдың 23 қаңтарында қабылданып, 2006 жылдың 10 қаңтарында өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңына сәйкес мәслихат өкілетті орган ретінде төмендегі функцияларды орындайды:

- Аумақтың жоспарын, экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламаларын, жергілікті бюджетті, оның отқарылуы туралы есепті бекіту;
- Қоршаған ортаны қорғау бойынша бағдарламаларды бекіту;
- әкім ұсынған әкімшілік-аумақтық бірлікті басқару сызбасын бекіту;
- әкімнің ұсынысы бойынша әкімияттың жеке құрамын мәслихат сессиясының шешімімен келісу;

- атқарушы органдар жетекшілерінің есептерін қарау, мәслихат шешімімен орындамаған ұйымдардың, мемлекеттік басқару органдарының лауазымды тұлғаларын жауапкершілікке тарту бойынша тиісті органдарға ұсыныс беру;

- ҚР заңдарына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету өкілеттіктерін іске асыру;

- ҚР әкімшілік құқық бұзушылық Кодексіне сәйкес тәртіпті бекіту;

- Жергілікті бюджеттің, жоспардың, экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламаларының орындалуына бақылау;

- Мәслихаттың тұрақты комиссиясын және басқа да органдарын құру, олардың қызметтерінің есептерін тыңдау;

- Халықты еңбекпен қамту және кедейшілікпен күресу бағдарламасын бекіту;

- Ведомствоаралық сипаттағы мәселелер бойынша әкімият жанынан консультациялық кеңестің жеке құрамын әкімнің ұсынысымен бекіту;

- ҚР Жер заңдары бойынша жер қатынастарын реттеуді жүзеге асыру;

- ҚР Конституциялық нормаларын, заңдарын, Президенттің актілерін, ҚР Үкіметінің нормативтік құқықтық актілерін орындауға қатысу.

Облыстық деңгейде:

- Кепілдендірілген медициналық қызмет көрсету;

- Ақысыз білім беру;

- Экологиялық сараптама;

- Аудан әкімдерінің жұмысын үйлестіру;

- Алыс-беріс бойынша шешім қабылдау туралы әр Мәслихат ұсыныстарын қарауға енгізу;

- Мемлекеттік стандартты сақтауды қамтамасыз ету;
- Мемлекеттік мекемелер мен олардың штаттарын құру.

Осы аталғандардың ішінде мемлекеттік билікті орталықсыздандыру, билік арасында өкілеттіктерді бөлуде көптеген қиындық туындататын тұстары да бар, мысалы, экологиялық сараптаманы облыстарға беруге қарсылар бар, олардың пайымдауынша, мұндай жағдайда әр облыстан бір-бір зертхана ашуға тура келеді, оның үстіне кадр мен қаржы ресурстары тапшы. Яғни экологиялық сараптама республика деңгейінде болуы тиіс.

Ал аудан деңгейінде:

- Жауынгерлікке жазылу, әскери қызметін өтеуге шақыру, азаматтық қорғаныс мәселелері бойынша шараларды ұйымдастыру; тұрғын үй қорын бөлу;
- Қоғамдық орындарды көркейту мәселелерін шешу;
- Ведоствоаралық сипаттағы мәселелер бойынша косультациялық кеңес беру органын құру жөнінде міндеттер бар, олардың қатары жұмыссыздықпен күрес және атаулы әлеуметтік көмек беру мәселесімен толығыуы мүмкін. Бірақ бұл да екі ұшты мәселе, себебі, ауылда жұмыссыздарды қайта даярлайтын мектеп жоқ, оны ұйымдастыруға ауыл халқының ақшасы да жоқ. Сондықтан жұмыссыздықпен күрес жоғары деңгейде қалу керек деген пікірлер де бар. Солай болғанына қарамастан, бірқатар мамандар жергілікті өзін-өзі басқару институтын енгізсек, аталмыш проблемалар оңай шешіледі деп те ұйғарады.

2. Жергілікті мемлекеттік басқару саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыретін, қызметінің ұйымдастырылуын, тәртібін, сондай-ақ мәслихаттар депутаттарының құқықтық жағдайын белгілейтін нормативтік құқықтық актілердің іргесін қалайтын қолданыстағы Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады.

Жергілікті мемлекеттік басқару дегеніміз – бұл Заң актілерінде белгіленген құзырет шегінде жергілікті өкілді және атқарушы органдар тиісті аумақта мемлекеттік саясатты жүргізу, оны дамыту мақсатында жүзеге асыратын, сондай-ақ тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауапты болып табылатын қызмет.

Жергілікті мемлекеттік басқару жүйесінде әкімшілік-аумақтық бөліністің әрқилығынан көрініс табады, оның қызметінің экономикалық және қаржылық негіздерін, әрине, жергілікті бюджет, коммуналдық заңды тұлғаларға бектіліген мүлік, сондай-ақ заңға сәйкес коммуналдық меншіктегі өзге де мүлік құрайды. Алайда, мәслихаттар мен әкімияттарға міндеттер, талаптар мен шектеулер қойылады, олардың негіздеріне жататындар:

1) жалпы мемлекеттік сыртқы және ішкі саясатқа, қаржы және инвестициялық саясатқа сәйкес келмейтін шешімдердің қабылдануына жол бермеу;

2) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасының мүдделерін сақтау;

3) қызметтің қоғамдық маңызы бар салаларында белгіленген жалпы мемлекеттік стандарттарды ұстану;

4) азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету.

Аумақты дамытуға байланысты мәслихаттар мен әкімияттар қабылдайтын жоспарлар еліміздің стратегиялық даму жоспарларына сәйкес келуі тиіс, әрі оларға бәрыңғай еңбек рыногын, капиталды, қаржыны қалыптастыруға, тауарлар мен қызмет көрсетуді еркін алмасуға кедергі келтіретін шешімдер қабылдауға тиым салынады.

Жергілікті басқарудың құқықтық актілері:

- нормативті акті – іс-әрекеттің жалпы ережесін қамтиды (мөлшер, құқық). Оның көмегімен муниципалдық қатынастар реттеледі, жергілікті деңгейде муниципалды құқық нормалары құрылады.

- Жеке акті (нормативті емес) – жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінде ұйымдастырушылық, орындаушылық және бақылаушылық қызметін жүзеге асыру үшін қолданылады. (муниципалды лауазымды белгілеу жөніндегі бұйрық, тәртіпті бұзушылық шараларына байланысты т.б.).

3. Жергілікті өзін-өзі басқару – бұл жергілікті мәні бар сұрақтарды шешуді өз жауапкершілігіне алатын және халықтың қызметін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін халық өкіметі.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастырудың құқықтық, экономикалық, қаржылық негіздері бар. Құқықтық негіздерін ҚР-ның Конституциясы, жергілікті өзін-өзі басқару сұрақтарын реттеуші заңдылықтар, облыстық заңдар, жергілікті өзін-өзі басқару туралы ережелер құрайды. Экономикалық негіздерін табиғат ресурстары (жер, су, орман т.б.), қозғалатын қозғалмайтын мүліктер, жергілікті бюджет қоры, жекелеген мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыру үшін жергілікті өзін-өзі басқаруға берілген мемлекеттік меншік т.б. құрайды.

Қаржылық негіздерін жергілікті бюджет қорлары алынған несие ресурстары, мемлекеттік билік органдарынан алынған территориялық қоғамдық өзін-өзі басқару органдарының қаржылары құрайды.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастырудың негізгі принциптері:

- Елді мекендердегі халықты басқару құқының болуы;
- өздерінің жеткілікті түрде материалдық-қаржылық ресурстарының болуы;

- мемлекеттік билік органдарынан жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ұйымдасқан түрде өзімен-өзі болушылығы.

- Жергілікті өзін-өзі басқару қызметінің және ұйымдастырушының заңдылығы;

- Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының сайланатындығының болуы
- Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және оның жауапты тұлғаларының өз қызметтерін орындауды халық алдындағы жауапкершілігі.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жататындар:

1) жергілікті қауымдастық кеңесі – тұрғылықты 1000 және одан көп адамның тұратын тиісті елді мекенінің халқы сайлайтын, оның мүшелерінен

құрылған, жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілді органы. Кеңес мүшелерінің саны он адамнан аса қоймайды.

Тұрғындары 1000 адамнан кем елді мекендерде Кеңестің функцияларын тиісті елді мекен азаматтарының жиыны жүзеге асырады.

2) жергілікті қауымдастықтың жәмияты – жергілікті өзін-өзі басқарудың Жетекші басқаратын атқарушы органы болып табылады.

3) жетекші – жергілікті өзін-өзі басқарудың атқарушы органдарының басшысы. Оны тиісті елді мекеннің халқы сайлайды. Егер оның өкілеттілігі тоқтатылатын болса, онда Жәмияттың да өкілеттілігі тоқтатылады. Оған, мүшелікке әрбір 18 жасқа толған және тиісті жергілікті қауымдастықтың аумағында Қазақстан Республикасының азаматы сайлана алады.

Кеңестің (Жиынның) құзыретіне жататын мәселелер:

1) тиісті жергілікті қауымдастықтың кірістері мен шығыстарының сметасын бекіту және өзгерту, оның орындалуына бақылау жасау;

2) жетекші және Кеңестің мүшелерін сайлау (қайта сайлау) туралы мәселені жергілікті қауымдастықтың алдына қою;

3) атқарылған жұмыс туралы және тиісті жергілікті қауымдастықтың кірістері мен шығыстары сметасының орындалуы туралы Жәмияттың есептерін тоқсан сайын кемінде бір рет тындау;

4) тиісті жергілікті қауымдастық мүшелерінің өз еркімен салық төлеу туралы шешімдерін қабылдау;

5) жергілікті қауымдастық өз еркімен салық төлеу тәртібімен белгіленген алымдардың, айыппұлдардың, ставкалары мен мөлшерлерін бекіту;

б) жергілікті қауымдастықтың мүлікке билік етуіне келісім беру және т.б.

Кеңестің өкілеттілігінің тоқтатылу негіздері:

1) оны құрудың заңдарда белгіленген тәртібінің бұзылуы;

2) ол сайланған мерзімінің бітуі;

3) жергілікті қауымдастық аумағының әкімшілік мәртебесінің өзгеруі;

4) жасырын дауыспен өзін-өзі тарату туралы шешімінің қабылдануы және т.б.;

5) сот тәртібімен заңсыз деп танылған шешімдердің қабылдануынан көрінетін, Қазақстан республикасы Конституциясы, заңдары бірнеше рет (екі және одан да көп) бұзылған;

б) заңдарда көзделмеген әрекеттер жүзеге асырылған жағдайларда тиісті жергілікті атқарушы органның ұсынысы бойынша, тиісті мәслихат Кеңестің өкілеттілігін мерзімнен бұрын доғаруы мүмкін.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының актілеріне жататындар: қаулылар (Кеңес қабылдайды), шешімдер (Жәмият), бұйрықтар (Жетекші).

Жоғарыда сөз болып кеткендей жергілікті өзін-өзі басқару органдарының деректерін іс жүзіне асырған кезде кепілдік беріледі, оның мәнісі құқықтық құралдармен қамтамасыз ету; соның ішінде жергілікті маңызы бар мәселелерді шешекенде оларды ұйымдастыру мен материалдық қаржы еркінділігімен; жергілікті өзін-өзі басқарудың құқығын қорғау және оған қолайлы мүмкіншілікті тудыру.

Негізгі принциптері мыналар:

1) жоғарыда айтылып кеткендей, жергілікті маңызы бар мәселелерді тұрғын халықтың өзі шешуінің дербестігі (тікелей, өзін-өзі басқару органдарын сайлау арқылы, т.б.). Жергілікті өзін-өзі басқаруды іс-жүзіне асырудың нақты нысандарын, органдарының құрылымдарын халық дербес анықтайды. Бұлардың барлығы да Жарлықтарда айқындалуы тиіс;

2) мемлекет пен қоғамды басқару жүйесінде жергілікті өзін-өзі басқару өзіндік ұйымдастырылушылығымен оқшаулануы (ол мемлекеттік билік органдарының жүйесіне кірмейді, оның құрылымын халық анықтайды). Ол өз қызметін мемлекеттік органдармен және оның лауазымды адамдарымен бірлесіп атқарады. Оның байланысы мынада:

а) жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құрылымына, оның лауазымды адамдарының тағайындалуына мемлекет органдары мен лауазымды адамдарының ықпалының жоқтығы;

ә) жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыруға мемлекет органдары мен лауазымды адамдарының қатыспауы;

б) жергілікті өзін-өзі басқарудың лауазымды адамдардың мемлекеттік қызметкерлер ретінде есептелінбеуі;

в) жергілікті өзін-өзі басқару органдарының шешімін тек оны қабылдаған органдар мен лауазымды адамдар ғана жоя алады, немесе олар соттың шешімімен жарамсыз деп танылуы мүмкін. Мұндай актілердің қолданылуы прокурордың наразылығы бойынша тоқталуы мүмкін;

3) жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыру оның ұйымдастырушылық нысандарының әр алуандылығымен ерекшеленеді (бұл азаматтардың тікелей және өкілді демократия арқылы іске асыруы). Мұның өзі көптеген себептерге байланысты. *Біріншіден*, оның ұйымдастырылуына Қазақстан республикасының біртұтас мемлекет ретінде дербестігі мен тәуелсіздігі өз ықпалын тигізуі мүмкін. *Екіншіден*, Қазақстан Республикасы – көп ұлтты мемлекет, оның көптеген региондары өзіндік ерекшелігімен, соның ішінде тарихи және басқа да жергілікті дәстүрмен айрықшаланады. Осының барлығы да жергілікті өзін-өзі басқаруды іске асырған кезде, әрине, әсер етпей қалмайтындығы сөзсіз. *Үшіншіден*, тұрғылықты халықтың өздері де жергілікті өзін-өзі басқарудың өзге де нысандарын қалап алулары мүмкін;

4) жергілікті өзін-өзі басқару өзінің функциясын іс жүзіне асыруға қажетті материалдық-қаржы құралдарымен қамтамасыз етілуге тиісті.

5) Қазақстан Республикасының Конституциясы, өзге де заңдары олардың экономикалық және қаржылық дербестігіне де кепілдік береді, соның ішінде, коммуналдық мүліктің меншікке берілуін қамтамасыз етілуі.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен жауапты тұлғаларына қандай жауапкершіліктер жүктеледі
2. Мәслихаттың өкілетті орган ретіндегі орындайтын функциялары
3. Жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастырудың негізгі принциптері

Жергілікті басқару органдарындағы іс-әрекетті жоспарлау

1. Қазақстандағы экономикалық жоспарлау жүйесі
2. Әлеуметтік-экономикалық дамудың стратегиялық жоспарларын жүзеге асыру және өңдеу тәртібі
3. Қазақстан аймақтарындағы бағарламалы-мақсатты жоспарлау.
4. Әкімшілік қызметінің жұмыс жоспары

1. Қалыптасудың алғышқы күндерінен бастап-ақ адамзат басқарылмайтын стихиялар алдында өзінің қорғалмағанын сезінді. Осылайша, алғашқы қорқыныштар мифтер мен діндердің пайда болуына әкелді. Әлеуметтік-экономикалық прогресс пен өркениеттің даму қарқыны бойынша адамзат өзінің алдыңғы қатарлы ойшылдары тұлғасында экономикалық саладағы қадамдарды экономикалық жоспарлау жолымен стихиядан қорғануға болады деген ойға келді. Жоспарды ХХ ғасырдың ерекше діні деп және оның кереметтеген мифі деп санауға болады.

Осылайша, экономикалық жоспарлаудан өткен ғасырда саяси тәртіп сипаты мен меншік формасынан тәуелсіз түрде барлық мемлекеттер өтті деуге болады: социалистік және капиталистік, фашистік және демократиялық, авторитарлы және либералды, индустриалды және аграрлы.

Экономикалық жоспарлау мен мемлекеттік реттеу біздің санамызда социализм дәуірі және оның әміршіл-әкімшіл моделіне сәйкес келсе, алайда тарихи шындық үшін экономидеуге тура келеді. Бірақ жоспарлаудың тмырлары сонау алыста жатыр. Пирамидалар авторлары мен көнедегі өзге керемет жобалардың авторлары оларды барлық сәйкес элементтерді есептеусіз жүзеге асыра алмас еді.

Директивті және индикативті жоспарлау пайда болуының тарихи аспектілері. Жоспарлау социалистік экономиканы мемлекеттік реттеудің басты әдістерінің бірі ретінде Кеңес Одағында ХХ ғасырдың 20-жылдары пайда болды. Дәл сол кезеңде Одақ Үкіметі мемлекеттің экономикалық даму жоспарларын құрастыра бастады, онда жекелеген халықтық комиссариаттар (министрліктер) үшін тапсырмалар (директивалар) түрінде елдің негізгі даму мақсаттарына сәйкес нақты көрсеткіштер құралды. Осы жоспар-құжаттар алдымен бі жылға, кейіннен бес жылға өңделе бастады.

1992 жылдан бастап Кеңес Одағының құлдырауымен елдегі орталық басқару органдары жоспарлаудан толығымен бас тартты. Сол кезде мемлекет иелігінен шығару және мемлекеттік мешікті жекешелендіру процесі басталды, олар бағаларды ырықтандырумен (бағаларды жалпымемлекеттік реттен бас тартып, тауарлардың көпшілігіне қатысты әлемдік бааларға және тарифтердің ақылы болуына көшу), сыртқыэкономикалық нарыққа шаруашылық субъектілерінің еркін ауысуымен бірлесе отырып, өзін-өзі реттеуші шаруашылық механизмінің енгізілуін қамтамасыз етуге тиіс еді. 90 жылдардың басындағы реформаторлардың пікірінше, Ресейде құрылатын нарықтық экономика экономиканы реттеуге мемлекеттің араласуын қажет етті, себебі ол жеке меншік қалыптасуының нормативтік-құқықтық базасының құрылуын

және ұлттық шаруашылықтардың қазіргі кезеңде жоқ секторларын құруды қамтамасыз етуге тиіс еді, мысалы, ақша-несиелік, шағын бизнес және басқалары. Мемлекет шеңберінде жоспарлауды толық жою мүмкін деп және қаржылық көрсеткіштерді ғана реттеумен айналысуға болады деп есептелінді. Бұл монетаристік дүниетанымдарға сәйкес келді, олар соңғы жиырма жыл аралығында халықаралық қаржы ұйымдары оларды дамушы елдер экономикасына енгізуде. 1998 жылдағы Ресейдегі дағдарыс, біздің ойымызша, экономикадағы жоспарлаудың орны мен ролі туралы мәселеге қайта оралуға мүмкіндік береді.

Индикативті (ұсынушылық) жоспарлау – шаруашылық агенттердің әрі қарай дамуы бойынша жоспарлар мен болжамдарды қабылдау жолымен үкіметтің әлеуметтік-экономикалық саясатын жүзеге асыру құралы, ол тікелей мемлекеттік ықпал етуге жол бермейді. Осындай жоспарлау ел экономикасының дамуын сипаттайтын параметрлер (индикаторлары) жүйесін өңдеуді болжайды, оларға жоспар мерзімдеріне сәйкес қол жеткізген жөн. Индикаторлар жүйесі ұлттық шаруашылық әрекет етуінің және халықтың өмір деңгейінің барлық жақтарын қамтиды, бірақ теория шаруашылық етуші субъектілерге тапсырмалар мен талаптарды минималды күмен құруды ұсынады.

Стратегиялық жоспарлау ұзақ мерзімді перспективаға бағдарлай отырып, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын нықтаудан тұрады. Мұнда ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеу мақсаттары негізінде даму басымдықтарын таңдайды, ел экономикасы өтетін жолды анықтайды, қоғамның әрі қарай дамуының тұжырымдамаларын құрайды. Ағымдық жоспарлау қазіргі таңдағы процестердің басқарылуын жүзеге асырады.

Мерзімдеріне байланысты жоспарлау оперативтік (бір жылға дейін), қысқа мерзімдік (бір жыл), орта мерзімдік (үш-бес жыл), ұзақ мерзімді (бес жылдан астам) болып жіктеледі.

Жоспарлау нақты қағидаларды ұстану арқылы жүзеге асырылады, яғни жоспарлы құжаттарды құру, негіздеу және ұйымдастыру ережелері. Олардың ішіндегі негізгілері: ғылымдылық, әлеуметтік бағдарлану, өндіріс тиімділігін арттыру, пропорционалдылық және баланстылық, басымдылық, қысқа, орта және ұзақ мерзімді мақсаттардың келісілуі.

Ғылымдылық қағидасының мәні мынада: жоспарлы құжаттар қоғамдық аңдау заңдарын пайдаланумен, қоғамның әлеуметтік-экономикалық қарқыны мен болжамдарын талдаумен, ГТІ пайдаланумен өңделуі тиіс.

Жоспарлаудың әлеуметтік бағытталу қағидасы адам мен қоғам мүдделерін ескеруді, олардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға жоспарлардың бағытталуын болжайды.

Өндіріс тиімділігін арттыру қағидасы жоспарларды орындау нәтижелеріне өнім бірлігіне қатысты еңбек пен ресурстарды максималды үнемдеумен қол жеткізуді талап етеді. Жоспарлау барысында мынадай тиімділік көрсеткіштері маңызды болып табылады: еңбек өнімділігінің артуы, материал және энергия

сыйымдылығын төмендету, қор қайтарымдылығын арттыру, рентабельділікті арттыру.

Пропорционалдылық пен баланстылық қағидасының мәні мынада: өндіріс өсімі шаруашылық құрылымының жақсаруымен, артта қалған өндірістер үлесінің төмендеуімен, жоғары технологияны пайдалану деңгейінің артуымен қатар жүруі керек. Мұнда әлемдік нарықта максималды сұранысқа ие өнім көлемі артуы керек, және ең бастысы, қосылған құны жоғары тауарлардың көлемі артып, өзге елдерге шикізатты жабдықтау көлемі қысқаруы керек.

Қоғамдық даму басымдығы жоспарларды құру барысында басымды болуы керек. Мемлекетте үнемі қандай бір ресурстар шектеулі болғандықтан (еңбек, материалдық, табиғи), үкімет аталмыш кезеде қоғам үшін аса маңызды бағыттарды анықтауы тиіс.

Қысқа және ұзақ мерзімді мақсаттардың келісімділік қағидасы негізінен пропорционалдылық қағидасының жалғасы болып табылады, бірақ мұнда назар уақыттық шеңберлерде жоспарлауға аударылған. Жоспарлардың нәтижелері мұнда қоғамның стратегиялық мақсаттарына сәйкес келуі керек.

Әлеуметтік бағдарланған елдерде экономиканы басқаруға мемлекеттің араласуы (Германия, скандинавия елдері),

Жалпымемлекеттік реттеу мен жоспарлау бойынша Кеңес Одағының тәжірибесі 40 жылдардың ортасынан бастап Еуропа елдері (Франция және Италия) және Жапонияда белсенді енгізіле бастады.

Егер Кеңес Одағында өңделген директивті жоспар негізінен, өндірістік-техникалық болса, онда индустриалды елдердегі индикативті жоспар – бұл, негізінен, экономикалық жоспар. Директивті жоспарлауда қолда бар өндірістік қуаттарға байланысты натуралдық мәндегі өнімге негізгі назар аударылды. Жалпыэкономикалық көрсеткіштер тек қорытынды кезеңде ғана натуралдық жоспарды баланстауға мүмкіндік береді, бірақ оның негізгі объектілері болып табылмайды. Индикативті жоспарлауда бірінші орынға тұтынушы қойылады, және нарықтық қатынастардың көмегімен экономика секторлары арасында байланыс орнайды. Мұндай жағдайда мемлекеттік реттеу негізінен макроэкономикалық көрсеткіштерді жетілдіруге бағытталады.

2. Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық процестерді басқару, олардың бағыттары мен қарқындарын реттеу, нарықтың барлық қатысушыларының қалыпты қызмет етуін қамтамасыз ету жүйесіне қатысты нарықта жоспарлау ерекше орынға ие болады.

Жоспарлауды адамдардың қоғамдық тәжірибесінің ерекше формасы ретінде анықтауға болады, ол болжамдар, жобалар, бағдарламалар мен жоспарлар күйіндегі басқарушылық шешімдердің түрлі нұсқаларын дайындаудағы, олардың оптималдығын негіздеудегі, олардың орындалуын реттеуді қамтамасыз етудегі басқару қызметтерінің бірі болып табылады.

Ұлттық экономиканың дамуын, коммерциялық банктердің іс-әрекетін табысты басқару, қоғамда болып жатқан түрлі процестерді реттеу үшін басқарудың барлық деңгейлерінде өздері көздейтін мақсаттарын нақты да дұрыс анықтап, осы мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін ғылыми

негізделген шараларды дайындау қажет. Осы барлық мәселелер жоспарлау процесінде шешіледі.

Нарықтық шаруашылық жағдайындағы макроэкономикалық жоспарлауға деген қажеттілік бірқатар себептерге байланысты:

- еркін нарықтың макроэкономикалық тұрақтылық пен ұлттық экономиканың тиімді теңдігін қамтамасыз ете алмауы, өндірістің циклдық ауытқуларын жеңе алмауы;
- бизнесмендер мен кәсіпкерлердің шаруашылық қызығушылықтарының, сондай-ақ мемлекеттің макро деңгейдегі, аймақтық және микро деңгейдегі экономикалық қызығушылықтарының үйлесу қажеттілігі;
- тұтынудың жалпы көлемінде ұжымдық немесе қоғамдық тұтынудың артуы. Тауарлар мен қызметтерді ұжымдық тұтыну айтарлықтай дәрежеде нарықтық механизммен емес, мемлекетпен реттелетіндіктен, нарықтан тыс механизмдер көмегімен бөлінетін ел ресурстарының үлесі арта түседі;
- интеграциялық процестердің кеңеюі нәтижесінде экономиканың тұтас секторлары мен шаруашылық субъектілерінің бір бірімен өзара әрекет етуінің күрделі формаларының пайда болуы;
- қазіргі таңдағы экологияның глобалді мәселелерінің күшеюі (ұдайы өндірілмейтін табиғи ресурстардың азаюы, қоршаған орта жағдайының нашарлауы) қоғам мен мемлекеттің ұзақ мерзімдік даму мәселелеріне қызығушылығын күшейтеді;
- территориялы еңбек бөлінісі мен өндірістік күштерді орналастыру тиімділігінің қажеттілігі процесінің болуы.

Жоспарлау формалары өте әртүрлі. Олар мыналарға байланысты жіктеледі:

- а) жоспарлау деңгейіне байланысты: еларалық, жалпымемлекеттік, салалық және аймақтық;
- б) жоспарлау горизонтына байланысты: ұзақ мерзімді, орта мерзімді және ағымдық;
- в) шешетін мәселелер шеңберіне байланысты: стратегиялық және тактикалық.

Стратегиялық жоспарлау адамдардық жоспарлы жұмысы сияқты ерекше іс-әрекет түрін білдіреді, ол ұзақ мерзімді перспективада фирманың тиімді қызмет етуін қамтамасыз ететін мақсаттар мен мәселелерді алға қоюды қарастыратын стратегиялық шешімдерді өңдеуден тұрады.

Стратегиялық жоспарлауға келесі сипатты белгілер тән:

- орта және ұзақ мерзімді перспективаға бағдарлану (бір жыл уақыт мерзіміне);
- жоспарланатын мақсаттар жүйесі үшін анықталатын кілтті мәселелерге бағдарлану, оларға қол жеткізуден кәсіпорынның өмір сүруі мен әлеуметтік-экономикалық прогресі тәуелді болады;
- көзделген мақсаттарды оған қол жеткізу үшін талап етілетін ресурстар құрылымы және көлемімен байланыстыру;
- позитивті және негативті ықпал ететін көптеген сыртқы факторлар ықпалын ескеру, осы негативті ықпалды максималды әлсірететін шараларды

өңдеу, немесе жоспарланатын жүйенің стратегиялық мәселелерін табысты шешу үшін осы факторларды қолданатын шараларды өңдеу;

- бейімделушілік сипат, яғни жоспарланатын объектінің сыртқы және ішкі ортасындағы өзгерістерді болжауға және оған қызмет ету процесін бейімдеуге қабілеттілік.

Стратегиялық жоспарлаудың пәні экономика дамуын, стратегиялық жоспарлаудың көптеген мәселелерін шешу әдістемесі мен әдістерін өңдеу және жетілдіруді, сондай-ақ оның жүзеге асуын ұйымдастыруды анықтайтын объективті заңдарды пайдалану мүмкіндіктерін талдау болып табылады.

Стратегиялық жоспарлау объектісі – жақын арада және болашақта өздерінің болашақ жағдайы тұрғысынан шаруашылық субъектілерінің, ұлттық экономиканың құрылымдық элементтерінің, елдің тұтастай ұлттық экономикасының іс-әрекеті.

Стратегиялық жоспарлау логикасы келесі құрылымдық элементтерді қамтиды:

- жоспарлы кезеңде аймақ экономикасы дамуының мақсаттарын анықтау және құру;

- жоспарлыдан бұрынғы кезеңге аймақ экономикасы дамуының бастапқы деңгейін талдау, және қол жеткізілген деңгей мен оның құрылымы параметрлерін нақтылау;

- жоспарлы кезеңдегі аймақ тұтынушылары қажеттіліктерінің көлемі мен құрылымын анықтау;

- кезең басындағы ресурстар мен болашақта қайта құрылатын ресурстар көлемі мен құрылымын анықтау;

- аймақ қажеттіліктері мен ресурсын келістіру, теңестіру, стратегиялық жоспар жобаларын дайындау.

Басқарудың жоғарыда аталған жалпы қағидаларынан басқа, стратегиялық жоспарлау үш ерекше қағидаларға сүйенеді:

- Алдыңғы қатарлы буындарды айқындау негізінде оптималды пропорционалдылықты қамтамасыз ету. Осы қағиданың мәні: оптималдылықтың белгілі критериясына байланысты аймақ экономикасының құрылымды элементтері арасындағы пропорциялардың жоспарлы да саналы қалыптасуы.

- Стратегиялық жоспарлардың бірлігі мен кшенділігінің қағидасы. Аталмыш қағиданың объективті негізі – аймақ, ел шеңберінде ұдайы өндіріс процесінің бірлігі, бір экономикалық кеңістіктің, және өзіне тән инфрақұрылым бар бір нарықтың әрекет етуі.

- Өңдеу процесі бірлігі қағидасы, ол жоспарлар жобаларын өңдеу оларды құру процесінде жоспардың барлық тараулары мен көрсеткіштерінің іштей келісімділігін қамтамасыз етуге, жоспарлы көрсеткіштердің нақтылығын, сондай-ақ оларды кейіннен тексеру мүмнігін қамтамасыз етуге ұмтылу.

Стратегиялық жоспарлау әдістемесінің маңызды құрамды бөлігі оның әдістер жүйесі болып табылады. Стратегиялық жоспарлау әдісі дегеніміз нақты тәсіл, техникалық тәсіл болып табылады, олардың көмегімен жоспарлаудың

қандай да бір мәселелері көмегімен көрсеткітердің сандық мәндері есептеледі. Стратегиялық жоспарлаудың негізгі әдістері:

- Жоспарлаудың аналитикалық әдісі. Осы әдістің мәні мынада: қандай да бір құбылысты, жоспар көрсеткішін экономикалық талдау және синтездеу. Талдау қандай бір процестердің, жоспарлы кезеңде олардың өзгеруін анықтайтын заңдылықтар мен фактілердің мәнін ашуға, даму бағытын дұрыс таңдауға, қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдарын жан жақты бағалауға мүмкіндік береді.

- Жоспарлаудың баланстық әдісі өзара тәуелді көрсеткіштерді байланыстыру үшін қолданылатын тәсілдер жиынтығын білдіреді. Осы тәсілдердің мақсаты – көрсеткіштер арасындағы балансқа жету. Ол экономикадағы оптималды пропорционалдылық пен баланстылыққа қол жеткізуді қамтамасыз етіп, жоспардағы мүмкін болатын сәйкессіздіктер мен диспропорцияларды айқындауға мүмкіндік береді.

3. Аймақ экономикасының дамуын стратегиялық жоспарлау Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлау және реформалар бойынша Агенттігімен дайындалған 1998-2000 жылдардағы стратегиялық жоспарларын өңдеу бойынша әдістемелік ұсыныстар негізінде жүзеге асырылады.

Аймақ деңгейіндегі стратегиялық жоспарлау - бұл аймақтың барлық ұйымдары мен олардың жетекшілерінің ұжымдық еңбектерінің нәтижесі. Сондықтан оның күшейтілген жүзеге асырылуы үшін сәйкес ұйымдастыру алғышарттары құрылуы керек, олар түрлі деңгейдегі жоспарлаушылар болашақ аймақты анықтауға қатысу мүмкіндігіне ие болады.

Стратегиялық жоспарлаудың міндеті мынадан тұрады: аймақ дамуының мақсаттары мен басымдықтарын анықтау, - бұл ресурстармен атамасыз етілу және елдің даму стратегияларына сәйкес аймақ алдында тұрған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін әрекеттерді ұйымдастыру жолдары.

Стратегиялық жоспарлау процесі – бұл мақсаттарды, басымдықтарды, мәселелер мен мақсаттарды анықтау, және өзіндік даму мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін ресурстарды бөлу.

Стратегиялық жоспарды жүзеге асырудың мазмұнды нәтижесі ретінде аймақтағы өзгерістер бола алады, ал дәлірек айтсақ:

- өндірістің дамуына, құрылыс, жоғары технология мен қызметтер индустриясын дамытуға қолдау көрсету;
- білім беру, денсаулық сақтау, қызмет көрсету және демалысты ұйымдастыру мекемелерін дамыту;
- көлік және байланысты дамыту;
- жұмыссыздық пен кедейлік деңгейін төмендетуді және жұмысбастылық деңгейін арттыруды атамасыз ету мәселесі;
- тұрғын-үй коммуналдық және үй құрылысын дамыту;
- қоршаған ортаны жақсарту;
- қоғамдық жұмыстарды дамыту;
- халықты әлеуметтік қорғауы дамыту бағдарламалары;
- тұтынушылар құқықтарын қорғау және тәртіпті қамтамасыз ету.

Стратегиялық жоспарлау процесі үш бөліктен тұрады:

1. Мақсаттар: мәселелер, объектілер – аймақтың қол жеткізгісі келетіні;
2. Стратегия тәсілдері – мақсатқа қол жеткізудің ең жақсы жолы;
3. Құралдар – кім жүзеге асырады, не, қашан және мақсатқа жету үшін қандай ресурстарға ие.

Басты мақсат – аймақ неге қол жеткізгісі келеді? – ол келесі мәселелердің қарастырылуын болжайды:

Жағдайлар (аймақ өзінің мәселелерін жүзеге асырғысы келетін жағдайлар):

- сыртқы жағдайлар: мүмкіндіктер мен мәселелер;
- ішкі жағдайлар: күшті және әлсіз жақтар. Басымды мақсаттар және оперативті мақсаттар: қандай да бір мақсаттар мен жағдайларда қандай мәселелерді орындап, қанша тактикалық мақсаттарға қол жеткізуге болады?

Стратегия: мақсаттарға қол жеткізуге арналған тәсілдемелерді таңдау.

Әрекеттер жоспары (тактика): алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.

Орындалуын бағалау: егер қол жеткізілген нәтижелер қойылған мақсаттардан айрықшаланатын болса, әрекеттерді нақтылап, мониторингті ұйымдастыру.

Стратегиялық жоспар келесі тарауларды қамтуы керек:

1. Аймақтың қазіргі жағдайын бағалау.
2. Мақсаттарды анықтау (миссия).
3. Іс-әрекет басымдықтары.
4. Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу мүмкіндіктерін талдау.
5. Ресурстар.
6. Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу стратегиясы.
7. Жүзеге асыру кезеңдері.
8. Әрекеттер жоспары.

«Қазіргі таңдағы жағдайды талдау» тарауында аймақ экономикасына баға беру қажет, оған кәсіпорынның қаржылық жағдайын, бюджетті, әлеуметтік саланы, құқықтық тәртіпті ескеру қажет. Бағалау нақты қалыптасатын жағдайды қамтуы тиіс.

Аймақ миссиясы (бас мақсат) аймақтық даму мақсаттары мен стратегияларын анықтау үшін бағыттар мен бағдарларды қамтамасыз етеді. Мысалы, экономиканың тұрақты дамуы негізінде аймақ халқының әл-ауқатын арттыру.

Миссия негізінде аймақ аймақ ресурстары шоғырлануға тиіс басымды іс-әрекеттерді анықтауы тиіс. Басымдықтар саны 3-5 аспауы керек, ал жекелеген аймақтар үшін 7. Іс-әрекеттің әрекеттің 3 басымдығының болуы оптималды болып табылады, себебі ол оларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Басымдықтарды қалыптастыру талдау және ресурстар сияқты алға қойылған мақсаттарды бағалаумен тығыз байланыста болуы керек.

Талдау барысында мықты және әлсіз жақтар, (өңдеу кезіндегі сыртқы және ішкі жағдайларды жүйелеуге мүмкіндік беретін) есептеулер мен мүмкіндіктер анықталып, стратегиялық жоспар жүзеге асырылуы керек.

«Ішкі талдау. Әлді және әлсіз жақтар» тарауында нақты бейнені беретін аймақтардың әлді және әлсіз жақтары қалыптасады. Талдау өзге аймақтармен, ТМД елдерімен, әлемдік тәжірибемен салыстыру негізінде жүргізіледі.

1998-2000жылдағы аймақтық стратегиялық жоспарды өңдеу бойынша әдістемелік нұсқамаларда түрлі аймақтардың іс-әрекет саласы өте әртүрлі және типтеле алмайды делінген. Сонымен қатар, стратегиялық жоспардың аталмыл тарауы бойынша сипаттамалар кешені ұсынылады.

Әлді жақтары:

- аймақтағы реформалардың алға жылжуы және нәтижелілік;
- сыртқы ортадан әлсіз тәуелділік, өзін-өзі қамтамасыз ету мүмкіндіктері;
- бағаларды қолдаудағы басымдықтар (бұл мүмкіндіктерде сипатталуы мүмкін);
- адекватты құқықтық және ормативтік қамтамасыз ету;
- мықты менеджмент;
- жоғары профессионалды және жақсы ұйымдастырылған басқару аппараты;
- интеллектуалды ресурстар және ғылыми қамтамасыз ету;
- жеткілікті ресурстар және қорлардың шоғырлануы жер, су, қаржылық);
- жеткілікті деңгейдегі әлеуметтік қызмет.

Әлсіз жақтар:

- нақты стратегиялар мен жоспарлардың болмауынан әлсіз реформалылық;
- аппараттың әлсіз ұйымдастырылуы және төменгі кәсіби деңгей;
- әлсіз құқықтық кеңістік;
- нашар ақпараттық қамтамасыз ету;
- технологияның төменгі деңгейі;
- экологиялық мәселелер;
- көлік және коммуникацияның дамымауы.

Егер әлді және әлсіз жақтарды талдау барысында аймақтың ішкі факторларына талдау жасалса, ал мүмкіндіктер мен қауіптерді бағалау аймақтың сыртқы факторлары болып табылады.

Мысал ретінде мүмкіндіктер мен қауіптер қатарына келесілерді жатқызуға болады (бұл тізім міндетті болып табылмайды).

Мүмкіндіктер:

- табиғи ресурстардың болуы (жер, су, пайдалы қазбалар);
- өзге аймақтармен бірігу;
- бағалар мен шығындарды төмендету потенциалы;
- мемлекеттік қолдау;
- мықты қоғамдық келісімді ұйымдастыру;
- қоғамдағы жағымды жағдайлардың аймақтың дамуына ықпал етуі;
- сыртқы нарықтарға шығуға мүмкіндік беретін өндірістердің болуы;
- көлік және коммуникация;
- жергілікті өндірісті, қоғамдық жұмыстарды, халықты қамтамасыз ететін қызмет салаларын кеңейту.

Қауіптер:

- оппоненттер тарапынан қысым;

- ресурстардың болмауы (жеткіліктілігі);
- сыртқы нарықтардың жабықтығы;
- ішкі және сыртқы нарықтарды жоғалту қаупі.

Аталмыш стратегиялардың ішіндегі неғұрлым қалаулылары неғұрлым ірі қаржылық ресурстар мен энергияның аз жұмсалуды, аз уақытты талап етеді.

Керісінше, төменгі деңгейде қалаулылар үлкен күнделікті жұмысты, күшті саяси ерікті талап етеді.

Егер қаржылық ресурстар болмаса, ешбір стратегия жүзеге асырыла алмайды. Нақты орындалатын стратегияларды таңдау мақсатында стратегиялар мен ресурстар матрицасы құрылады.

Стратегиялардың әрбіреуі қатаң қаржылық талданады. Талап етілетін ресурстар әдетте ағымдық, инвестициялық және даму үшін талап етілетін болып жіктеледі.

Жедел (ағымдық) мақсаттар:

- миссия, басымдықтар мен мәселелерді нақты мазмұнымен толықтырады;
- аймақты басқару аппаратының қандай да бәр әрекетінің нәтижесі қандай болу керектігін сипаттайды;
- нақты және тәжірибеде қолданылатындай болуы керек;
- табыстылық пен орындалушылыққа қатысты үмітке ие болуы керек;
- табысты немесе сәтсіздікті өлшеу үшін қолайлы болуы керек.

Мақсаттар өз мүмкіндігі бойынша сандық өлшемге ие болуы керек. Сандық индикаторларды құрау мүмкін болмаған жағдайда мақсат сапалы тұрғыдан құрыла алады. Мұнда ол нақты болуы керек.

Мақсаттарды аймақтар өзінің стратегиялық мақсатына, оның басымдықтары мен ресурстарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің әрекеттер Бағдарламасына сәйкес құрайды.

Қойылған мақсат, орнатылған басымдықтар мен қолда бар ресурстарды пайдалану барысында мақсаттарға қол жеткізу әдістері, құралдары мен тәсілдерінің жиынтығы ретінде түсінетін стратегияны таңдау аймақтың ішкі борышы болып табылады.

Оны таңдау көбінесе тереңнен талдау мен жоспарлаудың, басқарманың кәсіби қасиеттерінің нәтижесі болып табылады. Әрбір аймақтық стратегиялық жоспарлары әрбір жылға және тоқсанға аралық мақсаттар мен мәселелерді қамтуы керек.

Соңғы және аралық мақсаттарға сәйкес аймақ іс-әрекетіне жыл сайынғы және тоқсан сайынғы баға берілетін болады.

4. Әкімшілік қызметін ұйымдастыру негізі олардың жұмыс жоспары болып табылады. Олар әкімшіліктің барлық құрылымдары бойынша муниципалды құрылымның кешенді мәселелерін ескеру негізінде кварталдарға бөлініп жасалады. Әкімшіліктің жұмыс жоспарына әкімшілік басшысының қаулысын қабылдауға қажетті немесе жұмыстарының талқылауына түсетін сұрақтар кіргізіледі. Аппарат басшысы ұсынылған жұмыс жоспарын бекітіп, департаменттерге, бөлімдерге, комитеттерге жібереді.

Жергілікті әкімшілік басшысының жұмыс жоспары 4 бөлімнен тұрады:

1. Әкімшілік басшысының қарастыратын сұрақтары
2. Әкімшілік жұмыскерлерінің қарастыратын сұрақтары
3. Әкімшілік басшысының орынбасарлары қарастыратын сұрақтар.
4. Ұйымдастырушылық жұмыстар (семинар, жиналыстар т.б.).

Әкімшіліктің құрылымдық бөлімдері алға қойған жұмыстарды орындау үшін кварталдық, айлық, апталық жоспарлар жасайды, оны әкімшілік басшысы бекітеді. Жұмыс жоспарының жүзеге асырылуын әкімшілік басшысының басшылығымен бақыланып, жүзеге асырылады.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. Директивті және индикативті жоспарлаудың айырмашылықтары
2. Стратегиялық жоспарлау қағидалары
3. Стратегиялық жоспарлау қандай тараулардан тұрады
4. Жергілікті әкімшілік басшысының жұмыс жоспары

Жергілікті басқару органдарының материалдық-қаржылық негіздері

1. Жергілікті басқарудың қаржылық ресурстары
2. Жергілікті бюджеттің қызмет етуінің ұйымдық-құқықтық негіздері
3. Жергілікті бюджеттің атқарылуы мен құрылу қағидалары

1. Жергілікті қаржы – ақша нысанындағы қоғамдық өнімнің бір бөлігін жергілікті басқару органдары өздеріне артылған функцияларға сәйкес жасау, бөлу, пайдалану процесіндегі қаржы қатынастарының жүйесі. Жергілікті қаржы мемлекеттің қаржы жүйесінің маңызды құрамды бөлігі болып табылады. Ол жергілікті бюджеттерді, арнаулы бюджеттен тыс қорларды және басқарудың жергілікті органдарының қарамағындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысын біріктіреді.

Жергілікті қаржы отандық экономика үшін біршама жаңа ұғым. Бүкіл жергілікті бюджеттер елдің мемлекеттік бюджетінің бірыңғай жүйесіне енгізілген 1938 жылдан бастап, жергілікті қаржы дербес категория ретінде өзінің өмір сүруін тоқтатқан болатын.

Жергілікті қаржыда билік пен басқарудың жергілікті органдарының сан қырлы қызметінің қаржы базасы болып табылатын жергілікті бюджеттерге маңызды рөл беріледі.

Жергілікті бюджет – бұл ұлттық табысты аумақтық тұрғыда қайта бөлуге мүмкіндік жасайтын және билік пен басқарудың жергілікті органдарының қаржы базасын жасауды қамтамасыз ететін экономикалық қатынастардың жиынтығы.

Дамыған рыноктық экономикасы бар елдерде биліктің жергілікті органдарының бюджеттері мемлекеттің бүкіл қаржылық ресурстарының 30%-дан 60 пайызын қайта бөледі (Англия, АҚШ, Жапония, Германия және т.б.) және өңірдің өндіргіш күштерін, бүкіл әлеуметтік сферасын дамытуда, рыноктық инфрақұрылым құрып, кеңейтуге маңызды роль атқарады:

- олар арқылы өндірістік ортаны қаржыландыруға жұмсалатын шығындардың үлкен бөлігі өтеді (жергілікті өнеркәсіпті, ауылшаруашылығын, су шаруашылығын, көлікті және басқаларын қаржыландыруға жұмсалады);
- жергілікті бюджет арқылы өндірістік емес ортаның дамуы қаржыландырылады, сөйтіп, қоғамдық өндіріске жанама ықпал жасалады.
- тұтынудың қоғамдық (әлеуметтік) қорларын бөле отырып, жергілікті бюджеттер жұмыс күшін ұдайы молайтып отыруға мүмкіндік туғызады.

Бүгінде, жұртқа мәлім, қоғамда экономикалық қатынастарды орталықсыздандыру мемлекеттің жалпы экономикалық саясатын жүзеге асыруда аймақтардың дербестігі мен рөлін арттырып отыр.

Нарықтық қатынастардың қалыптсауы жағдайында жергілікті органдар қызметінің аясы кеңейе түсуде, олар әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, демографиялық сипаттағы проблемаларды шешуде едәуір дербестікке ие бола бастады.

Басқарудың жергілікті органдарына мемлекеттің әлеуметтік бағдарламаларын жүзеге асыру жөнінде маңызы міндеттер жүктелген. Халыққа қызмет көрсету жөніндегі шараларду қаржыландыру негізінен жергілікті қаржы ресурстары есебінен жүзеге асырылады. Әлеуметтік – тұрмыстық инфрақұрылымның салалары халыққа қызметтер көрсетуді бюджет қаражаттарынан қалыптасатын қорлар есебінен көрсетеді. Бұл, тиісінше, жергілікті қаржының рөлі мен маңызын арттырып отыр. Оның қызметінің тиімділігі бірқатар жағдайларға – жергілікті қаржының бүкіл теориялық аспектілерін анық етіп шешіп алуға, елдің бюджет құрылысының құлысының жалпы мемлекеттік құрылысқа нақты сәйкестігіне байанысты болып келеді.

Жергілікті қаржының әлеуметтік-экономикалық мәні жалпы мемлекеттік қаржыға ұқсас.

Жергілікті қаржының рөлі, оның құрылымы мен бағыты бүтіндей билік пен басқарудың жергілікті органдарына жүктелінген функциялардың сипатымен, сондай-ақ мемлекеттің әкімшілік-аумақтық құрылысымен және оның саяси- экономикалық бағыттылығымен анықталады.

Жалпы жергілікті қаржының жай – күйі әрқашанда, бірішіден, елдің жалпы экономикалық жағдайына, екіншіден, тиісті аумақтардың экономикалық әлуетіне, үшіншіден, билік пен басқарудың жергілікті органдарының құқығы мен міндеттерін белгілі бір дәрежеде реттеп отыратын мемлекеттік жандардың деңгейіне, төртіншіден, биліктің жергілікті органдары құзырының дәрежесіне байланысты болады.

Өркениетті батыс елдерінде жергілікті қаржы мемлекеттің қаржылық ресурстарын қалыптастырумен пайдалану үрдісінде едәуір рөл атқарады. Оның үстіне жергілікті бюджеттердің айтарлықтай дербестігі болады және батыс елдерінде олар мемлекеттік бюджеттің жалпы жүйесіне кірмейді.

Қаржылық қатынастарды ұйымдастырудың бюджеттік түрінде екі үрдіс қатар өмір сүреді:

- дағдарыстан шығу және тұрақтандыру мақсатымен экономиканы басқаруда орталықтандырылған негіздерді дамытудың анағұрлым ортақ үрдісінің бейнелеп көрсетілуі ретінде қаржылық ресурстар қозғалысын басқарудың нысандары мен әдістерінің жүйесін орталықтандыру;

- қаржылық қорларды қалыптастыру мен пайдалануда билік пен басқарудың жергілікті органдарының функцияларын күшейте отырып қаржыны орталықсыздандыру.

Екінші үрдіс жергілікті органның жергілікті жағдайларға жуықтығымен дәлелденеді.


Қаржылық қатынастардың әкімшілігін жүргізудің қағидаты қаржының бақылау функциясын жүзеге асыру мүмкіндігі болып табылады: неғұрлым бір аз дәрежеде белгілі бір қаржылық қытынас немқұрайды бақылауға берілсе, соғұрлым оны орталықсыздандырылған реттеуге жатқызған дұрыс.

2. Жергілікті бюджеттер – жергілікті өкілді органдардың қажетті шараларын қаржыландыруға арналған қаражатын қалыптастырудың негізгі жоспары болып табылады. Олардың экономикалық мәні келесі арналымдарда көрінеді:

- Билік пен басқарудың жергілікті органдарының ақша қорларын қалыптастыру;
- Бұл қорларды жергілікті шаруашылық салалары мен халықтың арасында бөлу.

Сонымен қатар, жергілікті бюджеттерді ұлттық табысты аумақтық тұрғыда қайта бөлуге мүмкіндік жасайтын экономикалық қатынастар жиынтығы ретінде 3-суретте қарастыруға болады.

Халықаралық теория мен тәжірибеде жергілікті бюджеттер бюджет жүйесінің дербес қызмет ететін бөлігі ретінде сипатталады. Яғни бұнда жергілікті басқару органы кірістің бекітілген базасы негізінде бюджет көлемін, кіріс пен шығыстың құрылымын өзі дербес анықтайды. Оның атқарылуы осы облыстың жергілікті басқару орнының құқықтарын анықтайтын республикалық заңнама негізінде жүзеге асырылады.



3 сурет - Жергілікті бюджет арқылы ұлттық табыстың аймақта қайта бөлінуі

Алайда, екінші жағынан алғанда, аймақтар, өзара бағыныштылықтағы, біртұтас шаруашылық комплексінің бөліктері болып табылады және одан тыс өмір сүре алмайды.

Аймақтық қайта өндірудің сипаты мен мазмұны жалпы қоғамдық қайта өндірудің негізгі даму заңдылықтарымен анықталатынын ескерсек, онда

өндірістің нақты жағдайымен шарттастырылған шектерде басқаруды орталықтандырудың қажеттілігі туындайтыны көрініп отыр.

Аймақтың экономикалық дербестігі абсолютті бола алмайды, ол әпқашанда салыстырмалы және аймақ қаншалықты кіші болса, оның дербестігі де соншалықты аз болады. Бір жағынан қазіргі аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі, қалыптасқан бюджетаралық қатынастардың сипаты, нарықтық экономикаға өту кезеңінің қиындығы жергілікті бюджеттердің көпшілігінің дербес қызмет етуіне қолайсыз болып отыр.

Дербес өмір сүру үшін әрбір әкімшілік-шаруашылық бірліктің деңгейі өздерінің экономикалық мүдделерін іске асыруға (максималды түрде) мүмкіндік беретін дәрежеде болу керек. Экономикалық дербестіктің маңызды шарттарының бірі – табиғатты қорғау және аймақтық ресурстарды қайта өндіруге бағытталған бағдарламаларды қаржыландыруға қажет қаржы көздерін құру болып табылады. Аймақ экономикасының орталықтан және жергілікті деңгейден басқарылуының үйлестірілуі келесі принцип негізінде құрылады: экономикалық даму стратегиясын анықтауды – орталықтан басқару, ал оның атқарылуы – жергілікті деңгейде дербес жүзеге асырылады. Өз кезегінде жергілікті оперативті-шаруашылық дербестік шығыстардың кем дегенде 50% қаржыландырылатын және бюджетпен ұзақ мерзімге қатаң түрде бекітілген түсімдер жүйесінің құрылуын талап етеді.

1994 жылға дейін Қазақстанда 3045 жергілікті бюджеттер болған: 1994 жылдан бастап жүргізілген бюджет жүйесін орталықтандыру нәтижесінде 2500 село, ауылдың жергілікті бюджеттері жойылып, аймақтардың қаржы ресурстарын пайдаланудағы мүмкіндіктері шектелді. Жоғарыда айтылып өткен әлемдік бюджет жүйесінің даму тенденцияларының аспектісінде Қазақстанның бұл жүргізіп отырған бюджет жүйесін орталықтандыру процесстерін қаржы-бюджет сферасындағы кризистік жағдайдан туындаған еріксіз мәжбүр шара деп түсіндіруге болады.

Қазақстанда жергілікті бюджеттер мемлекеттік бюджеттің қаражаттар көлемінің кірістері мен шығыстары бойынша шамамен 50%-н алады. Жергілікті бюджеттерді қалыптастыру мен атқару Қазақстан Республикасының «Бюджет Кодексі» негізінде жүзеге асырылады.

Бұл Заңға сәйкес жергілікті бюджеттер – түсімдер мен бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) есебінен қалыптасатын, Конституциямен, заңдармен және Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерімен жүктелген міндеттемелерді жүзеге асыру үшін жергілікті атқарушы органдар белгілейтін жергілікті бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыруға арналған тиісті маслихаттың шешімімен бекітілетін әкімшілік-аумақтық бөліністердің ақша қорлары болып табылады. Олардың құрамына облыстық, қалалық (республикалық және облыстық маңызы бар қалалар), аудандық (қалалардағы аудандарды қоспағанда) және арнайы экономикалық аймақтардың бюджеттері кіреді (4-сурет).



4 сурет - Жергілікті бюджеттің құрылымы

Жергілікті атқарушы органдар тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністердің бюджетін бірыңғай бюджеттік жоспарлау негізінде әзірлеп, дербес атқарады, тиісті қаржы жылына арналған бюджетті және өткен қаржы жылындағы тиісті жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есепті қарап, бекітеді.

Облыстық өкілді органдар облыстық бюджет пен аудандардың (қалалардың) бюджеттері арасындағы кірістерді бөлудің тұрақты нормативтерін және облыстық бюджеттерден аудандардың (қалалардың) бюджеттеріне берілетін субвенциялар мен аудандардың (қалалардың) бюджеттерінен облыстық бюджеттерге берілетін бюджеттік алымдардың мерзімдік мөлшерін бекітеді.

Арнайы экономикалық аймақтың бюджетін осы аймақтың әкімшілік кеңесі қалыптастырады, ол «Қазақстан аумағының арнайы экономикалық аймағы туралы» Заңдарда және мемлекет басшысы бекітетін арнайы экономикалық аймақ туралы ережелерде бекітілген тәртіп бойынша қаралады және атқарылады.

Жергілікті бюджеттерді әзірлеу Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі бекіткен бюджеттік сыныптамаға сәйкес бюджеттік жоспарлаудың бірлігі негізінде жүзеге асырылады. Ең алдымен жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіп пен мерзімдерде жергілікті өкілді органдарына:

1. облыстың, Астана және Алматы қалаларының бюджет комиссиялары белгілеген облыстық, Астана Алматы қалаларының бюджеттерінің шығыстары лимиттері шегінде алдағы 3 жылдық кезеңге арналған бюджеттік өтінімдер;

2. алдағы қаржы жылында секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалар тізбесі бойынша ұсыныстар енгізді.

Өз кезегінде жергілікті өкілетті органдар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіп пен мерзімдерде:

1. аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары келісуге табыс еткен 3 жылдық кезеңге арналған аудандардың (қалалардың) бюджеттеріне түсетін түсімдермен келіседі;

2. жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне облыстық, Астана және Алматы қалаларының бюджет шығыстарының лимиттерін, жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен жергілікті атқарушы органдарға бюджет комиссиясы айқындайтын алдағы 3 жылдық кезеңге арналған инвестициялық жобалардың тізбесін және облыстық бюджеттен қаржыландыру көлемін жеткізеді;

3. жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін қарайды және олар бойынша қорытынды дайындайды;

4. бюджет комиссиясының қарауына:

- облыстық бюджетінің алдағы 3 жылдық кезеңге арналған болжамды көрсеткіштерін;

- шығыстар лимиттерін (3 жылдық кезеңге арналған болжамды көрсеткіштерін);

- жергілікті бюджет комиссиясы айқындаған инвестициялық жобалардың тізбесін және жергілікті бюджеттің қаражатынан қаржыландырылатын көлемдері бойынша ұсыныстарды;

- жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері бойынша қорытындыны;

- ағымдағы қаржы жылының басындағы жағдай бойынша қалыптасқан әрбір тиісті жергілікті бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерінің кредиторлық берешегінің сомасын;

- алдағы қаржы жылына арналған облыстық бюджеттің жобасын енгізеді.

Жергілікті бюджет комиссиясы айқындағаннан кейін жергілікті өкілді органдар алдағы қаржы жылына арналған облыс бюджеттің жобасын және алдағы 3 жылдық кезеңге арналған болжамды көрсеткіштерін жасайды және облыстық, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарына табыс етеді. Жергілікті атқарушы органдар мақұлдағаннан кейін облыстық, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің болжамын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне 1 тамызға дейін табыс етеді.

3. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заң күшіне енгеннен кейін облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары екі апта мерзімнен кешіктірмей бюджеттің бұрын жасалған болжамды көлемдерін нақтылайды және тиісті маслихатқа бекітуге енгізеді, ол бір айдың ішінде жобаны бекіту туралы шешім қабылдайды.

Маслихаттың тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы шешімінде:

- кірістердің, алынған ресми трансферттердің, жергілікті бюджеттен берілетін несиелерді қайтарудың, шығыстар мен несиелендірудің, бюджет тапшылығының (профицитінің) және бюджет тапшылығын қаржыландырудың (профицитін пайдаланудың) көлемдері;

- жергілікті атқарушы органдар резервтерінің мөлшері;

- жергілікті атқарушы органдарының тиісті қаржы жылының аяғындағы борышының лимиті, оны өтеу және оған қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындардың көлемі;

- тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген сомада Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жергілікті бюджеттен берілетін ресми трансферттердің сомасы;

- жергілікті бюджеттік бағдарламалардың функционалдық топтары, әкімшілері бойынша және бағдарламалар бойынша шекті шығыстардың тізбесі;

- жергілікті ағымдағы, бюджеттік бағдарламалардың және республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына арнап белгіленген жергілікті бюджетті атқару процессінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбелері;

- жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерінің ағымдағы қаржы жылының басында қалыптасқан кредиторлық берешегін өтеу сомасы болуға тиіс.

Аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары облыс бюджеті бекітілгеннен кейін екі апта мерзімде аудан (қала) бюджеттерінің жобасын тиісті маслихаттың бекітуіне енгізеді, ол екі апта мерзімнен кешіктірмей бюджетті бекіту туралы шешім қабылдайды.

Тиісті маслихаттар тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетті бекіткенге дейін бірінші тоқсан бюджетінің атқарылуы тиісті қаржы жылына арналған жылдық бюджет жобасының ¼ бөлігі мөлшерінде жүзеге асырылады.

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары аудандық маслихаттар бюджетті бекіту туралы шешім қабылданғаннан кейін бір апта мерзімде облыстық (қалалық) бюджет және бекітілген жергілікті бюджеттің негізінде жиынтықталған облыс бюджеті туралы деректерді Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігіне табыс етеді.

Жергілікті бюджетті атқарылу барысында нақтылау Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексіне сәйкес және заң актілерінде көзделген өзге де жаңдайларда тиісті жергілікті атқарушы органның ұсыныстары негізінде асырылады. Бұл ұсыныстарды тиісті бюджет комиссиясы қарайды. Жергілікті бюджеттерді республикалық және жергілікті бюджеттердің арасында заң актілеріне сәйкес бөлінетін түсімдер бойынша нақтылау Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігінің келісімі бойынша облыстар, Астана мен Алматы қалалары әкімдерінің жазбаша өтініші келіп түскен күннен бастап 10 күн ішінде жүргізіледі.

Бюджеттің атқарылуы бірыңғай қазынашылық шот пен мемлекеттік мекемелердің шоты арқылы кассалық негізде жүзеге асырылады.

Бюджеттің түсімдер бойынша атқарылуы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда немесе маслихаттың жергілікті бюджетті бекіту туралы шешімінде белгіленгеннен төмен емес мөлшерде бюджетке түсетін түсімдерді қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізу болып табылады.

Бюджеттің шығыстар бойынша атқарылуы бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындауға бағытталған іс-шараларды тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда немесе маслихаттың жергілікті бюджет туралы шешімінде белгіленгеннен аспайтын сома негізінде жүзеге асыру болып табылады. Ол келесі сатылардан тұрады:

1. жергілікті атқарушы органның ағымдағы қаржы жылына арналған жергілікті бюджетті бекіту туралы және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы маслихаттың шешімін іске асыру жөніндегі акт қабылдауы;

2. бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларын және жергілікті бюджетті қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасау мен бекіту;

3. жергілікті уәкілетті органдардың, жергілікті бағдарламалар әкімшілілерінің рұқсаттар беруі;

4. мемлекеттік мекемелердің міндеттемелер қабылдауы;

5. жергілікті бюджетті қаржыландырудың жиынтық жоспарына және бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу;

6. бюджет ақшасының есебінен төлемдер жүргізу;

7. жергілікті бюджеттің атқарылуы бойынша операциялардың есебі.

Бюджеттің атқарылуын, бюджет қаражатының тиімді және нысаналы жұмсалуды жергілікті атқарушы органдар қамтамасыз етеді. Олар есепті жылдан кейінгі жылдың 15 мамырынан кешіктірмей жергілікті өкілді органдарға түсіндірме жазба және қосымшылармен бірге есепті қаржы жылына арналған тиісті жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті табыс етеді.

Аудандар мен қалалардың жергілікті атқарушы органдары облыстың жергілікті атқарушы органдарына есепті айдан кейінгі айдың 1-күнгі жағдайы бойынша тиісті бюджеттің атқарылуы туралы айлық есепті табыс етеді. Ал олар өз кезегінде Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігіне есепті айдан кейінгі айдың 1-күнгі жағдайы бойынша облыстың, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің атқарылуы туралы айлық есепті табыс етеді. Қаржы Министрлігі бұл есепке қоса республикалық, мемлекеттік бюджеттің есепті айдан кейінгі айдың 1-күнгі жағдайы бойынша атқарылуы туралы есепті Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Парламентіне табыс етеді. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігіне немесе тиісті жергілікті уәкілетті органдарға ай сайын, тоқсан сайын, жыл сайын (есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей) мына есептерді: мемлекеттік мекемелердің гранттарды алуы мен жұмсауы туралы; бюджеттік бағдарламалардың паспорттарына сәйкес бюджеттік


бағдарламаларды іске асырудың барысы туралы; шикізат секторының ұйымдарынан түсетін түсімдердің бөлігін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына аудару туралы; Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі белгілейтін басқа да есептерді табыс етеді. Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі белгілейтін басқа да есептерді табыс етеді. Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі немесе жергілікті уәкілетті орган белгіленген тәртіппен бюджеттік бағдарламаларды іске асыру нәтижелері туралы ақпаратты тиісті бюджеттік комиссияға табыс етеді.

Жергілікті бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарының дұрыс жасалуы мен бекітілуін, бюджет қаражатының рұқсаттарға сәйкес пайдалануын бақылауды жергілікті атқарушы органдар, Қаржы Министрлігі мен оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады. Жергілікті бюджеттердің әзірленуі мен атқарылуын бақылауды тиісті деңгейдегі өкілді органдардың тексеру комиссиялары, сондай-ақ Қаржы Министрлігі мен оның аумақтық органдары тиісті жергілікті атқарушы және өкілді органдарға міндетті түрде хабарлай отырып, жүзеге асырады.

Мемлекеттің орталықтандырылған ақшалай қаражаттарының қорын жасау және пайдаланумен байланысты бюджеттің қызметі айрықша экономикалық категориялар – бюджеттің кірістері мен шығыстары арқылы атқарылады. Бұл екі категорияның арнайы қоғамдық міндеттері бар: кірістер мемлекетті қажетті қаражатпен қамтамасыз етсе, шығыстар орталықтандырылған ресурстарды тиісінше жалпы мемлекеттік қажеттіліктерге бөледі. Осындай қоғамдық маңызы бар мемлекеттік бюджет кірістері мен шығыстарын қалыптастыруда негіз болып табылатын жергілікті бюджет кірістері мен шығыстарының алатын орны айрықша

Жергілікті деңгейдегі кірістер мен шығыстардың құрылымы мен құрамы негізінен әкімшілік-территориялық бірліктің әлеуметтік-экономикалық даму дәрежесін анықтайтын көптеген факторларға, атап айтатын болсақ: аймақта өндірістік объектілердің бар жоқтығына, табиғи ресурстарға, әлеуметтік және тұрғын инфрақұрылым объектілеріне, аймақ статусына, табиғи-климаттық жағдайларға және т.б. байланысты болды (5-сурет).

Төменде көрсетілген 5-суреттен көріп тұрғанымыздай Қазақстан Республикасының жергілікті бюджет кірістері жергілікті бюджет түсімдерінен, республикалық бюджеттен берілетін трансферьлерден (гранттардан) және бюджеттен берілген несиелер бойынша өтелімдерден құралады. Ал шығыстарына келетін болсақ, жергілікті бюджет қаражаттары негізінен жергілікті өндірістік, өндірістік емес салаларды қаржыландыруға және жергілікті деңгейдегі бағдарламаларды несиелендіруге жұмсалады. Енді осы жергілікті кірістер мен шығыстарға жеке-жекелеп тоқталып өтейік.



5 сурет - Жергілікті бюджет кірістері мен шығыстарының құрылымы

Қазақстан Республикасының жергілікті бюджет кірістерінің негізін құрайтын жергілікті бюджет түсімдері өз кезегінде мыналарды қамтиды:

а) салықтардың, алымдардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсімдері:

- Астана қаласының аумағында салық төлеушілер ретінде тәркелген тұлғалар өндірген тауарларға, орындаған жұмыстарға және көрсеткен қызметтерге салынатын қосылған құн салығы -50%;

- акциздер: спирттің барлық түрлері, алкоголь өнімдері, темекі бұйымдары, құрамында темекі бар басқа да бұйымдар, бекіре және албырт балығының уылдырықтары, алтыннан, күмістен немесе платинадан жасалған зергелік бұйымдар, бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отыны, атыс және газ қаруы (мемлекеттік Үкімет органдарының мұқжаты үшін сатылып алғаннан басқа), ойын бизнесі, жеңіл автомобильдер (арнайы мүгедектерге арналған, қолмен басқарылатын автомобильдерден басқа), лотореялар ұйымдастыру және өткізу;

- жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы;
- әлеуметтік салық;
- жер салығы;
- бірыңғай жер салығы;
- заңды және жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық;
- көлік құралдарына салынатын салық;
- жасалған келісім-шарттарға орай жергілікті бюджетке түсетін бөлігінде өнім бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі;

- кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаларды тіркеу үшін алынатын алым;

- жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін алынатын лицензиялық алым;
- заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алым;
- аукциондық сатудан алынатын алым;
- жергілікті маңызы бар ақылы мемлекеттік автомобиль жолдарымен жүріп өткені үшін алым;
- жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланған үшін төлем;
- консулдық алымнан және апостиль берілгені үшін мемлекеттік баждан басқа, мемлекеттік баж;
- жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жасалған мәмілелерді мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алым;
- жергілікті маңызы бар ерекше қорғаланатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем;
- жергілікті маңызы бар және елді-мекендерде жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде сыртқы (көрнекі) жарнама орналастырғаны үшін төлем;
- қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем;
- б) салықтық емес түсімдер:
 - мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындар пайдасының үлесі;
 - коммуналдық меншік болып табылатын акция пакеттерінен алынатын дивиденттердің түсімі;
 - жергілікті өкілді органдардың лотереяларын өткізуден алынатын кірістердің түсімі;
 - жергілікті бюджеттен кредиттер бергені үшін алынған сыйақылар (мүдделер);
 - жергілікті өкілді және атқарушы органдарға, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдарға бағынысты мемлекеттік мекемелерге тиесілі мүлікті сатудан түсетін түсімдер;
 - жергілікті атқарушы органдарға бағынысты мемлекеттік мекемелер көрсететін қызметтерді сатудан түсетін түсімдер;
 - коммуналдық меншік мүлкін жалға беруден түсетін түсімдер;
 - табиғатты пайдаланушылардан келтірілген зиянның орнын толытру туралы талаптар бойынша алынған қаражат, қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды бұзғаны үшін алынған айыппұлдар, аңшылықтың және балық аулаудың тіркіленген құралдарын, заңсыз олжаланған өнімдерді сатудан түскен қаражат;
 - жергілікті мемлекеттік органдар алатын, Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген әкімшілік айыппұлдар мен санкциялар;
 - әкімшілік қамауға алынған тұлғалар орындаған жұмыстар мен қызмет көрсетулер үшін ұйымдардан түсетін түсім;
 - медициналық айықтырғыштарға орналастырылған адамдардың төлемдерінен түсетін түсімдер;
 - түзеу жұмыстарына сотталғандардың жалақысынан ұсталатын түсімдер;

- стандарттың талаптарына және сертификациялау ережелеріне сәйкес келмейтін өнімдерді сатыдан, жұмыстар мен қызмет көрсетулерден алынған кіріс сомасынан түсетін түсімдер;

- лицензиялық тәртіп белгіленген казино, тотализаторлар мен ойын бизнесінің лицензиясыз қызметтерінен түсетін кірістерден алынған түсімдер;

- жергілікті бюджеттерге шикізат секторының ұйымдарынан түсетін түсімдердің бекітілген және іс жүзіндегі көлемдерінің арасындағы теріс айырма ретінде айқындалатын жергілікті бюджет шығындарының өтемі түрінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан түсетін түсімдер;

- Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де салыққа жатпайтын және басқа да түсімдер.

- в) капиталмен жүргізілетін операциялардан түсетін кірістер:

- коммуналдық меншік объектілерін жекешендіруден түсетін түсімдер;

- аймақтардың өзін-өзі қамтамасыз ету үшін сатып алатын астықты сатудан түсетін түсім;

- жер учаскілері мен тұрақты жер пайдалану құқығын сатудан түсетін түсімдер.

Көптеген елдердің бюджет жүйесінде кірістерді бекітілген және реттеуші деп бөледі. Бекітілген кірістер деп – тиісті жергілікті бюджетке берік түрде тіркелген үлеспен (%-пен) тұрақты немесе ұзақ уақыт түсіп тұратын түсімдерді айтады. Реттеуші кірістер – бұл кірістер мен шығыстарды теңестіру мақсатында жоғары тұрған бюджеттерден тиісті бюджетке келесі қаржы жылына бекітілген нормативтер бойынша салықтар мен басқа төлемдерден аударылатын пайыздық аударымдар түрінде түсетін түсімдер. Егер қаражат кірістерінің бірінші түрі жергілікті бюджеттің түсімдерін қалыптастырудың тұрақты көзі ретінде заңды түрде бекітіліп берілген кірістер болса, кірістердің екінші түрі кезекті жылға арналған бюджет туралы заңда белгіленеді. Реттеуші кірістер жыл сайын пайыз мөлшері бойынша да, құрамы бойынша да өзгеріп отыруы мүмкін. Бұл аймақта қалыптасқан нақты ситуацияға, алдағы бюджет жылына арналған кірістер болжамына байланысты болады.

Қазақстанда әр жылдары реттеуші кірістеріге корпоративтік табыс салығы, қосылған құн салығы, акциздер жатқызылып келді, ал бекітілген кірістерге жер, көлік, мүлік салығы сияқты жергілікті салықтар жатқызылатын. Қазіргі кезде Қазақстанда салықтардың жалпы мемлекеттік және жергілікті деп бөлінуінің жойылуы салдарынан “бекітілген және реттеуші” салықтар немесе түсімдер термині қолданылмайды. Алайда, субвенциялар және бюджеттік алулар формасында, бюджеттік реттеу процесі ретінде түсімдерді бекіту сақталып отыр.

Жергілікті бюджет кірістерінің екінші түрі - ресми трансферттер, яғни гранттарды қоспағанда, бюджетке түсетін қайтарымсыз түсімдер немесе шығымдар. Олар бюджет түсімдері мен шығыстарын теңестіру арқылы бюджет реттеуді жүргізеді. Салықтық және салықтық емес түсімдері әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерді қаржыландыруға жеткіліксіз аймақтардың бюджеттерінде ресми трансферттердің үлесі жоғары болады. Бұл осы

аймақтардың салықтық базасының потенциалының жоғары еместігіне байланысты. Жергілікті бюджеттердің бұл проблемасы негізінен олардың меншігі болып табылатын шаруашылық салаларының (тұрғын үй шаруашылығы, мәдениет мекемелері, коммуналдық инфрақұрылым-су жүйесі, көлік және т.б.) бюджетті қалыптастыратын түсімдері түсірмеуінен. Сондай-ақ олардың шығынды болуынан және соған байланысты бюджет қаражатының көп жұмсалыуынан туындап отыр. Ал егерде облыстың түсімдері артып, шығыстары кемісе, сәйкесінше бұл берілетін субвенцияның мөлшері де азаяды.

Бұл кірістерден басқа жергілікті атқарушы органдар қассалық алшақтықты жабу, төмен тұрған бюджеттерді несиелеу үшін республикалық бюджеттен тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген арнайы резерв шегінде Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің негізінде несиелер, сонымен қатар бағалы қағаздар шығару арқылы аймақтық бағдарламаларды қаржыландыруға заңды және жеке тұлғалардан, Қазақстан Республикасының Үкіметінен қарыз ала алады.

Облыстық бюджеттің шығыстары мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет көрсетулер:

облыстық деңгейдегі жергілікті өкілді және атқарушы органдардың жұмыс істеуі;

облыс деңгейінде мемлекеттік жоспарлау;

облыстық бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру;

облыстық коммуналдық меншікті басқару;

2) қорғаныс, қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік:

облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру, аумақтық қорғанысты дайындау және аумақтық қорғаныс;

облыс аумағында қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

облыстық ауқымдағы азаматтық қорғаныс іс-шаралары;

облыстық әскери басқару органдарын жабдықталған әскерге шақыру (жинау) пункттерімен, дәрі-дәрмекпен, құрал-сайманмен, медициналық және шаруашылық мүлікпен, автомобиль көлігімен, байланыс құралдарымен, медициналық және техникалық қызметкерлермен, қызмет көрсететін адамдармен қамтамасыз ету бойынша әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар және медициналық комиссиялар құру;

ішкі істер органдарының айдауылмен алып жүруі;

азаматтық, көшіп кету және көшіп келу, шетелдіктермен жұмыс мәселелері және заңсыз көші-қонға қарсы күрес жөніндегі қызмет;

уақытша ұстау изоляторларының, медициналық айықтырғыштардың, кәмелеттік жасқа толмағандарды, белгілі тұрғылықты жері және құжаттары жоқ адамдарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарының, арнаулы панажайлардың жұмыс істеуі және әкімшілік жазамен қамалған адамдарды, қызметтік иттерге арналған питомниктерді ұстау;

мемлекеттік нөмір белгілерін, жүргізуші куәлігінің бланкілері мен көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу куәлігінің бланкілерін даярлау ақысын қаржыландыруды қоспағанда, жол полициясы қызметін қамтамасыз ету;

жанар-жағар май материалдарын сатып алуды қоса алғанда, қызметтік үй-жайлар мен көлік құралдарын ұстау, оларға қызмет көрсету және оларды жөндеу, сондай-ақ аумақтық органдар аппараттарының республикалық бюджеттен қаржыландырылатын электрондық пошта қызметін көрсетуге бейне конференц-байланыс және аумақтық органдар аппараттарының ахуалдық орталығын бейне бақылау жүйесіне арналған шығындарын қоспағанда, аумақтық ішкі істер органдарының коммуналдық қызметтерге, электр энергиясына, жылу беруге және байланыс қызметіне ақы төлеуі бойынша шығындар;

3) білім беру:

техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын, сондай-ақ арнайы және мамандандырылған жалпы білім беру оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін оқулықтар және оқу-әдістемелік кешендер сатып алу және оларды жеткізу;

спорт бойынша балаларға қосымша білім беру;

республикалық бюджеттен қаржыландырылатындарды қоспағанда, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлау;

балаларды арнайы жалпы білім беру оқу бағдарламалары бойынша оқыту;

мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларды оқыту;

техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі білім беру;

облыстық ауқымдағы мектеп олимпиадаларын өткізу;

жергілікті деңгейде бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау;

балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету;

өсіп-жетілуінде қиындықтарға душар болған балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу;

техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын, сондай-ақ арнайы және мамандандырылған жалпы білім беру оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды мемлекеттік қамсыздандыру, оларды міндетті түрде жұмысқа орналастыру және тұрғын үймен қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен білім алушылардың жекелеген санаттарын ақысыз және жеңілдікпен тамақтандыру;

4) денсаулық сақтау:

республикалық бюджеттен қаржыландырылатын бағыттарды қоспағанда, медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз ету;

вакциналарды, иммунобиологиялық және басқа да медициналық препараттарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сатып алу;

жергілікті денсаулық сақтау ұйымдары үшін қан, оның компоненттері мен препараттарын өндіру;

республикалық бюджеттен қаржыландырылатын бағыттарды қоспағанда, денсаулық сақтау саласындағы басқа да іс-шаралар;

5) әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру:

жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен қаржыландырылатын әлеуметтік көмек түрлерін қоспағанда, мүгедек балаларды қоса алғанда, қарттар мен мүгедектерді әлеуметтік қамсыздандыру;

б) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық:

елді мекендерді газдандыру;

облыстық коммуналдық меншікті қорғау жөніндегі шаралар;

7) мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік:

жергілікті маңызы бар театр және музыка өнерін қолдау;

мәдени-демалыс жұмысын қолдау;

жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени мұраның сақталуын және оған қолжетімді болуын қамтамасыз ету;

республикалық және халықаралық спорттық жарыстарға түрлі спорт түрлері бойынша облыстық құрама командалардың мүшелерін дайындау және олардың қатысуы;

облыстық деңгейде спорттық жарыстар өткізу;

жергілікті деңгейде туристік қызметті реттеу;

жергілікті маңызы бар мұрағат қорының сақталуын қамтамасыз ету;

облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жергілікті деңгейде мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу;

жергілікті деңгейде мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту;

облыстық деңгейде мемлекеттік жастар саясатын іске асыру шеңберінде іс-шараларды орындау;

8) агроөнеркәсіптік кешен, су, орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары:

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес облыстық деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы қатынастарды реттеу;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес облыстық деңгейде өсімдік шаруашылығының, тұқым шаруашылығының, мал шаруашылығының, ветеринарияның дамуын, ауыл шаруашылығы өнімін өңдеуді және өткізуді реттеу;

арнаулы қоймаларды (көмінділерді) күтіп-ұстау, салу және жөндеу;

бюджет қаражаты есебінен алынған пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру;

коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

су қорғау аймақтарын, су объектілері белдеулерін белгілеу;

авариялық қаупі ерекше облыстық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстары мен гидромелиорациялық жүйелерді қалпына келтіру;

облыстық маңызы бар су құбырларының құрылысын салу және реконструкциялау;

ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру;

жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күтіп-ұстау және қорғау;

қоршаған ортаны қорғау жөнінде іс-шаралар өткізу;

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу;

жануарлар дүниесін қорғау;

облыстық деңгейде жер қатынастарын реттеу;

Қазақстан Республикасының жер заңнамасына белгіленген жағдайларда жер учаскелерінің меншік иелеріне немесе жер пайдаланушыларға келтірілген залалдарды өтеу;

инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөнінде іс-шаралар өткізу;

9) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі:

республикалық бюджеттен қаржыландырылатын шығыстарды қоспағанда, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін ұйымдастыру және бақылау;

10) көлік және коммуникациялар:

әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық) қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын ұйымдастыру;

облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын, сондай-ақ оларда жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау;

11) экономикалық қызметті реттеу:

кәсіпкерлік қызметті қолдау;

12) басқа да бағыттар:

аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне берілетін трансферттер;

республикалық бюджетке берілетін трансферттер;

жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету және оны өтеу;

жергілікті атқарушы органдардың концессиялық міндеттемелерін орындау.

Облыстық бюджеттерден:

1) мемлекеттік қызмет көрсететін немесе Бюджет Кодексінде көрсетілген қызмет түрлерін орындайтын мемлекеттік мекемелердің күрделі шығыстарына,

сондай-ақ кадрларды қайта даярлауды және аталған мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша шығыстарға;

2) Бюджет Кодексінде көрсетілген бағыттар бойынша бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобаларға;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де мемлекеттік қызмет көрсетулер мен облыстың жергілікті мемлекеттік басқару органдарының қызмет түрлерінің бағыттарына жұмсалатын шығындар да қаржыландырылады.

Бюджет Кодексінде көрсетілген бағыттар бойынша шығыстарды бюджеттің басқа деңгейлерінен қаржыландыруға жол берілмейді.

Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдардың шығыстары мемлекеттік қызмет көрсетулердің заттай нормалары мен стандарттарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін штат санының лимиттері негізінде жоспарланады.

Жергілікті атқарушы органдардың резервтері жайлы айтып кететін болсақ, олар жергілікті бюджеттерді әзерлеу кезінде жоспарланбаған және ағымдағы қаржы жылына шұғыл қаржыландыруды талап ететін шығыстарды қаржыландыру үшін жергілікті бюджеттердің құрамында құрылады. Бұл резервтердің көлемі тиісті бюджет түсімдері көлемінің 2%-нен аспауға тиіс. Жергілікті бюджеттердің шығыстары жергілікті бюджет кірістері, сондай-ақ жоғары тұрған бюджеттерден алынған демеу қаржы, субвенциялар есебінен қаржыландырылады. Олар негізінен ағымдағы және капиталды деп бөлінеді. Егер ағымдағы шығыстар ағымдағы бағдарламалары қаржыландырылады. Қазақстан Республикасының жергілікті шығыстарының негізгі жұмсалымы-әлеуметтік инфрақұрылымды қаржыландыру болып табылады.

Бұл жергілікті бюджет шығыстарының ішінде бюджеттік алуардың алатын орны елеулі. Бюджеттік алу- заң актісімен белгіленген сомалар шегінде облыстық, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен республикалық бюджетке берілетін ресми трансферттер немесе маслихаттардың шешімдерімен белгіленген сомалар шегінде аудандар мен қалалардың бюджеттерінен облыстық бюджетке берілетін ресми трансферттер. Олар экономикалық даму деңгейі жоғары немесе табиғи жағдайларға байланысты салық базасы ел бойынша орта деңгейден жоғары облыстардан алынады.

Шығыстардың келесі түрі несиелендіруге, облыстардың әкімдері облыстық бюджеттен аудандық, қалалық бюджеттерге тиісті қаржы жылына арналған облыстық бюджетте көзделген арнайы резерв шегінде несиелер беруге құқылы. Бұл несиелердің беру тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. Жергілікті қаржының құрылымы мен бағыты
2. Жергілікті бюджеттің экономикалық мәні мен құрылымы
3. Бюджеттің түсімдер мен шығыстар бойынша атқарылуы
4. Қазақстан Республикасының жергілікті бюджет кірістері
5. Жергілікті бюджет шығыстары қандай бағыттарға жұмсалады

Жергілікті басқарудың экономикалық механизмі

1. Жергілікті өзін-өзі басқарудың экономикалық негізі
2. Кәсіпорын, мекеме, ұйымдарды құрудағы жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құқықтары
3. Жергілікті басқарудың сыртқы экономикалық қызметі

1. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» 2001 жылдың 23 ақпан айындағы Қазақстан Республикасы Заңының 3- бабына сәйкес жергілікті мемлекеттік басқару іс-әрекетінің экономикалық және қаржылық негізін келесілер құрайды:

- 1) жергілікті бюджет;
- 2) коммуналды заңды тұлғаларға бекітілген мүлік;
- 3) ҚР заңнамасына сәйкес коммуналды меншіктегі мүлік.

Жергілікті бюджет – кірістер мен шығыстар тізімі ретінде ұсынылған белгілі кезеңдегі жергілікті басқарушы органдарының қаржылық іс-әрекеттерінің жоспары. Жергілікті билік органдарының қаржылық базасы болып олардың бюджеттері табылады. Жергілікті бюджеттердің экономикалық мәні оларды тағайындаудан байқалады. Олар келесі қызметтерді атқарады:

- Ақша қорларын құру
- Жергілікті билік органдары іс-әрекетін қаржылық қамтамасыз ету;
- Осы қорларды халықшаруашылығы салалары арасында бөлу және пайдалану;
- Осы билік органдарына бағынатын кәсіпорын, ұйымдардың қаржышаруашылық іс-әрекетін бақылау.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың экономикалық негізі – қоғамдық қатынастарды бекітіп, реттейтін және муниципалды меншікті, жергілікті бюджеттерді пайдаланумен байланысты құқықтық нормалардың жиынтығы.

Муниципалды меншіктің құрылу процесі 1992 жылдың 13 ақпан айында «ҚР-ғы жергілікті өзін-өзі басқару туралы» Қазақ ССР-ң Заңын қабылдағаннан кейін басталды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес, муниципалды меншік ретінде меншік құқығында қалалық, ауылдық жерлер мен өзге муниципалды құрылымдарға жататын мүлік танылуы керек.

Муниципалды меншік құрамына мыналар енеді:

- Жергілікті бюджет қаржылары, бюджеттен тыс қорлар;
- Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүліктері;
- Муниципалды меншіктегі муниципалды жерлер, өзге табиғи ресурстар;
- Муниципалды кәсіпорындар мен ұйымдар;
- Муниципалды банктер мен өзге қаржы-несие ұйымдары;
- Муниципалды тұрғын үй қоры;
- Муниципалды білім беру мекемелері, денсаулық сақтау мекемелері, мәдениет, спорт орындары және т.б.

Муниципалды меншіктің субъектісі – территориялды басқару органдары.

Муниципалды құрылымның жергілікті өзін-өзі басқару органдары муниципалды меншікті дербес басқарады. Олар муниципалды меншік объектілерін жеке немесе заңды тұлғаларға уақытша немесе тұрақты пайдалануға, жалғаға беруге, мүліктік мәмілелер жасауға құқылы.

Муниципалды меншік мемлекетпен танылады және қорғалады (ҚР Конституциясының 87-бабы).

Муниципалды меншіктегі жылжымайтын мүлік объектілері (ғимарат, құрал-жабдықтар, т.б.) сатылып-сатып алынып, сыйға тартылып, жалға беріле алады.

2. Шаруашылық қызметті жүзеге асыру үшін жергілікті өзін-өзі басқару органдары заңдарға сәйкес кәсіпорын, мекеме, ұйымдар ашуға, оларды қайта құруға және жоюға құқылы. Олар муниципалды меншік болып табылатын кәсіпорындардың мақсатын, қызмет тәртібі мен шарттарын анытай алады, олардың тауарларының (қызметтерінің) тарифтері мен бағаларын реттейді, уставын бекітеді, берілген кәсіпорынның басшыларын бекітеді және босатады, олардың қызметі жөніндегі есептерін тыңдайды.

Муниципалды меншікте болып табылатын кәсіпорын басшылары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының арасындағы қатынас еңбек заңдылықтарына сәйкес келісім-шарт құрылады.

Муниципалды құрылымдағы жергілікті өзін-өзі басқару органдары муниципалды құрылымдағы территорияны жабдықтау, халықты коммуналдық қамтамасыз ету, әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің құрылысы мен жөндеуі, өнім өндіру мен қызмет көрсету, сол территориядағы әлеуметтік-мәдени және тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті және басқа да жұмыстар бойынша өздерінің қаралған жеке материалдық және қаржылық қорлары шеңберінде тапсырыс беруге құқылы.

Муниципалды тапсырыстарды орналастыру және қалыптастыру тәртібі муниципалды құрылымдағы жергілікті өзін-өзі басқару органдары құқықтық актілерімен айқындалады, тағайындалады.

3. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сыртқыэкономикалық іс-әрекетпен айналысуға рұқсат етілген. Ол әкімшіліктің арнайы құрылымдық бөлімшелерімен жүзеге асырылуы керек, олар өз іс-әрекетінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және арнайы заң актілерін басшылыққа алады.

Әкімшіліктің сыртқы экономикалық байланыс бөлімі келесі міндеттерді атқарады:

- өз іс-әрекетін қызығушылықтарды байланыстыру мақсатында жүзеге асырады

- меншік формасынан тәуелсіз түрде сыртқыэкономикалық байланыстардың дамуына жәрдемдеседі;

- әкімшілікпен бекітілген жоспарға сәйкес шетелдік сауда-экономикалық делегацияларды және жекелеген өкілдерді іскерлік шеңберлерге шақырады; іскерлік кездесулерді, конференцияларды, симпозиумдарды,

сыртқы экономикалық іс-әрекет мәселелері бойынша жиналыстар өткізеді;

- қалаға шетелдік инвестицияларды тарту үшін ұсыныстар өңдейді, шетелдік инвестициялармен кәсіпорындарды құру барысында арнайы сараптама өткізеді;

- әкімшілік тапсыры бойынша жасалған сыртқы сауда шарттарының орындалу барысын қадағалайды.

Муниципалды өкілетті және атқарушы органдарға өз қызметтерін атқару мақсатында белгілі мүліктік және қаржы-бюджеттік құқықтар жүктеледі.

Осы құқықтардың ресурстық қамтамасыз етілуіне жергілікті бюджеттерді (Қазақстан Республикасында – облыстар, аудандар, қалалар мен ауылдық округтердің бюджеттері) және территориалды қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қолданылатын шаруашылық ету субъектілерінің қаржыларын қамтитын муниципалды қаржылар жататындығын тәжірибе көрсетті. Муниципалды қаржылар халыққа әлеуметтік-мәдени, коммуналды-тұрмыстық қызмет көрсетумен байланысты кең шаралар кешенін қамтамасыз етеді. Осылайша, муниципалды қаржылар - бұл экономикалық қатынастар жүйесі, оның көмегімен муниципалды құрылымдардың экономикалық және әлеуметтік дамуы үшін қолданылатын ұлттық табыс пен ақша қаражаттарының қоры бөлінеді және қайта бөлінеді.

Муниципалды қаржылар арқылы мемлекет әлеуметтік саясатты белсенді түрде жүзеге асырады. Жергілікті билік органдарына бюджеттер қаражаттарын ұсына отырып, білім беруді, денсаулық сақтауды, халыққа коммуналдық қызмет көрсетуді, құрылыс пен жол мәселелерін қаржыландырады.

Муниципалды қаржылар көмегімен мемлекет тарихи, географиялық, әскери жағдайларға байланысты экономикалық және әлеуметтік жағынан Қазақстан Республикасының өзге аймақтарына артта қалған территориялардың экономикалық және әлеуметтік дамуын теңестіре еді. Осындай артта қалушылықты жою үшін аймақтық бағдарламалар өңделуі тиіс. Оларды жүзеге асыру үшін қаражаттар сәйкес әкімшілік-территориалды бірліктер бюджеттерінің табыстарынан құрылады. Муниципалды бюджеттерге аймақтық салықтардан аударымдар, сондай-ақ субвенциялар аударылады, яғни денсаулық сақтауды, жол құрылысын, коммуналды объектілерді дамытуға жоғарыдағы бюджеттерден бөлінетін қаржылық ресурстар.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. Муниципалды меншік құрамына не енеді
2. Әкімшіліктің сыртқы экономикалық байланыс бөлімі қандай міндеттерді атқарады
3. Кәсіпорын, мекеме, ұйымдарды құрудағы жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құқықтары

Орталық және аймақтық экономикалық басқару органдары: жауапкершілікті бөлу және өзара қатынас механизмі

1. Жауапкершілік түрлері
2. Жергілікті әкімшілік басшысының қызметтері
3. Жергілікті әкімшілік қызметіндегі заңдылықтардың сақталуын бақылау
4. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарын құру.

1. Барлық жергілікті өзін-өзі басқару органдары үшін мемлекет, заң, халық, жеке және заңды тұлғалар алдындағы жауапкершілік анықталған. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен жауапты тұлғалардың жауапкершілігінің түрлері мен формалары заңдар бойынша анықталады.

Жауапты тұлғалардың жауапкершілігі: *тәртіптілік, әкімшілік, және қылмысты.*

Тәртіптілік жауапкершілік – орган әкімшілігінің жұмыс істеушілерге тәртіптік жаза тартқызуға негізделеді. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмысшыларының тәртіптік жазалануы еңбек тәртібін бұзуы, орындалуға тиісті жұмыстарды орындамауы салдарынан болады және олар сөгіс, қатаң сөгіс алуы, төмен жалақылы жұмысқа ауыстырылуы, жұмыстан босатылуы мүмкін. Тәртіптік жазалаудың басқа да түрлері қолданылады, мыс: белгілі уақытқа дейін қызметі бойынша көтерілуге шектеу қою, сыйақыдан белгілі уақыт айыру.

Әкімшілік жауапкершілік – бұл әкімшілік құқық бұзылғаны үшін жауапты тұлғалардың заңды жауапкершілігінің бір түрі. Әкімшілік жазалар ескерту, штраф, мүліктерін конфискациялау, арнайы құқықтардан айыру, әкімшілік тұтқындау тағы басқа болып табылады.

Қылмыстық жауапкершілік – жазалау түріндегі жасалған қылмысы үшін құқықтық салдар.

Қылмыстық жауапкершілік сот шешімі күшіне енгеннен кейін басталады. Жергілікті өзін-өзі басқарудың жауапты тұлғаларын жазалау шаралары:

- 100 айлық еңбек ақысы көлемінде штраф салу;
- Белгілі уақытқа дейін лауазымы бойынша жұмыс істеуден босату;
- Әр түрлі мерзімде жөндеу жұмыстарын жүргізу;
- Бас бостандығынан айыру.

2. Жергілікті атқарушы орган (әкімият) – облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган. Бұл Қазақстан Республикасының атқарушы органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді, тиісті аумақтың мүддесімен және даму қажеттілігімен ұштастыра отырып, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді.

Жергілікті атқарушы органдардың қарауына мыналар жатады:

1) аумақты дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті әзірлеу және олардың атқарылуын қамтамасыз ету;

2) коммуналдық меншікті басқару;

3) жергілікті атқарушы органдардың басшыларын қызметке тағайындау және қызметтен босату, жергілікті атқарушы органдардың жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

4) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесіне сай Республика заңдарымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелінетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Сонымен қатар ол – облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) коммуналдық меншік объектілері мен әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілер құрылысы бойынша тапсырысшы болады, коммуналдық желілер мен құрылыстарды салуға рұқсат береді, әкімшілік аудандардың аудандық жоспарлану схемаларын, аудан орталықтарын, облыстық маңызы бар қалаларды салудың бас жоспарларын әзірлейді және оларды облыстық мәслихатқа бекітуге ұсынады; су құбырлары, тазарту құрылыстары, электр беру, байланыс желілері және басқа да көліктік және инженерлік инфрақұрылымдар объектілерінің құрылысын салу және пайдалануды ұйымдастырады; ҚР-ның Жер Заңдарына сәйкес жер қатынастарын реттеуді жүзеге асырады, және т.б.

Дәл осындай өкілеттіктерді аудандық аумақтық ерекшеліктеріне қарай аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) әкімияты да атқарады. Мысалы, оның тікелей құзыретіне жататын мәселелері болып табылатындар: жоғарыдағы айтылғандардан басқа, әскери тіркелу мен әскери қызметке шақыру жөніндегі, сондай-ақ азаматтық қорғаныс мәселелері жөніндегі іс-шаралардың ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді; халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мен кедейлікпен күрес бағдарламаларын іске асыруға қатысады. Қоғамдық жолаушылар тасымалын ұйымдастырады, аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) маңызы бар жолдарды пайдалануды және күтіп ұстауды ұйымдастырады, өз қарауындағы тұрғын үй қорын бөледі. Сонымен бірге, ол – халықты әлеуметтік қорғау, ана мен баланы қорғау мәселелерін шешеді, халықтың әлеуметтік жағынан дәрменсіз топтарына атаулы көмек көрсетеді, оларға қайырымдылық көмек көрсетуді үйлестіреді; аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағындағы экологиялық, тарихи, мәдени немесе ғылыми құндылығы бар табиғат объектілерін және өзге де объектілерді табиғаттың, тарих пен мәдениеттің қорғалатын ескерткіштері деп жариялау туралы ұсыныс енгізеді; қоғамдық жерді көріктендіру және сыртқы безендіру мәселелерін шешеді, және т.с.с.

Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) әкімият өзіне жүктелген міндеттерді іске асыруда аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) мәслихат алдында жауапты болады.

Әкімият Қазақстан Республикасының Конституциясы, заңдары, ҚР Президенті мен Үкіметінің актілері, өзге де нормативтік-құқықтық актілер негізінде және оларды орындау орайында қаулылар шығарады. Оған әкім қол

қояды. Әкімият және (немесе) әкім актілерінің қолданылуын тиісті прокурордың тоқтата тұруы мүмкін. Олардың жалпыға міндетті маңызы бар, ведомствоаралық сипаттағы немесе азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты актілері заңдарда белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органдарының мемлекеттік тіркеуіне жатады.

Әкім – Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің тиісті аумақтағы жергілікті атқарушы органды (оны құрған жағдайда) басқаратын және өзіне сеніп тапсырылған аумақта мемлекеттік саясаттың жүргізілуін, бүкіл орталық атқарушы органдарының аумақтық бөлімшелерінің келісімді жұмыс істеуін, тиісті бюджеттен қаржыландыратын атқарушы органдардың қызметіне басшылықты қамтамасыз ететін, Қазақстан республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік басқару өкілеттігі берілген, тиісті аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының жай-күйіне жауапты өкілі. Ол, әрине облыстарда, республикалық маңызы бар қалада және астанада ірі лауазымды тұлға болып табылады, оны Премьер-Министрдің ұсынуы бойынша Республика Президенті қызметке тағайындайды және босатады. Өзге әкімшілік-аумақтық бөліністердің әкімдері (облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және астананың әкімдерінен төменгілерін) Президент айқындаған тәртіппен қызметке тағайындалады немесе сайланады (Конституцияның 87-бабы, 4 тармағы). Республика Президенті өзінің ұйғаруы бойынша әкімдерді қызметтерінен босатуға хақылы. Демек, бұл туралы Президенттің жарлығы не өкімі қабылдануы тиіс.

Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдерінің өкілеттігі жаңадан сайланған республика Президенті қызметіне кіріскен кезде тоқтатылады. Бұл ретте әкімдер Республика Президенті тиісті әкімді тағайындағанға дейін өз міндетін атқаруды жалғастырады.

Әкімдердің құқықтық құзыреті аудандық әкімдерге қарағанда, күрделірек келеді. Облыс (республикалық маңызы қала, астана) әкімі заңдарға сәйкес: аудандық (облыстық маңызы бар қалалық, республикалық маңызы бар қаладағы аудандық, астанадағы аудандық) әкімияттар мен әкімдер жұмысын үйлестіреді; әкімшілік-аумақтық бөліністі басқару схемасын тиісті мәслихаттардың бекітуіне енгізеді; ведомствоаралық сипаттағы мәселелер бойынша консультациялық-кеңесші органдардың дербес құрамын мәслихатқа бекітуге ұсынады; заңдарда белгіленген жағдайларда және тәртіптік кәсіпкерлік қызметті лицензиялауды жүзеге асырады, т.б. Сондай-ақ, облыстық әкім облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) бюджеттен қаржыландыратын атқарушы органдар басшыларына, аудандар (облыстық маңызы бар қалалар, республикалық маңызы бар қаладағы аудан, астанадағы аудан) әкімдеріне заңдарға сәйкес тәртіптік жауапкершілік шараларын қолдану мәселелерін шешеді. Жергілікті бюджеттерден қаржыландыратын ішкі істер органдары қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану тәртібі ҚР заңдарына сәйкес жүзеге асырады. Демек, облыстық әкімдердің құзыреті бүкіл облыс аумағында жүреді. Облыс әкімі өз құзыретіндегі жатқызылған мәселелер бойынша Қазақстан республикасы Президенті мен Үкіметі алдында жауап береді. Бірақта

ол өзінің жекелеген өкілеттігін жүзеге асыруды төменгі тұрған әкімдерге беруге құқылы.

Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің құзыреті өз аумағында ғана іске асырылады. Айталық, мектепке дейінгі, орта, бастауыш және орта кәсіптік білім беру мекемелерін, әлеуметтік-мәдени сала мекемелерін қолдайды және оларды материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуге жәрдемдеседі; тиісті аумақта мал дәрігерлік көмек көрсетуді ұйымдастырады; салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауға жәрдемдеседі; өз құзыреті шегінде жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет, азаматтық қорғаныс, сондай-ақ жұмылдыру туралы мәселелер бойынша заңдардың орындалуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, т.с.с.

Аудан әкімі өз құзыретіндегі мәселелер бойынша және аудандық әкімшіліктің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша ҚР Президенті, Үкіметі және облыс әкімі алдында жауап береді.

Республикалық маңызы бар қаладағы (астанадағы) аудан, аудандық маңызы бар қала, кент (поселке), ауылдық (селолық), ауылдық (селолық) округ әкімінің құзыреті өзінен жоғары тұрған әкімдердің құзыретіне қарағанда тек өз аумағы көлемінде ғана іске асырылады.

2001 жылдың күзінде біздің республикада эксперимент ретінде алғашқы селолық әкімдердің сайлауы өткізілген болатын. Ал, енді, сол жергілікті өзін-өзі басқару институты елімізде қалай дамып келеді, соған көңіл аударалық.

Сонау КСРО кезінде де Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқару институты Кеңестік өкімет нысанында өмір сүрген болатын. Бірақта оның елеулі кемшіліктері де аз емес.

Біріншіден, сол кездегі елді басқарған Коммунистік партияның ықпалдылық, күштілік позициясының сақталынып қалуы, әрине өз септігін тигізді, өйткені, оның өкілдерінің басым көпшілігі халық депутаттар Кеңесінен депутаттық орынға ие болды.

Екіншіден, 1992 жылғы ақпан айынан бастап енгізілген Президенттің жергілікті әкімшілік басшыларын тағайындау институты өз кезегінде жергілікті жерлерде Кеңестердің билігінің күшті шектелуіне әкеп соқтырды. Ол, ақыр соңында, атқарушы билікке бақылау жасау өкілеттілігінен айырылды. Өйткені, соңғысының қарамағына, онымен қоса, әрі коммуналдық меншік те берілген болатын. Осылардың нәтижесінде жергілікті Кеңестерде тек қана әкімшілік басшысы дайындығын бюджетті бекіту өкілеттігі қалды.

Үшіншіден, неге екені белгісіз Қазақстан Республикасының бірінші Конституциясында жергілікті өзін-өзі басқару институты бекітілмеген.

Әкімнің қызметін ақпараттық-талдаулық, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді әкім аппараты жүзеге асырады. Оны әкімнің өзі құрады, таратады және қайта ұйымдастырады. Әкім аппараты жергілікті бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекеме болып табылады.

Әкім нормативтік-құқықтық сипаттағы шешімдер және әкімшілік-басқарушылық, жедел және дербес сипаттағы мәселелер бойынша өкімдер шығарады. Әкімдердің шешімдері мен өкімдерінің күшін тиісінше Қазақстан

Республикасының Президенті, Үкіметі не жоғары тұрған әкім жоюы мүмкін, сондай-ақ олардың күші сот тәртібімен жойылуы мүмкін.

Жергілікті өкілетті органдардың (мәслихат) өкілеттіктері мынадай:

1) агроөнеркәсіп кешенін және ауылдық аумақты дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын бекіту;

2) агроөнеркәсіп кешенін және ауылдық аумақ саласындағы шараларды қаржыландырудың көздері қарастырылған жергілікті бюджетті бекіту;

3) жергілікті атқарушы органдар жетекшілерінің агроөнеркәсіп кешенін ауылдық аумақты дамыту мәселелері бойынша есептерін тыңдау.

Жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктері (әкімият):

1) агроөнеркәсіп кешенін және ауылдық аумақты дамытудың аймақтық бағдарламаларын әзірлеу, мәслихаттың бекітуіне ұсыну;

2) агроөнеркәсіп кешенінің субъектілеріне мемлекеттің осы саладағы саясатының бағытын, механизмдерін түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

3) ауыл шаруашылығы өнімінің өндірісін дамытудың орта-мерзімді жоспарларын әзірлеу бойынша ұсыныстар жасау;

4) агроөнеркәсіп кешенінде кадрлардың біліктілігін көеру, оларды дайындау, кадрмен қамтамасыз ету шараларын жүзеге асыру;

5) ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу бағдарламасының қатысушыларын анықтау бойынша комиссия жұмысын ұйымдастыру;

6) агроөнеркәсіп кешенінде инновациялық тәжірибені тарату бойынша жұмысты ұйымдастыру және т.б.

3. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары, келісім шарт бойынша жұмыс істейтін жауапты тұлғалар ағымдағы заңдар мен нормативті-құқықтық ережелерді басшылыққа ала отырып өз қызметтерін жүргізуі керек. Жергілікті әкімшілік қызметіндегі заңдылықтың сақталуын жоғарғы сот, арбитраждық сот, жергілікті аумақтық сот, прокуратура тұлғалары түріндегі сот билігі жүзеге асырады.

Елдегі заңдылықтардың сақталуын бақылайтын бірінғай орталықтанған жүйе – ҚР-ның прокуратурасы Бақылау пәні, құралы ретінде жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңдарды орындауы, олардың жауапты тұлғаларының құқықтық актілермен заңдарға сай жұмыс жасауын қадағалау алынады. Прокуратура органдары өз уәкілдігін (өкімін) жергілікті билік органдарына тәуелсіз жүргізеді. Заңдардың орындалуын тексеру прокурорлардан шара қолдануын талап ететін, заң бұзушылық фактілерінің ақпараттарына негізделеді. Прокурор немесе оның орынбасары заңның құқықтық актілерін қарама-қайшы келетін наразылығын заңда қаралған жауапты тұлғаларға немесе сотқа ұсынады. Наразылық білдірілген іс қаралуға 10 күндей жатады. Наразылықты қарау нәтижесі кешіктірілмей жазбаша түрде қайтадан прокурорға жіберіледі. Заңды бұзуды жою жөніндегі ұйғарымды прокурор немесе оның орынбасары енгізеді. Бұл ұйғарым шыққаннан кейін бір ай ішінде жіберілген заң бұзушылықтарға қарсы шаралар қолданылуы тиіс.

4. Жергілікті өзін-өзі басқарудың жоғарғы органы – ауыл халқының жиыны, оның негізгі қызметі – жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлау және тарату. Сонымен, жергілікті өзін-өзі басқарудың сайлау органдары болып табылады:

- 1) ауыл халқының жиыны;
- 2) жергілікті қауымдастық;
- 3) жергілікті қауымдастық кеңесі;
- 4) жетекші.

Айырмашылығы - өзін-өзі басқарудың негізгі органдарын құру үшін сайлау жасына жеткен барлық халықтың сайлауға қатысуы жолымен неғұрлым ұзақ уақытқа «жергілікті экономиканы» реттеу үшін үй шаруашылықтары басшыларының арасынан біреуін сайлау.

Әрі қарай жетекші кеңестің қадағалауымен, әрекет етуші заңнамаға сәйкес халыққа қажетті коммуналдық және өзге қызметтерді ұсыну бойынша өндірістік-қаржылық іс-әрекетті жүзеге асыру мақсатында жергілікті шаруашылықты құрады.

Осы шаруашылықтың құрылтайшылары – үй шаруашылықтарының меншік иелері. Жергілікті шаруашылық үй шаруашылықтары меншік иелерінің кооперативі формасында құрылады (ҮШМК) және заңды тұлға болып табылады. Бүгінгі таңда осындай шаруашылықты құру үшін құқықтық база болып Қазақстан Республикасында әрекет ететін заңдар танылады: «ҚР тұрғын-үй қатынастары туралы», «ҚР тұтыну кооперациясы туралы», «ҚР тұтыну кооперативтері туралы», ҚР Конституциясы мен ҚР «ҚР жергілікті өзін-өзі басқару туралы» қабылданатын Заңы.

ҮШМК құру және оның іс-әрекетінің негізгі қағидалары мыналар: еріктілік, тұтынушылық сипат, жарналардың теңсіздігі, басқарудағы демократиялылық. Әрбір үй шаруашылығы өзінің жарнасымен кооперативтің құрылтайшылары қатарына енеді. Халық кеңеске сайлану арқылы үкіметпен жергілікті қауымдастықтың басқаруына берілген (ғимараттар мен құрылыстар, техника) коммуналды меншік объектілерін мүлкітік жарна ретінде енгізе отырып, құрылтайшылар тізіміне енеді.

Үй шаруашылықтары меншік иелерінің кооперативі заңды тұлға болып табылады және өзінің есеп-айырысу шотына ие болады. ҮШМК басқарудың шаруашылық органына оның басқармасын жатқызуға болады - жамият, ол кеңес мүшелерінің арасынан «жергілікті қауымдастықпен» сайланады. Жергілікті өзін-өзі басқарудың шаруашылық-атқарушы билігінің басты органы ретінде жергілікті қауымдастық жиналысы танылады. Оларға кеңестің ұсынуы бойынша кеңес мүшелерінің арасынан басқарма төрағасы тағайындалады. Жетекші үй шаруашылықтары меншік иелері кооперативінің басқарма төрағасымен де тағайындалады.

Басқарудың демократиялылығы мұнда бірқатар нормалар түрінде қалыптасқан. Ең алдымен, басқарудың барлық негізгі органдарының сайлаулығы, жетекші мен жамияттың кеңеске бағыныштылығы; кеңестің жергілікті қауымдастық жиналысына бағыныштылығы. Сонымен қатар,

демократизацияға жергілікті шаруашылық жағдайына байланысты кеңес құқығы ықпал етеді.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың өңделетін экономикалық моделінің келесі нормасы – бюрократияны жою. Басқарудың бюрократиялық типінің экономикалық мәні – меншік, еңбек және басқару сияқты категориялардың өзара байланысы. Егер осы категорияларды біріктірмейтін болсақ (яғни біреуі иеленеді, екіншілерін еңбек етеді, ал үшіншілері басқарады), онда біз таза бюрократиялық басқарманың толық сипатына кезігеміз. Және, керісінше, егер бір ғана адамдар меншікті иеленіп, еңбек етіп, басқаратын болса – бұл шаруашылық өзін-өзі басқару. Оған мысал ретінде шағын жеке кәсіпкерлікті, шағын қожалық шаруашылықты жатқызуға болады. Алайда, ірі субъектілерді басқару барысында өзін-өзі басқару қағидасын толығымен ұстану оңай емес. Сонымен, жергілікті өзін-өзі басқарудың дәл осы қағидасы Қазақстан Республикасында конституциялық норма болып табылады. Мұндағы басты идея – басқару халық мүддесіне қатысты жергілікті халықпен сайланған органмен жүзеге асырылады. Сондықтан жергілікті өзін-өзі басқарудың экономикалық моделіне осы нормалар қаланған, өйткені мұндағы меншікті халықтың өзі иеленеді. ҮШМК-да еңбек ету құқығы жергілікті өзін-өзі басқару органдарында еңбек ету құқығы осы территорияда тұрақты өмір сүретін тұлғаларға ғана ұсынылады, және жергілікті Қауымдастық Кодексінде қаланады. Аталмыш жергілікті қауымдастықтан адамдарды басқаруға қатысу құқығы қызметтер Заңының жобасында орын алады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдары тиімді үйлестіру механизмі арқылы осы мүдделерді қамтамасыз етеді. Мұнда жергілікті қауымдастықтың әрбір мүшесінің жеке мүдделерін ескеру қажет – материалды және моральды ынталандыру жүйесі арқылы. Зерттеулер 1000 адамнан құралған жергілікті қауымдастықтарда моральдық ынталар зор рольге ие екенін көрсетеді. Басқару жүйесінде халықтың кеңеспен кері байланысы байқалады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмыскерлері лауазымды тұлғалар мен кәсіби негізде ақылы түрде осы органдарда қызметті жүзеге асыратын азаматтарға жіктеледі. Соңғыларын мемлекеттік қызметкерлермен теңестіруге болады. Сайлаулы тұлғалар жергілікті қауымдастық мүддесіне қызмет етуі үшін үнемі ақы алмайды. Біздің модельде осындайлар ретінде мыналарды тануға болады: белгілі іс-әрекет бағыттарымен айналысатын кеңес комиссияларының мүшелері (денсаулық сақтау, білім беру). ҮШМК өндірістік құрылымдарының жұмыскерлеріне еңбек заңнамасы мен нарықтық заңдарға сәйкес жалақылар төленеді.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. Жауапты тұлғалардың жауапкершілігінің түрлері мен формалары
2. Әкімдердің құқықтық құзыретіне не кіреді?
3. Жергілікті әкімшілік қызметінің заңдылықтарының сақталуы
4. Жергілікті өзін-өзі басқарудың сайлау органдарына не жатады

Қазақстан Республикасының аймақтық саясаты


1. Мемлекеттің аймақтық саясаты: мәні, мақсаттары, мәселелері, қағидалары

2. Аймақтық саясаттың бағыттары мен басымдықтары

3. Қазақстан Республикасындағы аймақтық саясаттың қажеттілігі мен алғышарттары

1. Аймақтық саясат елдің тұрақты әлеуметтік экономикалық дамуының стратегиялық мақсаттары мен мәселелеріне қол жеткізу үшін өмірлік іс әрекет үшін және шаруашылық ету үшін территориалдық факторларды тиімді пайдалануға бағытталған мемлекеттің жалпы саясатының құрамды бөлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасы аймақтық саясатының мақсаты рационалды территориалды еңбек бөлінісі мен территориалды өзін өзі басқару қағидаларын құру негізінде әрбір аймақтың ресурсты-өндірістік потенциалын тиімді пайдалану үшін және халықтың өмірлік қабілеттілігі үшін салыстырмалы тең мүмкіндіктерді құрудан тұрады.



6 сурет - Мемлекеттік аймақтық саясаттың құрамы мен құрылымы

Аймақтық саясаттың мақсаттарына қол жеткізу төмендегі мәселелерді кезеңдік шешуді талап етеді:

- Аймақтардың шаруашылық дербестігін қамтамасыз ететін саяси, экономикалық, экологиялық және құқықтық сипаттағы шаралар кешенін өңдеу;

- Мемлекеттің макроэкономикалық саясатының стратегиялық жағдайларына сәйкес территориалды басымдықтарды анықтау;
- Жекелеген аймақтарды іріктелген мемлекеттік қолдаудың экономикалық белсенділікті мемлекеттік ынталандырумен үйлесуі;
- Тауарлардың, еңбек пен капиталдың, институционалды және нарықтық инфрақұрылымның аймақтық және жалпы республикалық нарықтарының қалыптасуы және дамуы;
- Дағдарыстан шығу және әлеуметтік экономикалық дамуды жетілдіру мақсатымен шағын және орта шаруашылықтарды қолдау және қайта құрылымдау;
- Артта қалған ауылдар мен селоларды өрлету үшін материалдық негіз жасау;
- Экономиканың рационалды кеңістіктік құрымын құру, өндірістің территориалды ұйымдастырылуын жетілдіру;
- Өндірістік кешеннің ресурсты-мақсаттық баланстануын қамтамасыз ету, территорияның экологиялы-экономикалық, ғылыми-техникалық, табиғи ресурстарын қалпына келтіру;
- Аймақтар бойынша халықтың деңгейі мен өмір сапасындағы айырмашылықтарды теңестіру, аймақтардағы, әсіресе, нашар дамыған аймақтардағы экономика мен әлеуметтік саланың депрессиялық жағдайын болдырмау.

Аймақтық саясатты тәжірибе жүзінде жүзеге асыру төмендегі қағидаларға негізделеді:

- Жалпы мемлекеттің және оның жекелеген аймақтары мүдделерінің тиімді үйлесуі;
- Аймақтар әрекеттерінің сыртқы саясат қағидалары мен мемлекеттің сыртқыэкономикалық әрекеттерімен келісімділігі;
- Тиімді салааралық еңбек бөлінісі мен өндіріс интеграциясы негізінде шаруашылық субъектілерінің өзара әрекет етуі;
- Территорияның әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешудегі, экономиканы реформалаудың әлеуметтік салдарларын әлсірету және қаржылық және өндірістік ресурстарды шоғырландыру үшін аймақтардың экономикалық дербестігі;
- Аймақ халқына кепілдік беру мен әлеуметтік нормативтерін қамтамасыз ету;
- Халықтың өмір деңгейі мен сапасы үшін аймақтық органдардың жауапкершілігі, материалды-шикізаттық, жер, су, өзге ресурстарды тиімді пайдалану.

2. Аймақтық саясаттың мақсаттары және мәселелеріне сәйкес оның негізгі бағыттарын бөліп көрсетуге болады:

- Өндірісті қолдау және ішкі және сыртқы нарықтарда сұранысқа ие өнімнің өндірісін арттыру, аймақтардың экспортты потенциалын арттыру;

- Экологиялық бақылауды күшейтумен болашағы жоқ өндірістерді біртіндеп жою;

- Шоғырландыру мақсатында жаңа ұйымдық құрылымдар мен технологиялық өзара байланысты өндірістерді қалыптастыру;

- Халықтың жұмысбастылығын сақтау мақсатында және жаңа жұмыс орындарын ұру мақсатында, жергілікті нарықта тауарлар мен қызметтер ұсынысын арттыру мақсатында шағын және орта бизнесті дамытуды қолдау;

- Инвестицияларды тарту үшін, әсіресе материалдық өндіріс пен аймақтық инфрақұрылымға шетелдік инвестицияларды тарту үшін қолайлы жағдай жасау;

- Аймақтың қаржылық ресурстарын, жинақтарды шоғырландыруға қабілетті институционалды инвесторларды қалыптастыру.

- Республикалық аймақтық басымдықтарды анықтау үшін жалпымен қабылданған типология қолданылады, оған сәйкес жаңа салық және бюджет саясатын құру тарапынан үш аймақ бөлініп қарастырылады:

- 1 топ – жан басына шаққандағы табыстары орташа республикалық деңгейден басым келетін аймақтар (Ақмола, Ақтөбе, Шығыс-Қазақстан, Қарағанды, Маңғыстау, Павлодар облыстары және Алматы қ.).

- 2 топ – жан басына шаққандағы табыстары орташа республикалық табыстар деңгейіне жақын аймақтар (Атырау, Жезқазған, Солтүстік Қазақстан облыстары).

- 3 топ - жан басына шаққандағы табыстары орташа республикалық табыстар деңгейінен төмен аймақтар (Алматы, Жамбыл, Батыс-Қазақстан, Қызылорда және Оңтүстік-Қазақстан облыстары).

Өткізілетін типологияға сәйкес республиканың территориялды даму басымдықтарының қатарына 1 және 2 топ аймақтары кіреді. Табыс деңгейі жоғары аймақтарда (қазақстандық өлшемдер бойынша) «лидерлер» негізгі экономикалық және өнеркәсіптік потенциал шоғырландырылған, республика экономикасының дағдарыстан шығу және оның әрі қарай өсімі бойынша үлкен сенім артылады.

3 топ аймақтары - әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі төмен облыстар «аутсайдерлер», оларға мемлекеттік қолдау көрсетуге байланысты ерекше назарға алынуы керек.

Нарықтық процестерді жүзеге асыру механизмдерін нақтылау және аймақшілік басымдықтарын айқындау мақсатында аймақтарды мамандандыру қағидасы бойынша типология қолданылады.

- Бірінші топ — стратегиялық сипаттағы минералды ресурстар қорларына ие және ел экономикасын әлемдік шаруашылыққа біріктіруге қабілетті, бірақ ауыл мен селоның экономикалық және әлеуметтік артта қалушылығына ие аймақтар.

Аймақтардың осы топтары үшін басымды болып мына мәселелер табылады:

- Жаңа игеру технологияларын және минералды шикізатты өңдеу технологиясын енгізу негізінде стратегиялық шикізат түрлерін интенсивті игеру

(көміртекті, хромиттер, калий тұзы, алтын, күміс, мыс, қорғасын, мырыш, фосфат, бораттар, никель, кобальт және т.б.);

- Әлемдік стандарттарға жауап беретін және отандық және шетелдік инвесторлар үшін қолайлы ахуалды қалыптастыратын (сыртқы халықаралық нарықтарға шығуды қамтамасыз ететін қонақүй құрылысы, офис ғимараттары, халықаралық порттар, әуежайлар, байланыс желілері, автожол желілері және теміржол) жоғары дамыған өндірістік, әлеуметтік және нарықтық инфрақұрылымды құру.

Екінші топ – жоғары ғылыми-өндірістік потенциалға, ауыр индустрияның айқын мамандануына, жоғары-технологиялық ғылыми сыйымды өндірістерге ие аймақтар.

Осы аймақтардың экономикасын реформалаудың басымды бағыттары:

- технико-технологиялық және шетелдік инвестицияларды құру базасы ретінде ірі өндірістік потенциалды әрі қарай қайта құру;

- электроника құралдары, ақпараттандыру, автокөлік құрылысы, автоматтандырылған басқару жүйелері сияқты жаңа технологиялық құрал-жабдық шеңберінде жаңа ғылыми өнімнің шығарылуын ұйымдастыру.

- Өндірістің өрлеуін қамтамасыз ететін алдыңғы қатарлы өнеркәсіп салаларына ие жаңа ұйымдастыру формаларын құру, оның ішінде кәсіпорындарды шетелдік және отандық фирмаларға тарату жолымен, шетелдік консалтингтік фирмалар мен мамандарды тарту, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды территориалдық ұйымдастырудің рационалды деңгейін құру.

Үшінші топ – агроөнеркәсіптік кешендері елдің азық-түлік қорын қалыптастыруда басымды болып табылатын аймақтар. Олардың әлеуметтік-экономикалық дамуының басымды бағыттары:

- Ауылшаруашылық өнім өндірісіне мамандануды жүзеге асыру;
- Алдыңғы қатарлы ауылшаруашылық техника лизингі жүйесін құру;
- Аймақтық АӨК іс-әрекетінің түрлі салаларындағы теңсіздікті жою;
- Республиканың тұрақты азық-түлік кешенін құру мақсатында ауылшаруашылық шикізатты өңдеу бойынша шағын кәсіпорындардың кең желісін ұйымдастыру;

- Қажетті өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды құру, ауылшаруашылығының материалды-техникалық базасын нығайту.

Төртінші топ – экстремалды жер қыртысы-климаттық, әлеуметтік-климаттық жағдайларға ие депрессивті аймақтар. Осы аймақтардағы шаруашылық, экономикалық және әлеуметтік дағдарыстардың бұзылуынан олар дағдарыстан өз күштерімен шыға алмайды.

Аталмыш аймақ топтары үшін басымды болып табылатын бағыттар:

- Экологиялық дағдарысты тереңдету процесінің алдын-алу;
- Жергілікті ресурстарды пайдалануды, ондағы халық тәжірибесі мен дәстүрлерін ескере отырып, шаруашылық кешенді қайта құру;

- Тұрғылықты халықтың өмір сапасы мен деңгейін арттыру үшін материалдық жағдай жасау бойынша нақты шаралар қабылдау;

- Шетелдік техника мен гуманитарлық көмекті тарту және оларды тиімді пайдалану.

3. Аймақтың дағдарыстан шығудың өзіндік жолын іздеуі барысында аймақтық басқару органдарының назарынан жиі стратегиялық мәселелерді шешу мәселесі шығып кетеді, ал жалпымемлекеттік деңгейде – шешім қабылдау барысында аймақтық ерекшеліктер үнемі лайықты түрде бағалана бермейді.

Сонымен қатар, экономиканы басқарудың аймақтық деңгейі нарықтық жағдайларға қатысты ең дайындалмаған элементі болды. Басқарудың әміршіл-әкімшіл жүйесі барысында кез-келген территория экономикасы одақтық, республикалық, салалық органдармен басқарылған, ал аймақ экономикасын тұтастай басқару түсінігі болған жоқ деп айтуға болады.

Трансформациялық процестермен және шаруашылық етудің жаңа шарттарымен нарықтық қатынастарды қалыптастырудың территориалды ерекшеліктерімен байланысты қосымша мәселелер туындады. Бұл жаңа даму кезеңінде мемлекеттің негізделген аймақтық саясатын өңдеу қажеттілігін туындатады (7-сурет).

Осындай аймақтық саясатты қалыптастыру төмендегі талаптарға байланысты туындауы керек:

1. Қазақстанның аймақтық нарықтарының біріктірілген жүйесі ретіндегі бірегей жалпымемлекеттік нарықтың қызмет етуін қамтамасыз ету.

2. Мемлекеттің макроэкономикалық саясатының жалпы стратегиялық ережелерінен шыға отырып, өндіргіш күштерді тиімді орналастыру мен маңызды территориалды басымдықтарды негіздеу.

3. Мемлекетаралық және аймақаралық байланыстарды қалыптастыру барысында жалпымемлекеттік мүдделер басымдықтарын қамтамасыз ету.


4. Аймақтардың түрлі экономикалық мүмкіндіктерін, территориалды еңбек бөлінісі мен аймақтардың экономикалық кооперациясының объективті басымдықтарын тиімді пайдалану.

5. Басымды, артта қалушы және нашар дамыған аймақтарды мемлекеттік қолдау жүйесімен толықтырылған аймақтық дамудың резервтері мен өзіндік резервтеріне бағдарлу.

6. Артта қалушы және депрессивті аймақтарды қолдау арқылы әлеуметтік жағдайлардағы тым үлкен аймақтық айырмашылықтарды жою. Әрбір аймақта лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз етіп, өмір сүру орнынан тәуелсіз түрде барлық азаматтар үшін тең жағдайлар жасау.

7. Республикалық мәнге ие маңызды аймақтық мәселелерді мемлекеттің шешу қажеттігі: Арал зонасының өрлеуі; бұрынғы Семейлік полигонына жақын орналасқан аймақтарды экономикалық және әлеуметтік реабилитациялау.

8. Мемлекеттік ықпал ету шараларымен өз параметрлері бойынша объективті айрықшаланатын аймақтарда нарықтық қайта құруларды жүзеге асыру барысында әлеуметтік әділдіктің территориалды қағидасының жүзеге асырылуын қамтамасыз ету.



7 сурет – Аймақ дамуын басқару үлгісі

Аймақтық даму дәстүрлі және жаңа мәселелердің үйлесуін білдіреді.

Дәстүрлі мәселелер тобы:

- Қауіпсіздік және азаматтық салаларды конверсиялау, инфрақұрылымды жаңарту, экологиялық жағдайды сауықтыру жолымен ескі өнеркәсіптік аймақтар мен қалалық агломерациялардың экономикасын қайта құру;

- Шағын қалалар мен ауылдардың депрессивті жағдайын жою, ауылдық жердегі жоғалтылған өмірлік ортаны қалпына келтіру, жергілікті өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, тасталып кеткен ауылшаруашылық жерлерді игеру;

- Экстремалды табиғи жағдайлары бар шикізаттық салаға маманданған аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандыру;

- Қатаң экологиялық стандарттарды сақтаумен өндірілетін шикізатты пайдалану бойынша территориялық-өндірістік кешендердің қалыптастырылуын жалғастыру;

- Аймақаралық, аймақтық және аймақішілік инфрақұрылымдық жүйелерді дамыту (көлік, байланыс, ақпарат);

- Аймақтар халқының өмір сүру деңгейі мен сапасы бойынша айтарлықтай артта қалуын жеңу.

Біздің ойымызша, жаңа мәселелер қатарына төмендегілер үшін жаңа басқару тұжырымдамасын (менеджмент) өңдеуді жатқызуға болады:

а) халықты ағарту (сауаттылығын арттыру);

б) адамдарды демократиялық өзін-өз ұйымдастырудың әлемдік тәжірибесіне, өркениетті ерік-жігер мен өз мүдделерін қорғай білуге үйрету;

в) жергілікті басқару органдарының қызметкерлері мен мамандарын аймақтық басқару (муниципалды) формаларына оқыту;

г) көптеген белсенді адамдар топтарын басқарушылық сананың қазіргі таңдағы мәдениетін меңгеруге тарту;

д) локальды-экономикалық мәселелердің, әлеуметтік психологияның жүйелік талдану мәселелерін қарастыру;

е) ауылдық, аймақтық және қалалық басқару деңгейлерінде қоғамдық мәселелерді реттеудің әдіс және құралдарына оқыту.

Негізгі аймақтық мәселелерді жүзеге асыру қазақстандық экономиканың жалпы дамуымен, құрылымдық, инвестициялық, сыртқы экономикалық қазақстандық экономиканың негізгі бағыттарын таңдаумен тығыз байланыста болады. Аталмыш процестің кездейсоқ болмауы үшін аймақтық және аймақішілік дамуды реттеуде мемлекеттің қатысуы аса маңызды болып табылады.

Аймақтық және аймақішілік дамуды реттеуге мемлекеттің тікелей қатысуының негізгі формалары ретінде мыналар қарастырылуы керек:

- Республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік аймақтық бағдарламалар;

- Аса маңызды құрылымдық инвестициялық жобалар;

- Шарттық жүйе арқылы өнімді жабдықтауға тапсырыстарды орналастыру.

Мемлекет экономиканың жаңа территориялық құрылымын қалыптастыру

барысында тікелей инвестициялық қатысудың өзге формаларын да пайдалануы керек (әсіресе жаңа аймақтарды құру барысында, аймақтық және аймақшілік инфрақұрылымды құру барысында, негізгі салаларда мемлекеттік және аралас меншік формаларына ие кәсіпорындарды дамыту барысында). Мұнда аймақтық дамуды мемлекеттік реттеу барлық басқару деңгейлерінде жүзеге асырылуы керек: республикалық, облыстық, аймақтық және жергілікті.

Аймақтық және жергілікті органдар локальды ресурстарды пайдалануға, шаруашылық құрылымдарын тиімді етуге, экологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешуге, экономикалық реформаның негізгі шараларын жүзеге асыруға ерекше назар аударулары керек.

Әлеуметтік саясаттың аймақтандырудың басты мақсаты – күрделі әлеуметтік конфликттерді болдырмау, жоғары әлеуметтік қаупі бар аймақтардағы қысымды төмендету.

Барлық басқару деңгейлерінің әрекеттері ішкі нарықты сақтау, жалпы ақша-несие жүйесін сақтау, энергетика, көлік және байланыс жүйелерінің кілтті инфрақұрылымдық желілерінің бірлігін сақтауға қатысты мәселелерді шешуге шоғырландырылуы тиіс.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. Қазақстан Республикасы аймақтық саясатының мәні мен мақсаты
2. Аймақтық саясатты тәжірибеде жүзеге асыру қағидалары
3. Аймақтық саясатты қалыптастыру талаптары
4. Аймақ дамуын басқару

Жергілікті бюджеттің кіріс бөлігін көбейту жолдары

1. Нарық қатынастары жағдайында жергілікті бюджет кірістерін қалыптастыру
2. Жергілікті деңгейде қаржылық бақылауды дамыту жолдары

1. Мемлекеттің орталықтандырылған ақша қорын қалыптастырумен және пайдаланумен байланысты болып келетін бюджеттің жұмыс жасауы ерекше экономикалық нысандар- бюджеттің кірістері мен шығыстары болып отырады.

ҚР Бюджет Кодексында көрсетілгендей, Салықтық және басқа да міндетті төлемдер, ресми трансферттер, мемлекетке өтеусіз негізде берілген, қайтарылатын сипатта болмайтын және мемлекеттің қаржы активтерін сатуға байланысты емес, бюджетке есептелуге тиісті ақшалар бюджет кірістері болып табылады.

Бюджет кірістерінің негізгі материалдық көзі – ұлттық табыс. Ұлттық табысты мемлекеттендіруде мемлекет әртүрлі әдістерді пайдаланады. Ұлттық табысты қайта бөлу және бюджет кірістерін қалыптастырудың негізгі әдістері ретінде мемлекеттік билік органдары салықтарды, займдарды, ақша эмиссиясын пайдаланады. Оларды пайдалану мемлекеттегі әлеуметтік-

экономикалық жағдаймен, мемлекеттің қаржы саясатымен анықталады. Салықтар ұлттық табысты қайта бөлудің негізгі әдісі, бюджет кірістерінің негізгі бөлігін қамтамасыз етеді. Әртүрлі мемлекеттердің орталық бюджеттерінің кірістерінде олардың үлесі 2/3 бөлігін қамтиды.

Қаржылық маңызы жағынан бюджет кірістерінің екіншісі – мемлекеттік займдар. Мемлекет займдарды келесі жылғы бюджетті жасаған кезде белгіленген бюджет тапшылығын жабу үшін пайдаланады. Қаржылық тұрақсыздық күшейіп, бюджет тапшылығы артқан сайын мемлекет займдарға аса көңіл аударады.

Мемлекеттік борыш салықтармен тығыз байланысты. Займдарды өтеу, олар бойынша проценттерді төлеу қосымша салық төлемдері есебінен немесе жаңа займдарды шығару есебінен жүзеге асырылады. Төтенше жағдайда салық төлемдері мен займдарды алу қиын болғанда мемлекет қағаз ақша эмиссиясын пайдаланады. Бұл әдіс ең тиімсіз, себебі ақша массасының тиісті тауарлы қамтамасыз етілмей өсуі инфляцияның күшеюіне әкеліп соғады.

Әдеттегідей, кірістердің көзі салықтар немесе оларға бара-бар төлемдер болып болып табылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті кірістерінің құрамы мен құрылымы салық төлемдерінің қолданыстағы жүйесімен және салыстырмалы тұрақсыз сипаттағы салықтық емес қаражаттардың түсімдерімен айқындалады.

Қазіргі таңда нарықтық қатынастар, басқарудың жергілікті органдарын реформалау жергілікті бюджеттердің кіріс көздерінің қалыптасуына әсер етіп отыр.

Жалпы жеке аумақтар мен аймақтар бюджеттеріне қаражаттардың түсу көлемі мен құрылымына елдегі экономикалық жағдай: қаржы-бюджет саясаты, өндіріс дамуының аймақтық деңгейі, оның құрылымы, инфляция қарқыны, бағаның өсуі және т.с.с. сан алуан факторлар әсер етеді.

«ҚР Бюджет Кодексіне», «ҚР жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жалпы жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдер республикалық бюджеттің түсімдеріне ұқсас және мыналарды біріктіреді:

1. салықтардың, алымдардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсімдері (1-кесте);
2. салықтық емес түсімдер;
3. негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер;
4. жергілікті бюджеттерге түсетін ресми трансферттердің түсімдері.

Жергілікті бюджеттерден берілген несиелерді өтеуден, коммуналдық меншіктегі мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, жергілікті атқарушы органның қарздарынан түсетін түсімдер жергілікті бюджеттерге есептеледі.

Дамудың қазіргі кезеңінде Қазақстан Республикасының жергілікті бюджеттері кірістерінің негізін аумақтағы шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халықтың салықтық түсімдері (96,7%) құрап отыр.

Түсімдердің екінші көзі республикалық бюджеттен берілетін трансферттер болып табылады. Әйтседе, орта есеппен, олар түсімдердің 20% құрағанмен, бірқатар субвенциялық облыстардың бюджеттерінде әлеуметтік-экономикалық

қажеттіліктерді қаржыландырудың қолайлы деңгейіне жету үшін меншікті салықтық және басқа түсімдердің жетіспейтіндігінен бұл түсім көзі 50% дейін барады. Бұл мұндай облыстардың салықтық базасының нашарлығымен байланысты. Бұл жағдайда республикалық бюджет арқылы бюджеттік алынымдар мен субвенциялар тетігінің көмегімен түсімдерді қайта бөлу проблемасы көкейтесті болып табылады, яғни бұл тетік объективті негізделген жетілдіруді қажет етеді

1 кесте - Жергілікті бюджеттер арасында салықтық түсімдердің бөлінуі

Облыстық бюджетке түсетін түсімдер	Республикалық маңызы бар қала, астана, аудан бюджеттеріне түсетін түсімдер
Салықтар	
1. Жеке табыс салығы 2. Әлеуметтік салық	1. Жеке табыс салығы 2. Әлеуметтік салық 3. Жеке тұлғалар, жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың мүлкіне салынатын салық 4. Жер салығы 5. Бірыңғай жер салығы 6. Жеке және заңды тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салық 7. Акциздер (республикалық бюджетке түсетін газ конденсатын қоса алғанда, шикі мұнайға салынатын акциздерден басқасы).
Төлемдер, алымдар	
1. Облыстық маңызы бар ақылы мемлекеттік автомобиль жолдары арқылы жүріп өткені үшін алым және бұл жолдардың белдеуіне сыртқы (көрнекі) жарнама орналастырғаны үшін төлем 2. Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем 3. Жер үсті су көздерінің ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем 4. Орманды пайдаланғаны үшін төлем 5. жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем	6. Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем 7. Жеке кәсіпкерлерді және заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені үшін төлем 8. Қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым 9. Аукциондардан алынатын алым және басқа төлемдер мен алымдар

Жергілікті бюджеттердің кірістері Қазақстан Республикасы заңдарында бекітілген көздер және жалпы мемлекеттік салықтар мен кірістер аударымдары есебінен қалыптасады.

Жергілікті бюджеттердің және бюджеттен тыс мақсатты қорлардың есебінен ұсталатын ұйымдарға, қоғамдық және шығармашылық бірлестіктер мен ұйымдарға, сондай-ақ мемлекеттік қатысу үлесінсіз шаруашылық жүргізуші субъектілерге республикалық бюджеттен қаржы бөлуге жол берілмеуі керек. Егер бюджеттің атқарылуы барысында Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарының нормативтік актілер қабылдаса, яғни құқықтық актілер, соларға сәйкес облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар бюджеттерінің шығыстары ұлғайса немесе кірістері азайса, олардың шығындары республикалық бюджет қаражаты есебінен өтеледі және

керісінше, олардың шығыстары азайған немесе кірістері ұлғайған жағдайда субвенциялар азайтылады, ал субвенциялық емес салалар бойынша олар өзара есеп айырысуға жатқызылады.

Өткен жылғы кірістерді артығымен орындау нәтижесінде қаржы жылының басында алынған бюджет қаржыларының бос қалдықтарын, сондай-ақ ағымдағы жылдың бюджетін атқару барысында өткен кезең ішіндегі кірістерді артығымен орындау сомаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бюджетті атқару үстінде пайда болатын қосымша шығындарды қаржыландыруға жұмсауы мүмкін.

Жергілікті атқарушы органдар тиісті әкімшілік – аймақтық бөліністер бюджеттерінің атқарылуын, бюджет қаржыларының тиімді әрі мақсатты жұмсалуды ұйымдастырады. Жергілікті бюджеттерді атқару бекітілген бюджеттердің сомалары шегінде құралатын облыстық бюджеттердің, республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың бюджеттерінің, аудан бюджеттерінің тоқсанға бөлінген кірістері мен шығыстарының жазбасы бойынша жүзеге асырылады. Жергілікті қаржы органдарының бөлінген бюджеттік қаржылар мақсатқа сай емес немесе тиімсіз пайдаланылған жағдайда қаржыландыруды тоқтата тұруға немесе қайтарып алуға құқығы бар.

Жергілікті бюджеттің есебінен ұсталатын ұйымдар жергілікті қаржы органдарының келісімімен қаржыларды, бекітілген бюджетте арнайы бөлінгендерінен басқа, бір бағдарламадан, кіші бағдарламадан және айрықша саладан екіншісіне аударуы мүмкін.

Республиканың әлемдік экономикалық қауымдастығына тез арада кіру мақсатында, халықаралық қаржы институттарының белгіленген ережелерін қабылдау үшін бұл бағытта алғашқы қадамдар атқарылды, соның ішінде нақтырақ айтқанда 2002 жылғы 19 қаңтарда «Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау туралы» ҚР заңы қабылданды.

Қазіргі кезеңде Заң бойынша республикалық және жергілікті бюджеттердің орындалуына бақылау жүргізетін 5 құрылым белгіленген:

- республикалық бюджеттің орындалуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті;
- ҚР Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік орган – ҚР ҚМ Қаржы бақылау комитеті және оның жергілікті басқармалары;
- мәслихаттардың тексеру комиссиялары;
- әкімдер уәкілеттік берген мемлекеттік органдар;
- мемлекеттік органдардың ішкі бақылау қызметтері.

Қазақстан Республикасының қаржы бақылау жүйесі дамуына республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуына ұлттық бақылау стандарттары қабылданғаны маңызды қадам болып табылады.

ҚР «Республикалық және жергілікті бюджеттердің орындалуын бақылау» Заңының талаптарына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттердің орындалуына сыртқы және ішкі бақылау жүргізу стандарттары бақылау жүргізуге бірыңғай талаптар белгілейтін нормативтік құжат болып табылады.

2. Қазіргі уақытта қолданылып отырған, әрі бюджеттік заңнамада бекітілген орталық және жергілікті атқарушы органдар арасындағы

өкілеттіліктердің бөлінісі туралы айтар болсам, жергілікті атқарушы органдар бюджетке елуден астам салықтар мен басқа да төлемдер уақытылы және толық түсуін қамтамасыз ету, денсаулық сақтау, білім беру, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және т.б. салаларда сапалы мемлекеттік қызметтер көрсету сияқты функциялардың орындалуына жауап береді. Мәселен, Қаржы министрлігінің деректері бойынша, 2007 жылдың он бір айы ішінде жергілікті бюджеттердің табыстары 1 397,7 млрд. теңгені немесе мемлекеттік бюджет табысының 54,2 %-ын құрады. Жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік бюджеттің жартысынан астам (54,6 %) шығындарының игерілуіне жауапты болды, яғни, бұл жан басына шаққанда 85 мыңнан астам теңгеден асады. Бұл ретте жергілікті бюджеттердің шығындары білім беруге 329,1 млрд. теңгені немесе мемлекет бюджетінің білім беруге арналған шығынының 81,3 %-ын, тиісінше, денсаулық сақтауға 238,6 млрд. теңгені, 88,1 %-ды, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылыққа 168,8 млрд. теңгені, 100 %-ды құрады. Барлық келтірілген көрсеткіштер соңғы жылдар ішінде бірнеше есеге өскенін атап өткен жөн. Осылайша жергілікті бюджеттердің өсе түскен мөлшері, жергілікті жерлердегі маңызды мемлекеттік органдардың өкілеттіліктерін одан әрі орталықсыздандыру жөніндегі жоспарларды іске асыру жергілікті деңгейде сыртқы бақылаудың барабар және тиімді жұмыс істейтін жүйесін құруды талап етеді.

Жергілікті деңгейдегі мемлекеттік қаржылық бақылаудың қазіргі жүйесінде белгілі бір оң ілгерушілік пен жинақталған тәжірибе болғанымен, едәуір кемшіліктердің де бар екендігін күн сайынғы тәжірибе көрсетіп отыр. Бақылау іс-шараларын өткізудің жүйелілігі мен бірыңғай көзқарастар жоқ, бұл тұтастай алғанда жергілікті қаржы бақылау органдарының тиімділігі мен нәтижелігіне әсер етеді.

Маслихаттардың тексеру комиссияларының мәртебесі мен өкілеттіліктері туралы қолданылып жүрген заңнама жетілдірілмеген және мағынасы әр түрлі. Мысалы, Бюджет кодексінде маслихаттың тексеру комиссиясы мемлекеттік орган болып табылатындығы белгіленген. Бірақ бұл норма «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңмен реттелмеген. Тексеру комиссиялары жергілікті деңгейлердегі мемлекеттік сыртқы бақылау органдары болып табылады және олар дербес болуға тиіс. Осыған байланысты тексеру комиссияларына мемлекеттік органның мәртебесі мен өкілеттіліктерін беру, оларға қажетті шарттар мен қаржылық ресурстар бөлу үшін нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет. Бірінші кезекте бұл «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет туралы» заңдарға қатысты [16, 3б.]

Маслихаттардың тексеру комиссияларының ережелерін әзірлеу мен бекітудің регламенттелген тәртібі және жергілікті бюджеттердің атқарылуына сыртқы бақылау жүргізудің ережелері осы уақытқа дейін жоқ. Осының салдарынан тексерулерді жоспарлауда оларды тікелей өткізуде және олардың нәтижелері бойынша есептер жасауда түрлі көзқарастарға тап болып отырмыз. Осының жағымсыз салдарлары, сондай-ақ, қалған кемшіліктер жергілікті деңгейде бюджет-қаржы тәртібінің төмен болуына соқтыруда. Мәселен,

республикалық бюджеттің трансферттерін өңірлердегі жергілікті атқарушы органдардың пайдалану мәселелері бойынша бақылау іс-шараларын өткізу кезінде Есеп комитеті жыл сайын миллиардтаған теңге мөлшерінде заң бұзушылықтарды анықтауда. Бұл ретте қайта-қайта орын алып отырған жыл сайынға заң бұзушылықтар өзіне назар аудартады, бұл мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесінің тиімділігін көрсетеді.

Жергілікті бюджеттердің атқарылуына толыққанды сыртқы бақылауды жүзеге асыру үшін тексеру комиссияларының тексерушілерінің санын ұлғайтып, оларды қажетті материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету қажеттігін жүргізілген талдауларда көрсетіп отыр. Барлық жергілікті деңгейде тексеру комиссияларының аппараттарын құру қажет. Мәселен, 2005 жылға дейін әкімдіктерде тексеру бөлімшелері қызмет етті, олар Бюджет кодексін енгізгеннен кейін таратылса да, штат бірліктері сақталып қалды. Есеп комитетіне маслихаттардың тексеру комиссиялары туралы үлгі ережелерді, жергілікті бюджеттердің сыртқы бақылау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту жөніндегі өкілеттіліктерді берген жағдайда көзқарастар бірлігі қамтамасыз етілетін болады. Сондай-ақ, қалыптастыру тәжірибесіне мемлекеттік бюджеттің атқарылуына сыртқы бақылау жүргізу қорытындысы бойынша біріктірілген есепті енгізу ұсынылады. Бұл маслихаттардың тексеру комиссияларының есептерін жинақтап, талдау үшін Есеп комитетіне жолдау тетігі арқылы іске асырылуы мүмкін.

Маслихаттардың тексеру комиссияларын нығайту үдерісінде Есеп комитетінің бастамасымен құрылған Қазақстан Республикасының сыртқы қаржылық бақылау органдарының қауымдастығы елеулі рөл атқаруға тиіс.

Жергілікті қаражаттарды бөлу мен пайдалану тиімділігін көтеру мақсатында бюджеттік процесті жетілдіру жөнінен бірқатар шаралар жүргізілді. Атап айтқанда, стратегиялық жоспарлар мен бюджеттің бірлігі жасалынды, мемлекеттік бюджетті қалыптастырудың бағдарламалық әдісі енгізілді, бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар саны қысқартылды, республикалық және жергілікті бюджеттер арасындағы өзара қатынастар түзетілді, есептеу – кассалық қызмет көрсету, бюджеттік қаражаттардың жұмсалуды бақылау әдістері жетілдірілді.

Жергілікті бюджет жобасын талқылау кезінде бюджет, қаржы, мәдени - әлеуметтік даму және халықты әлеуметтік қорғау, заңдылық және азаматтардың құқығын қорғау, өнеркәсіп, құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық, аграрлық мәселелер және экология жөніндегі тұрақты комиссиялардың ұсыныстары мен сын ескертпелері назарға алынды. Мұның өзі нашақорлықпен күрес, қоршаған ортаны қорғау және селолық аймақтарды кезеңімен дамыту жөніндегі шығындарды ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі жергілікті бюджетті олардың көпсалалы қызметтерді бейнелейтін құжат деуге болады. Ол жергілікті шығындардың және оларды өтейтін қаржы көздерінің жылдық жоспары. Бюджеттің жобасы жыл сайын заң шығаратын органда талқыланады және елдің, штаттың парламентінде немесе муниципалдық жиналыста қабылданады. Қаржылық жыл біткеннен кейін атқару үкіметінің өкілетті өкілдері, алдыңғы жылғы бюджет туралы

қабылданған заң бойынша өздерінің табыстарын жинақтау туралы және жасалған шығындар туралы есеп береді.

Біздің ойымызша, ұсынылып отырған шараларды іске асыру бақылау іс-шараларының сапасын арттырумен қатар, олардың қорытындысы бойынша маслихаттарға есептілікті, әкімдерге ақпаратты жедел беруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ, Мемлекет басшысына өңірлердегі бюджет қаражатының игерілуі және елді дамытудағы маңызды әлеуметтік-экономикалық бағдарламалардың орындалуы бойынша жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігі туралы толық ақпарат ұсынуға, жағдайды жақсарту жөніндегі сындарлы ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. Бюджет кірістерінің негізгі көздері
2. Жергілікті бюджеттер арасында салықтық түсімдердің бөлінуі
3. Бюджеттік процесті жетілдіру шаралары

Унитарлы және федеративті мемлекеттердегі муниципалды басқару

1. Франциядағы территориалды басқаруды ұйымдастыру
2. Италиядағы жергілікті басқару жүйесі.
3. Германиядағы муниципалды басқаруды ұйымдастыру.
4. АҚШ-ғы территориалды басқару.

1. Франциядағы билік жүйесі құрылуының жалпы қағидалары.

Билікті ұйымдастыру және жүзеге асыру механизмінің тұрғысынан алғанда демократия немесе диктатура туралы сөз қозғалады. Франция осы тұрғыда демократиялық мемлекет болып табылады.

Францияда билікті бөлудің үш қағидасы әрекет етеді:

- Билікті вертикалды бөлу қағидасы;
- Билікті горизонталды ұйымдастыру қағидасы;
- Билікті функционалды ұйымдастыру қағидасы.

Биліктің аталған әрбір ұйымдастыру қағидасының сипатты белгісі – оларды деңгей бойынша бөлу болып табылады. Мысалы, Франциядағы вертикалды билік келесі деңгейлерге бөлінеді:

- Тұрғылықты жерлердің деңгейі (коммуналар);
- Территориалды жерлер деңгейі;
- орташа (аймақтар, өлкелер);
- жоғары (департамент);
- мемлекеттік деңгей (орталық деңгейі).

Аталмыш деңгейлер саяси құрылым мен көлемінен тәуелсіз түрде кез-келген елде әрекет етеді. Мұндай бірлік кездейсоқ емес, себебі ол адамдар өмірінің неғұрлым маңызды процестерін басқарушы әрекеттің «қамту»

кажеттілігімен байланысты.

Франциядағы қазіргі таңдағы билікті бөлудің қалыптасу тарихы.

«Франциядағы биліктерді бөлу жүйесі республиканың әкімшілік-территориалды құрылымына сәйкес қалыптасады. Франция Конституциясында мемлекеттегі билікті ұйымдастырудың үш деңгейі мен территориалды өзін-өзі басқарушы ұжымдардың үш типі аталған: коммуналар (Францияда 36757), департаменттер (100) және теңіз территориялары (4). Аталмыш әкімшілік бірліктер әкімшілік өкілеттіктерге, шектеулерге ие болады, біріншіден, олармен басқарылатын ұлттық территория бөлігіне ие болса, ал екіншіден, жергілікті істерге (арнайы жүктелген немесе заңмен делегирленген) ие болады» www.bninsk.com Тарау IX. Бөлім II. «Францияның муниципалды институттары». Осылайша, Парламент (яғни арнайы заңмен) қабылдайтын тек заң жүзінде ғана Конституция бойынша (1958 жылдың 28 қыркүйек айы, 1995 жылы соңғы рет өзгертіліп толықтырылған) әкімшілік-территориалдық бірліктің жаңа түрін құруға болады, ол, өз кезегінде, 1982 жылдың 2 наурызында жүзеге асырылған: бірнеше департаменттерді біріктіретін аймақтардың жаңа деңгейі енгізілген болатын (22 аймақ құрылды).

Өткенге көз жүгіртсек, Франция жергілікті басқару мен өзін-өзі басқаруды орталықтандырудың жоғары дәрежесіне ие болған мемлекеттердің бірі болды.

Жергілікті басқару жүйесінде басты орынға префект ие болды, ол үкімет билігінің өкілі болып табылып, жергілікті іс-әрекеттің барлық бағыттарын анықтап отырды. Әкімшілік басқару механизмінде осындай кілтті институттың пайда болуы 1789 жылғы Революциядан кейін бірегей де бөлінбес ұлт қағидасын қабылдаумен байланысты болды. Бұрындары басқару жүйесіне сипатты болған аймақтық әртүрлілік жойылған болатын: өздеріне қатысты территорияларды басқарудың кең өкілеттігіне ие болған орталық билік өкілдері басқаратын департаменттер құрылды. Осы жоғары орталықтандырылған жүйе Францияда шамамен 200 жылға таяу әрекет етті.

1982 жылы өткізілген орталықсыздандыру территориялық ұжымдардың өкілеттіктерін кеңейтіп, орталық биліктің айтарлықтай басым бағдарын сақтай отырып, өз істерін жүзеге асыруда оларға зор дербестікті қамтамасыз етті. Билікті орталықсыздандырудың жаңа үкіметтік саясатын жүзеге асыру мақсатында 1983 жылы коммуналар, департаменттер, аймақтар мен мемлекет арасында өкілеттіктерді бөлу туралы Заң мен қаржыландыру көздерін бөлу туралы Заң қабылданған болатын. Осы актілер кейіннен аймақтардың, жергілікті басқару аппаратының ұйымдық құрылу мәселелерін қамтитын, жергілікті сайлауды өткізу мәселелерін, аймақаралық ынтымақтастық мәселелерін қамтитын өзге де заңдармен толықтырылған болатын» www.bninsk.com Фадеев Ф. «Муниципалды құқық тарихның қысқаша очеркі».

Франциялық заңнамадағы әкімшілік өлке дегеніміз түрлі мемлекеттік қызметтер әрекеттер шеңберінде қызмет ететін ұлттық территорияның бөлігі болып табылады. Әкімшілік өлке мәртебесі екі ерекшеліктермен айрықшаланады. Өлке заңды тұлға болып табылмайды, себебі ол мемлекеттің бөлігі болып табылады. Өлкені префект атты жоғарғы атқарушы лауазымды тұлға басқарады. Префект Франция республикасының Президентімен

тағайындалады және таратылады. Екі жағдайда да Президент Декретке қол қояды, ол содан кейін Францияның Министрлер Кеңесімен бекітіледі. Өлке префектісі Францияның Президенті мен Премьер-министрінен міндетті орындайтын тікелей бұйрықтар алады.

Территориалды өзін-өзі басқарушы ұжымдардың жалпы сипаттамасы «Коммуна, департамент және аймақтар территориалды өзін-өзі басқарушы ұжымдар мәртебесіне ие бола отырып мынадай ортақ сипаттарға ие болады:

Өзіндік билік және басқару органдары, оның ішінде биліктің сайланатын өкілетті органдары – жалпылама, тең, тікелей және құпия дауыс берумен сайланатын кеңестер (Муниципалды кеңес, Департаменттің басты кеңесі, аймақтық кеңес).

Өзіндік өкілеттік. Территориалды өзін-өзі басқарушы ұжымдар өкілеттігінің ерекшелігі – мемлекеттік және жергілікті істерге дифференциацияның болмауы.

Әрбір территориалды өзін-өзі басқарушы ұжымдарына «мемлекет өкілі» бекітілген. Ол жергілікті биліктер актілеріне қатысты бақылауды жүзеге асырады, оны заңдылықты бақылау деп атайды (a posteriori бақылауы, немесе мерзімі кейінге қалдырылған бақылау). Территориалды өзін-өзі басқарушы ұжымдардың билік органдарына сауда-өнеркәсіптік сипаттағы бұқаралық қызметтерді ұйымдастыру барысында өнеркәсіп иелерімен және жеке кәсіпкерлермен бәсекеге түсуге тыйым салынған. Сонымен қатар, кез-келген территориалды өзін-өзі басқарушы ұжымдар аталған екі жағдайда да экономикалық іс-әрекетке араласу құқығына ие. Қиындықтары бар кәсіпорындарды экономикалық қолдау мақсатында олармен жасалған келісімдер шеңберінде Коммуналар, департаменттер мен аймақтар аралас акомпаниялар, колммуналды қызметтердің капиталына үлестік қатысып, қоғамдық мүддені білдіретін сауда кәсіпорындарына қарыздар кепіл ретінде қатыса алады.

2. Жергілікті басқаруды итальяндық жүйесі франциялық ықпалға ие болғаны соншалық, ол тіпті көптеген жағдайларда франциялық жүйенің көшірмесі ретінде қарастырыла алады. Айтарлықтай айырмашылықтар елді аймақтандырумен байланысты болып келеді: итальяндық аймақтардың ерекше деңгейді құрай отырып, жергілікті территориалды құрылымдарға жатқызыла алмағанына қарамастан, олардың құрылуы жергілікті басқару құрылымына айтарлықтай әсер етті.

Итальяндық Республика территориясы 20 аймаққа бөлінген (regioni), олардың бесеуі ерекше мәртебеге ие (statuto speciale), ал қалғандары - әдеттегі міртебеге ие (Трентино-Альто-Адижде атты ерекше мәртебеге ие аймақ екі автономды провинцияларға бөлінген, олардың әрбіреуі ерекше мәртебелі аймақтың барлық құқықтарына ие. Олардың бір аймаққа біріктірілуі формалды болып табылады). Мәртебелердегі айырмашылық, ең алдымен, өкілеттіктер тізімі мен қаржыландыру ерекшеліктеріне негізделеді, сондай-ақ мәдени-этникалық автономияға қатысты болады. Осы мәселелердің барлығында ерекше мәртебелі аймақтар қосымша құқықтарға ие болады.

Әрбір аймақ территориясы провинцияларға бөлінген (тарихи тұрғыда провинциялар аймақтардан бұрын құрылған), олар территориалды басқарудағы өз орны бойынша француздық департаменттерді еске түсіреді. Жергілікті басқарудың төменгі деңгейі – коммуналар (comuni). Барлық провинциялар (екі автономдыны қоспағанда) мен барлық коммуналар ұлттық заңнамада бекітілген бірегей унификацияланған мәртебеге ие.

Провинцияларда да, коммуналарда да кеңеспен, джунтамен (giunta) сипатталған өзін-өзі басқару органдары әрекет етеді – ол атқарушы биліктің басшысымен және кеңес құрамынан сайланатын ұжымдық атқарушы орган. Коммуналарда атқарушы билік басшысы - синдик (sindaco); 1993 жылдан бастап ол тікелей жалпылама сайлаулар жолымен сайланады және коммуналды кеңес пен джунтаның төрағасы болып табылады. Провинцияны провинция президенті басқарады, 1993 жылдан бастап ол жалпы халықпен сайланады және атқарушы биліктің жетекшісі болып табылады. Осымен қатар, провинциалды кеңес өзінің төрағасын сайлайды. 90 жылдардың басындағы реформаларға дейін джунта жергілікті қауымдастықтардың атқарушы билігінң барлық өкілеттіктерін біріктірген; синдик және президент тек өкілетті рольге ие болды. Бүгінгі күні олар атқарушы биліктің нақты басшылары болып табылады.

Франциядағы сияқты, аймақ комиссары өзін-өзі басқару органдарының іс-әрекеттерін бақылайды және провинция мен аймақ территориясында мемлекеттің салалық қызметтерін басқарады. Провинция префектісі (prefetto) осы қызметтерді жүзеге асыруға тартылады, бірақ негізінен ол тек провинциядағы полиция мен қауіпсіздік қызметтеріне басшылық етеді. Италияндық жергілікті басқарудың қызығушылық танытатын ерекшелігі – коммуналарда хатшының болуы, ол коммуналды әкімшілікті жедел басқарып, екі деңгейлі бағынышта болады: провинция синдикі мен префектісіне бағынады. Ол жергілікті емес, мемлекеттік қызметкер болып табылады және лауазымға профект ұсынысы бойынша үкіметпен тағайындалады.

3. Германия Федеративтік Республикасының негізгі заңы жергілікті өзін-өзі басқарудың және жергілікті билік органдарының негізгі құқықтарының әрекет етуіне кепілдік береді: Общиналарға заң шеңберінде және өзінің жауапкершілігі шеңберінде община мәселелерінің барлығын шешу жүктеледі. Осы бап общиналар мен аудандар деңгейінде сайлаулы өкілетті билік органдарының міндетті түрде әрекет етуін қарастырады.

Община

Общиналар (Gemeinden) жергілікті өзін-өзі басқарудың базалық бірлігі болып табылады және барлық неміс жерлерінде әрекет етеді. Община ретінде қала, ауыл, бірнеше аудандардың жиынтығы қарастырыла алады. 1965-75 жж. ГФР-де біріктіру жолымен общиналар санын бірнеше есе қысқартқан реформа өткізілген болатын.

Барлық жерлердің Конституциясымен қарастырылған общиналар әрекет етуінің міндетті шарты – биліктің өкілетті және атқарушы органдарының бөлек әрекет етуі. Биліктің общиналық органдары өкілетті орган үшін тікелей, тең және жалпылама болып табылатын сайлау жолымен құрылады. Шағын

общиналарда өкілетті орган ролін барлық тұрғындардың жиналысы атқара алады.

Жергілікті басқару органдарының қызмет етуі мен құрылымы қандай да бір жердегі Ережелердің қандай модельге жатқызылатындығына байланысты айрықшалаынады.

Магистрат моделі (Magistratsverfassung).

Аталмыш модель Гессен жерінде, Шлезвиг-Гольштейн жерінің қалаларында, Рейнланд-Пфальц және Бременхафен (Бремен өлкесі) кейбір қалаларында әрекет етеді. Әдебиетте оны дұрыс емес магистрат деп те атайды, себебі ол бірқатар параметрлер бойынша классикалық прустік магистрат жүйесінен ерекшеленеді. Ол қалалық жерлерді дәстүрлі түрде қолданылады.

Жалпылама сайлау жолымен сайланатын кеңес өз құрамынан кеңес төрағасын тағайындайды (Stadtverordneten-Vorsteher немесе Stadtpräsident). Кеңес төрағасы отырыстарда төрағалық етеді, күн тәртібін дайындайды. Сол уақытта кеңес дауыс беру жолымен кәсіби басқарушылар қатарынан Магистрат атты ұжымдық атқарушы органды тағайындайды.

Магистраттың барлық шешімдері дауыс беру жолымен қабылданады. Кеңес бургомистрді тағайындайды (тәртіп бойынша, магистрат мүшелерінің ұсынуы бойынша), оны магистрат басқарады. Алайда оның ролі салыстырмалы шағын: ол магистрат отырыстарында төрағалық етеді, магистратта шешуші дауыс құқығына ие (дауыстар тең болған жағдайда). Ол магистрат мүшелері үшін басшы болып табылмайды. Соңында, кеңес магистрат мүшелері арасында әрбіреуіне община өкілеттігіне сәйкес келетін жеке жұмыс учаскесін тапсыра отырып, іс-әрекет саласын бөле алады; бургомистр сондай-ақ, магистрат мүшелері арасында іс-әрекет саласын бөле алады, бірақ кеңеспен жасалған бөлуге араласа алмайды.

Осы модель Солтүстік Рейн-Вестфалия және Нижняя Саксония жерлерінде әрекет етеді. Оның негізгі сипаттары жергілікті билікті ұйымдастырудың ағылшындық жүйесінің көшірмесі ретінде қарастырылады.

Община кеңесі өз құрамынан бургомистрді немесе обер-бургомистрді сайлайды. Бургомистр община отырыстарында төрағалық етеді және өкілетті қызметтерді атқарады. Кеңес 6-12 жылға община директорының лауазымына кәсіби басшыны (Gemeinedirektor) немесе қалалық директорды (Stadtdirektor) тағайындайды. Ірі қалаларда кеңес, сондай-ақ директор көмекшілерін тағайындайды, оларға белгілі іс-әрекет салалары жүктеледі; олар директордың иерархиялық бағыныштылары болып табылады. Община директоры әкімшілікті басқарады, кеңес шешімін дайындайды және атқарады.

Төменгі Саксонияда тағы бір басқару органы құрылады - әкімшілік комитет (Verwaltungsausschuß), оған көмекшілері бар община директоры және сайланған кеңес мүшелері кіреді. Комитет арнайы қарастырылған мәселелер бойынша кеңес шешімін дайындайды.

Кеңестің солтүстік германдық жүйесі (Norddeutsche Verfassung)

Бургомистр моделі (Bürgermeisterverfassung)

Аталмыш модель Рейнланд-Пфальц жерлерінде, Саар және Шлезвиг-Гольштейн ауылдық общиналарында кең таралған. Ол француздық

коммуналардың институционалды ұйымдастырылуын еш өзгеріссіз қайталайды.

Кеңес өз құрамынан бургомистрді (обер-бургомистрді) сайлайды, ол сол уақытта кеңестің төрағасы мен общиналардың атқарушы билігінің басшысы болып табылады. Параллельді түрде кеңес кәсіби басшылар мен өзінің құрамынан управаны тағайындайды, оған бургомистр де енеді. Управаның міндеті – кеңес шешімін дайындау, бургомистр бастамасымен общиналық әкімшілікті басқару. Бургомистр және кеңес бір-бірінің шешімдеріне қарсы шыға алады, мұнда бургомистр кейінге қалдыру вето құқығына ие болады.

Оңтүстікгермандық модель (Süddeutsche Ratsverfassung)

Бұл Бавария, Саксония, Баден-Вюртемберг пен бұрынғы ГДР-дің көптеген жерлерінде қабылданған модель.

Жалпы алғанда, мұнда бургомистерлік модельдің сипаттамалары қайталанатын, бірақ бургомистр (обер-бургомистр) тікелей жалпылама сайлау жолымен халықпен сайланады. Тәртіп бойынша, екі турдан тұратын мажоритарлы жүйе қолданылады. Бургомистр, сондай-ақ, атқарушы билік басшысының және кеңес төрағасының қызметтерін үйлестіреді; әрине, ол да общинаның қызығушылықтарын қорғайды. Кеңес, сондай-ақ, жартылай өзінің құрамынан, жартылай шенеушілердің құрамынан управаны немесе бургомистрдің қатысуымен өзге ұжымдық органды құрайды.

Комитет жүйесі (Kreisausschußverfassung - Гессен Шлезвиг-Гольштейн жерлері)

Аудандық жиналыс ұжымдық атқарушы органды құрайды – аудандық комитет (Kreisrat или Kreisausschuß). Ал Шлезвиг-Гольштейнде ол жиналыс құрамынан құралады, Гессенде жиналыс пен комитетте параллельді түрде мүше болуға тыйым салынады. Комитет өкілеттігінің мерзімі - 6 жыл.

Ландрат жүйесі (Landratsverfassung - Рейнланд-Пфальц және Саар жерлері)

Ландрат ауданның атқарушы билігінің басшысы болып табылады. Ол мемлекеттік шенеунік болып табылады және аудандық жиналыстың ұсынуы бойынша ол жердегі үкіметпен тағайындалады.

Директор жүйесі (Direktorialverfassung – Төменгі Саксония, Солтүстік Рейн-Вестфалия)

Атқарушы биліктің басшысы аудан директоры болып табылады (Oberkreisdirektor), ол жиналыспен 10-12 жылға сайланады. Вестфалияда жиналыспен сайланған директор жер үкіметімен бекітіледі. Осы жерлерде ландрат лауазымы да әрекет етеді - бұл атқарушы өкілеттікке ие болмайтын жиналыс төрағасы.

4. АҚШ-ғы жергілікті басқару кең орталықсыздандырумен, муниципалитеттердің орталық үкімет пен штаттардан белгілі тәуелсіздігімен, жергілікті басқару органдарының мемлекеттік билікке тікелей бағыныштылықтың болмауымен сипатталады.

АҚШ жергілікті басқару органдарының қақтығысатын мәселелері көбінесе өзге елдердің муниципалитеттерінің алдында тұрған мәселелерге ұқсас келеді:

олардың қатарына жеткіліксіз өзіндік қаржылық база, муниципалды басқару органдары жүйесінің жетілмеуі, тармақтылық, бай муниципалитеттер мен үнемі қаржылық дағдарыста болатын қалалар арасындағы күрделі қатынастарды жатқызуға болады.

Жергілікті басқарудың құқықтық негіздері

АҚШ конституциясында жергілікті басқару ұйымдарын реттеу штаттар өкілеттігіне жатқызылады деген тікелей ережелер жоқ. Тәртіп бойынша, АҚШ конституциясы орталық билік органдарының айрықша өкілеттіктерін ғана орнатады және барлық қалған сұрақтардың штаттар өкілеттігіне жатқызылатындығын мойындайды. Құрама Штаттарда муниципалды басқару органдарының мәртебесін конституциялық бекітудің тек бір деңгейі ғана әрекет етеді (штаттық), себебі жергілікті бөлімшелер іс-әрекетінің мәселелерін реттеу Одақ өкілеттігіне кірмейді,- деген Ч.Белл және Ч.Прайс. Осылайша, дәл осы штаттар конституциялық тұрғыдан өз территориясында жергілікті басқаруды ұйымдастырумен байланысты мәселелерді шешуге өкілетті болып табылады. Осыған байланысты АҚШ жергілікті басқаруын зерттеушілердің көпшілігі муниципалитеттер – штаттар креатуралары деген түсінікті жиі қолданады, ол жергілікті биліктердің штаттар биліктерінен толық тәуелділігін білдіреді.

Жергілікті органдардың қызмет етуінің құқықтық негізін құрайтын заңдардың екінші категориясы мемлекеттік іс-әрекеттің түрлі салаларын басқару туралы нормативтік-құқықтық актілерден құралады. Муниципалитеттер мәртебесін реттейтін жергілікті заңдардың саны айтарлықтай көлемді; мұнда тек алты штаттарда ғана жергілікті органдарға жатқызылатын заңдар кодификацияланған. БКөптеген штаттардағы муниципалды билік туралы саны мен көлемі жағынан айтарлықтай көлемді заңнамалар муниципалитеттерге қатысты құқықтық ережелерге талдау жасауды айтарлық қиындатады, сонымен қатар қандай да бір өкілеттіктің болуына күмәнданатын жергілікті басқару органдарының белсенділігіне ықпал етеді.

Жергілікті билік органдарының құқықтық мәртебесін сипаттайтын маңызды элементті көптеген муниципалитеттерде болатын муниципалды хартиялар құрайды. Американдық зерттеушілер хартия терминіне екі жақты пайымдау береді – тар және кең. Тар мағынадағы хартия – муниципалды құрылым іс-әрекетін реттейтін барлық нормаларды қамтитын бірегей құжат. Кең мағынадағы хартия – жергілікті билік органдарының іс-әрекетін реттейтін штат заңдарының жиынтығы (тіпті осы заңдар бір құжатқа жиналмаса да). Кең мағынадағы хартия штат конституциясының сәйкес ережелерін, заңдары мен хартия ретінде анықталатын құжаттың жалпы ережелерін қамтиды. Құқықтық доктрина тар мағынадағы хартияны корпорацияның негізгі заңы ретінде анықтайды, ол муниципалды өкілеттіктерді, құқықтар, міндеттер мен артықшылықтарды орнатады және бақылайды. Жалпы ереже бойынша конституциялық шектеулердің болмауы жағдайында штат легислатурасы муниципалды құрылымдардың хартияларын қабылдау, бас тарту, өзгертуге құқылы.

Өзін-өзі басқару органдары

Қазіргі таңда АҚШ штаттарында өзіндік жергілікті басқару органдары бар

алты әкімшілік-территориалды бірліктер әрекет етеді: графтылықтар (counties); қалалар (cities); бороу (boroughs); вилидждер (villages); таундар (towns) және тауншиптер (townships). Бүгінгі күні тек Нью-Джерси штатында ғана аталған барлық муниципалды буындар бар; қалған штаттар оландандың кейбіреуінен бас тартқан болатын. Осылайша, графтылықтар Коннектикут пен Род-Айлендтен басқа штаттардың барлығында бар. Қалалар (сити) деп аталатын муниципалитеттер Гавайя штатынан басқа штаттардың барлығында бар. Вилидждер деп аталатын муниципалды бірліктер 17 штаттарда бар. АҚШ-ң жекелеген штаттарының әкімшілік-территориалды бірліктерінің жіктелу негізі алғашқы кезде халық санының және қандай да бір әкімшілік бірліктің урбандалу дәрежесінен тәуелді болған. Қазіргі таңда территория көлемі мен муниципалды бірліктер халқының саны айтарлықтай ауытқып отыруы мүмкін. Осылайша, мысалы, Сити мәртебесіне Шерилл (штат Нью-Йорк) қаласы ие, онда 3 мыңғы жуық тұрғындар тұрады, және 17-миллиондық қала Нью-Йорк ие. Бороу, вилидж, таундар деп аталатын муниципалитеттерде, тәртіп бойынша, 10 мыңға жуық адамдар тұрады. Алайда Хемстед (штат Нью-Йорк) таунында 40 мың тұрғындар тұрады, ол осы штаттың 47 және 62 қалаларындағы халық санынан басым. Жалпы алғанда, тәртіп бойынша, қала мәртебесіне урбанизацияланған тұрғылықты пункттер ие, ал бороу, вилидж, таун және тауншип мәртебесіне – қала шетіндегі жерлер ие.

Кеңес-мэр. АҚШ-ң 50%-дан астам қалаларында билік органдарының жүйесі кеңес-мэр моделі негізінде қаланған. Кеңес сайлаулы орган болып табылады; ол қала тұрғындарымен тікелей сайлау жолымен тағайындалады. Кеңес-мэр моделі – американдықтардың барлық деңгейлердегі биліктің бөлінуіне ұмтылысын сипаттайтын қалалық басқарудың көне түрі. Мэрді тікелей сайлау оның кеңестен тәуелсіз ретінде сезінуіне ықпал етеді, және бұл айтарлықтай дәрежеде жергілікті саясатты анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мэрдің құқықтық және әлеуметтік мәртебесі айтарлықтай мықты да елеулі, себебі ол өз мандатын халықтан алады. Мэр 4-5 жыл мерзіміне сайланады. Әрбір муниципалды хартия мэр лауазымындағы тұлға қанағаттандыруға тиісті талаптарды орнатады. Әрине, ол 30-дан жас емес, сәйкес муниципалитет территориясында үнемі тұратын АҚШ азаматы болуы керек (көптеген штаттарда 3 жыл мерзім орнатылады).

Кеңес-мэр типі бойынша басқару моделінің ішінде салыстырмалы мықты немесе әлсіз мэр туралы сөз қозғауға мүмкіндік беретін модификациялар бар.

Кеңес муниципалитеттің атқарушы билігінен заңды түрде басым болатын муниципалды басқарудың алуан түрлілігі – АҚШ-та ХХ ғасырдың басына дейін әрекет еткен әлсіз мэрі бар Кеңес-мэр жүйесі болып табылады. Аталмыш модель муниципалды Кеңестің билігіне атқарушы билікті бақылау, реттеу және басшылық ету саласындағы өкілеттіктерді ғана емес, сондай-ақ түрлі лауазымдарды сайлау, шаруашылық және қаржылық істердегі жедел басқару саласында зор құқыққа ие болу жағдайының қамтылуын сипаттайды. Кеңеспен сайланатын мэрге негізінен өкілетті және жедел-атқарушылық қызметтер жүктеледі. Осындай модель үшін муниципалды Кеңестер іс-әрекетінде ағымдық мәселелердің біршамасының болуы тән. Мықты Кеңес өкілеттігіне

оның муниципалды әкімшілік аппараттың функционалды және салалық бөлімшелерінің тағайындалуы, қалалық атқарушы билік органдарының іс-әрекетін реттеу мен бақылау бойынша мэрдің құқықтарын шектеу енеді.

Қазіргі таңда Әлсіз кеңес моделі алғашқы күйінде тек шағын аудандарда ғана әрекет етеді – 5-10 мың адамдары бар АҚШ-ң екіден үш қалаларында.

Бүгінгі күні неғұрлым кең таралған Кеңес-мэр моделі АҚШ-та ХІХ ғасырдың 80 жылдары әйгілі бол бастады. Оның прототипіне федералды билік құрылымын, орталық билік органдары арасындағы АҚШ президентінің құқықтық жағдайын жатқызуға болады. Күшті мэр муниципалды әкімшілік аппараттың салалық және функционалды бөлімшелерін өзі тағайындайды және лауазымнан босатады; мэр мен кез-келген әкімшілік аппарат бөлімшесі жетекшісі арасындағы жанжал әдетте соңғының лауазымнан босатылуына әкеледі. Мэр жергілікті бюджетті құру мен орындауға жауап береді.

Комиссиялық басқару жүйесі бүгінгі таңда жергілікті басқарудың соншалықты әйгілі емес моделі болып табылады, алғаш рет ол 1901 жылы Галвестон (штат Техас) қаласында қолданылған болатын. Осы модел барысында халық 4 жылға муниципалды Кеңесті (3-5 адам) сайлайды. Оның мүшесінің әрбіреуі екі деңгейде қатысады: жергілікті өкілетті орган мүшесі ретінде – муниципалды Кеңес және муниципалитеттің атқарушы билігі жүйесіндегі басқармалар мен қызметтердің біреуінің басшысы ретінде. Аталмыш басқару жүйесінде мэр лауазымы қарастырылмаған, ал егер болса да, онда мэр әдетте өкілетті қызметтерді атқарады. Көбінесе мэрмен муниципалды кеңес мүшелерінің бірі тағайындалады.

Комиссиялық басқару моделі өзінің билікті бөлу қағидасын жүзеге асыра алмайтындығынан американдық мамандармен қатты сынға алынады.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. Франциядағы билік жүйесі құрылуы мен билікті бөлу қағидалары
2. Италиядағы жергілікті басқару жүйесі
3. Германиядағы Жергілікті басқару органдарының қызмет етуі мен құрылымы
4. АҚШ штаттарындағы жергілікті басқару органдары

**СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗ БЕТІМЕН ОРЫНДАУҒА АРНАЛҒАН
ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ:**

1. Ата заң бойынша біздің мемлекеттің Президентіне сайлау үшін азаматтар қандай талаптарға сай болуы керек?
 - a) ҚР-ның азаматы, жасы 40-тан аспаған, мемлекеттік тілді білетін азамат
 - b) ҚР-да дүниеге келген, жасы 40-тан төмен емес, мемлекеттік тілді білетін азамат
 - c) ҚР-да дүниеге келген, жасы 40-тан төмен емес, мемлекеттік тілді білетін, республикада 15 жылдан артық тұрған азамат
 - d) ҚР-да дүниеге келген азамат, жасы 40-тан төмен емес, мемлекеттік тілді білетін, республикада 15 жылдан кем тұрған азамат
 - e) ҚР-да дүниеге келген азамат, жасы 40-тан төмен емес, мемлекеттік тілді білетін, ұлты қазақ

2. Сенат депутаты неше жылға сайланады?
 - a) 5
 - b) 6
 - c) 7
 - d) 4
 - e) 3

3. Конституциялық кеңестің өмірлік мүшесі кім бола алады?
 - a) Президент
 - b) Экс-президент
 - c) Сенат төрағасы
 - d) Мәжіліс төрағасы
 - e) Конституциялық кеңес төрағасы

4. Маслихаттар кімдерден құралады?

- a) әкімдерден
- b) министрлерден
- c) Комитет төрағаларынан
- d) депутаттардан
- e) Мемлекет қызметкерлерінен

5. Мәслихат нені қабылдайды?

- a) заңдарды
- b) үкімдерді
- c) қаулы
- d) шешімдерді
- e) Бұйрықтарды

6. Кімдер партия және кәсіподақ мүшесі бола алмайды?

- a) әскери қызметкерлер
- b) Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері
- c) Ішкі құқық қорғау орган қызметкерлері
- d) Осы аталғандардың барлығы
- e) соттар

7. Заң шығарушы орган

- a) президент
- b) парламент
- c) үкімет
- d) сот
- e) Прокуратура

8. Жерігілікті басқаруды жетілдіру мәселесі төменде берілгендердің қайсысымен тығыз байланыста:

- a) табиғи ресурстардың қолма-қолдығымен;
- b) аумақтаық еңбек бөлінісімен,
- c) өндірістік ошақтардың орналасуымен
- d) елді мекендердегі халық санымен;
- e) билік өкілеттерін бөлумен,

9. Мәслихат депутаты мемлекеттік мүдделерді ескере отырып тиісті әкімшілік аумақта кімнің еркін білдіреді?

- a) президенттің
- b) Шетел компанияларының
- c) өкіметтің
- d) Халықтың
- e) Жеке басының

10. Жергілікті атқарушы органдарының және әкімдік қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік мекеме -

- a) Мәслихат аппараты
- b) әкім аппараты
- c) Үкімет
- d) Сенат
- e) Мәжіліс

11. Жергілікт бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекеме -

- a) Шетел компаниясы
- b) Ұлттық компания
- c) Саяси партиялар
- d) Мәслихат аппараты
- e) Халықаралық ұйымдар

12. Әкімнің ұсынуы бойынша әкімшілік-аумақтық бөліністі басқару схемасын бекіту не болып табылады?

- a) Мәслихаттарды құру тәртібі
- b) Мәслихаттың құзыреті
- c) Мәслихат жұмысын ұйымдастыру
- d) Мәслихат регламенті
- e) Барлық жауап дұрыс емес

13. Мәслихаттың ҚР-ның Конституциясы мен заңдарына сәйкес келмейтін шешімдерді кім арқылы жойылуы мүмкін?

- a) әкімият
- b) Президент
- c) Үкімет
- d) Сот
- e) Мәслихаттың өзі не сот тәртібімен

14. Экономикалық білімдер жүйесінде әлеуметтік-экономикалық аймақтық жүйелерді басқаруды зерттейтін ғылыми пән -

- a) Экономиканы мемлекеттік реттеу
- b) Муниципальдық менеджмент
- c) Аймақтық экономика
- d) Мемлекеттік басқару
- e) Адам ресурстарын басқару

15. Егер әр адам өздерінің жұмыс орындарында әр түрлі еңбек операцияларын орындауға толық мамандаса, онда еңбек өнімділігі көтеріліп, оның бөлінісі тиімді түрде жүзеге асады, ал еңбек бөлінісі дұрыс болуы үшін барлық өндіріс факторлары мен дайын өнім өзара байланыста болуы шарт – осы тұжырымның авторын көрсетіңіз:

- a) Вильям Петти,
- b) Джон Мейнард Кейнс;
- c) Адам Смит;

- d) Милтон Фридман;
- e) Давид Рикардо.

16. Жергілікті билікті ұйымдастыру туралы білімнің теориялық негізін салушылардың тобын анықтаңыз:

- a) Алексис де Токвил, Лоренц Штейн, Рудольф Гнест;
- b) Вильям Петти, Монкретьен Антуан, Милль Джон Стюарт;
- c) Адам Смит, Давид Рикардо, Карл Маркс;
- d) Джон Мейнард Кейнс, Милтон Фридмен, Альфред Маршалл;
- e) Кенэ Франсуа, Сэй Жан Батист;

17. Елбасы Жарлығымен Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру үшін барлық селолық елді мекендерді төрт топқа бөлуге қандай көрсеткіштер негіз болды?

- a) ауылдың рынокқа жақын-алыстығы, топырағының құнарлылығы;
- b) шағын кәсіпкерліктің өріс алуы, инженерлік инфрақұрылымдардың болуы;
- c) әлеуметтік даму деңгейі, ауыз суының сапасы;
- d) ауаның радиациялық жағдайы;
- e) берілген көрсеткіштердің барлығы.

18. Мәслихаттың өкілеттігіне жатпайтын функцияны көрсетіңіз:

- a) аумақтың жоспарын, экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламаларын, жергілікті бюджетті, оның атқарылуы туралы есепті бекіту;
- b) қоршаған ортаны қорғау бойынша бағдарламаларды бекіту;
- c) жергілікті бюджеттің, жоспарларының, экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламаларының орындалуына бақылау жасау;
- d) жергілікті бюджеттің жобасын әзірлеу;
- e) ҚР Конституциялық нормаларын, заңдарын, Президенттің актілерін, ҚР Үкіметінің нормативтік құқықтық актілерін орындауға қатысу.

19. Жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысты мәселелерді атаңыз?

- a) Басқару жүйесін құрастыру
- b) Муниципалдық құрылымның өаржылық және экономикалық қамсыздандыру
- c) Муниципалдық құрылымның уставын жасау
- d) Экономикалық дамуының деңгейін білу
- e) Барлық жауап дұрыс

20. Жергілікті басқарудың тиімділігі немен анықталады?

- a) Материалдық-қаржылық ресурстармен
- b) өндірістік ресурстармен
- c) Еңбек ресурстарымен
- d) Табиғи ресурстармен
- e) Территориямен

21. Төменде көрсетілгендердің қайсысы жергілікті өзін-өзі басқарудың экономикалық негізінің құрамына кіреді?

- a) Муниципальдық меншік
- b) Мемлекеттік меншік
- c) Республикалық меншік
- d) Жеке меншік
- e) Жанұялық бюджет

22. Мемлекеттік қаржылық ресурстарының көп бөлігін қандай жүйе шоғырландырады?

- a) Салықтық жүйе
- b) Несиелік жүйе
- c) Бюджеттік жүйе
- d) әлеуметтік жүйе
- e) Ұлттық банк

23. Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілердің тізбесін жергілікті өкілді органдар бекітетін әкімшілік-аумақтық бөлінісі басқару схемасына сәйкес кім айқындайды?

- a) Үкімет
- b) Парламент
- c) Мәслихат
- d) әкімият
- e) Президент

24. Облыстық әкімият қандай орган?

- a) Алқалы орган, заңды тұлға болып табылмайды
- b) өкілді орган, заңды тұлға болып табылмайды
- c) Алқалы орган, заңды тұлға болып табылады
- d) Заң шығарушы орган
- e) Жергілікті өкілді орган

25. Облыс әкімиятының құзыреті

- a) әкімнің басқаруы бойынша әкімшілік аумақтың бөлінісін басқару схемасын бекіту
- b) Халықтың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу мен кедейлікпен күрес бағдарламасын бекіту
- c) ҚР-ның әкімшілік құқық басқарушысы туралы кодексіне сәйкес бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық белгіленетін ережелерді бекіту
- d) әкімнің ұсынысы бойынша мәслихат сессиясының шешімімен тиісті әкімияттың дербестігі
- e) Облысты дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, облыстық бюджетті әзірлейді және мәслихаттың бекітуіне ұсынады

26. Облыс әкімін кім тағайындайды?

- a) Премьер-министр ұсынысы бойынша ҚР-ның Президенті
- b) Прокурор
- c) Конституциялық кеңес
- d) Облыстық мәслихат
- e) Министрлер кабинеті

27. Әкім аппараты қай бюджет есебінен ұсталады?

- a) Жергілікті бюджет
- b) Республикалық бюджет
- c) Қосымша
- d) Төтенше
- e) Мемлекеттік

28. Облыс әкімінің өкілеттілігінің тоқтатылуы

- a) Жаңа президент қызметке сайланған кезде
- b) Премьер-министр отставкаға кетсе
- c) Мәслихатта сайлау болса
- d) Мәжіліске сайлау болса
- e) Сенатқа сайлау болса

29. Аудан әкімшіятының жұмысына кімдер кеңесші дауыс құқығымен қатыса алады?

- a) Орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерінің басшысы
- b) Соттар
- c) Ауылдық округ әкімдері
- d) Прокурорлар
- e) Кәсіпкерлер

30. Жергілікті өкілді және атқарушы органдар тиісті аумақта мемлекеттік саясатты жүргізу, оны дамыту мақсатында жүзеге асыратын, сондай-ақ тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауапты болып табылатын қызмет:

- a) жергілікті мемлекеттік басқару;
- b) мемлекеттік басқару;
- c) жергілікті өзін-өзі басқару
- d) жергілікті қауымдық басқару;
- e) мемлекетаралық басқару.

31. «Жергілікті өзін-өзі басқару» термині алғаш қай мемлекетте пайда болды?

- a) Англияда
- b) Германияда
- c) Франция
- d) Ресейде
- e) Қазақстанда

32. Францияда «Жергілікті өзін-өзі басқару» термині қандай сөзбен ауыстырылып айтылады?

- a) Англияда
- b) Германияда
- c) Франция
- d) Ресейде
- e) Қазақстанда

33. Мәслихат депутаттарының арасынан сайланатын, мәслихат сессиясында ұйымдастырушылық-билік ету қызметін жүзеге асыратын, мәслихаттың лауазымды адамы:

- a) тұрақты комиссияның төрағасы
- b) мәслихат сессиясының төрағасы
- c) уақытша комиссияның төрағасы
- d) мәслихат жиналысының төрағасы
- e) ревизиялық комиссияның төрағасы

34. Тиісті мәслихаттың, оның органдары мен депутаттарының қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік мекеме:

- a) жергілікті кәсіпорындар
- b) әкім аппараты
- c) мәслихат аппараты
- d) бюджеттік комиссия
- e) қаржы комитеті

35. Жергілікті мемлекеттік басқару қызметінің экономикалық және қаржылық негізін:

- a) жергілікті бюджет
- b) бюджеттік кредиттер
- c) тартылған инвестициялар
- d) негізгі капиталдан түскен түсімдер
- e) халықаралық займдар құрайды

36. Облыс әкімі кімдердің алдында жауапты?

- a) Президент пен үкімет
- b) Қаржы министрлігі мен денсаулық сақтау
- c) Мемлекеттік хатшы
- d) Ұлттық кеңес
- e) Мәслихат

37. Облыстық әкімдік құзыреті

- a) Жоспарлауды бекіту
- b) Ережелерді бекіту
- c) әкімдіктің дербес құрамымен келісу
- d) Азаматтардың тегін білім алу құқығын іске асыруды қамтамасыз ету

е) Бюджеттің атқаруына бақылау жасау

38. Аудан әкімият құзыретіне не жатпайды?

а) Заң актілеріне сәйкес аудандық коммуналдық меншікті басқару

б) Аграрлық сектордың ұтымды және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді

с) Аудан аумағында кәсіпкерлік қызмет даму үшін жағдай жасайды

д) Азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын қорғау жөнінде шаралар қабылдайды

е) Қоғамдық жолаушылар тасымалын ұйымдастырады

40. Аудандық әкімият қандай орган?

а) Заң шығарушы

б) Тексеруші

с) Бақылаушы

д) Алқалы

е) Атқарушы

41. Әкімнің қызметінің ақпараттық талдау тұрғысынан, материалдық-техникалық жағынан ұйымдастыруды кім жүзеге асырады?

а) әкім орынбасарлары

б) Аудан әкімі

с) әкім аппараты

д) Соттар

е) Ішкі департаменттер

42. Республикалық маңызы бар қаладағы, аудандық, кенттік, ауылдық әкімияттар құрылады ма?

а) Жоқ

б) Иә

с) Тек бір мезгілде құрылады

д) Төрт жылда бір құрылады

е) Арнайы мәселе болғанда құрылады

43. Жергілікті өзін-өзі басқару теориясы дамуына үлкен үлес қосқан шетелдік оқымыстыларды көрсет

а) Р. Маль, Токвиль, Гнейст, Штейн, Лабанд

б) Токвиль, Гнейст, Штейн, Лабанд

с) Коркунов, Р.Маль, Гнейст, Лабанд

д) Штейн, Чичерин, Токвил, Гнейст

е) Лоренц, Рудольф, Михайлов

44. Әкім аппараты -

а) Тиісті маслихаттың оның органдары мен депутаттарының қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік мекеме

б) ҚР Президенті мен Үкіметінің жергілікті атқарушы органы

- c) Жергілікті атқарушы органның және әкімнің қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік мекеме
- d) Жергілікті мемлекеттік басқарудың жекелеген міндеттерін жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме
- e) Ұйымдастырушылық – билік қызметін жүзеге астыратын мемлекеттік мекеме

45. Әкім мен мәслихаттың арасында өзара тәуелділік тетіктері Конституцияда берілген. Мәслихат өзінің әкімге сенімсіздігін қалай білдіре алады?

- a) тікелей Президентке өтініш білдіреді
- b) Жоғарғы сотқа өтініш білдіру арқылы
- c) әкім ұсынған олыстың әлеуметтік-экономикалық дамулары туралы жоспарын қатарынан 2 рет бекітпеу арқылы
- d) Сенатқа әкім ұсынған облыстың әлеуметтік-экономикалық дамулары туралы жоспарын жіберу арқылы
- e) мұндай тетік жоқ

46. Мәслихат депутаттарын сайлауға қажетті қаржы қайдан бөлінеді?

- a) халықаралық ұйымдардан қарыз алынады
- b) республикалық бюджеттен
- c) жергілікті бюджеттерден
- d) бюджеттен тыс қорлардан
- e) коммерциялық банкілер кредит береді

47. Жергілікті өкілетті органдардың басты функциясы:

- a) аймақтық даму жоспарын әзірлеу
- b) жергілікті кәсіпорындардың қызметтеріне бақылау жасау
- c) корпоративті табыс салығының мөлшерлемесін белгілеу
- d) жергілікті бюджетті әзірлеу
- e) жергілікті бюджетті бекіту

48. Мәслихат хатшысы-ол:

- a) тұрақты негізде жұмыс істейтін лауазымды адам болып табылады
- b) ауыспалы негізде жұмыс істейтін лауазымды адам болып табылады
- c) уақытша жұмыс істейтін адам болып табылады
- d) мәслихат жұмысына ықпал ететін лауазымды тұлға болып табылады
- e) мәслихат құрамын қалыптастыратын тұлға болып табылады

49. Мәслихат аппараты:

- a) республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекеме болып табылады
- b) жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекеме болып табылады
- c) бюджеттен тыс қорлар есебінен ұсталатын мемлекеттік мекеме болып табылады
- d) қарыз қаржыларының есебінен ұсталатын мемлекеттік мекеме болып табылады

е) жергілікті бюджет есебінен ұсталатын коммерциялық мекеме болып табылады

50. Мәслихат аппараты қандай қызмет атқарады?

- а) келіп түскен өтініштерді қарауға, азаматтарды жеке қабылдайды
- б) мәслихаттың шешімін орындайды
- с) ақша қаражаттарымен қамтамасыз етеді
- д) мәслихаттың жұмысына қатысады
- е) мәслихат пен оның органдарын ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық қызметпен қамтамасыз етеді.

51. Облыс әкімияты...алдында өзіне жүктелген міндеттерді іске асыру үшін жауап береді:

- а) облыстық мәслихаттың
- б) ҚР Парламентінің
- с) қалалық мәслихаттың
- д) ҚР Үкіметінің
- е) мәслихаттың тұрақты комиссиясының

52. «Мемлекет күші мықты болған жағдайда, қоғам керісінше әлсіз» болады деген пікірді қай француз саясаткері айтты?

- а) А.Товил
- б) Т.Сорман
- с) Л.Штейн
- д) Р.Гнейст
- е) Лабанд

53. Жергілікті билікті заң екі институтпен қамтамасыз етті. Олар:

- а) Әкім және әкім аппараты
- б) Мәслихат және мәслихат сессиясы
- с) әкім аппараты және мәслихат
- д) әкім және әкімият
- е) Мәслихат және әкім

54. Кепілдендірілген медициналық қызмет көрсету саласы жергілікті өзін-өзі басқару билігінің қандай деңгейіне жатады?

- а) Облыстық деңгей
- б) Аудандық деңгей
- с) Қалалық деңгей
- д) Республикалық деңгей
- е) Жергілікті деңгей

55. Қайсы акт көмегімен муниципалдық қатынастар реттеледі, жергілікті деңгейде муниципалды құқық нормалары құрылады?

- а) Нормативтік акт

- b) Жеке акт
- c) Мемлекеттік акт
- d) Жергілікті акт
- e) Құқықтық акт

56. Жергілікті өзін-өзі басқару дегеніміз не?

- a) Тиісті жергілікті қауымдастықтың кірістері мен шығыстарының дұрыс орындалуына бақылау жасау
- b) Тиісті жергілікті қауымдастықтың аумағындағы азаматтарының құқығын реттеу
- c) Жергілікті мәні бар сұрақтарды шешуді өз жауапкершілігіне алатын және халықтың қызметін ұйымдастырудың қамтамасыз ететін халық өкіметі
- d) Барлық жауап дұрыс
- e) Дұрыс жауап жоқ

57. Жергілікті атқарушы органдардың қарауына жататын?

- a) Экономикалық меншікті басқару
- b) Мемлекет пен қоғамды басқару
- c) Мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарды басқару
- d) Коммерциялық меншікті басқару
- e) Дұрыс жауап жоқ

58. Республикада эксперимент ретінде алғашқы селолық әкімдердің сайлауы өткізілген жыл?

- a) 2005 ж
- b) 2002 ж
- c) 2004 ж
- d) 2003 ж
- e) 2001 ж

59. Кез келген іс-әрекеттің маңызды және міндетті сатысы болып табылатын, үрдістің даму басымдықтарын анықтайтын жергілікті басқарудың маңызды мәселелердің бірі?

- a) Жоспарлау
- b) Басқару
- c) Ұйымдастыру
- d) Бақылау
- e) Мотивация

60. Муниципалды менеджмент жүйесіндегі жетекші буын -

- a) Муниципалды қызмет
- b) Муниципалды меншік
- c) Муниципалды менеджмент
- d) Муниципалды басқару
- e) Муниципалды жүйе

61. Жергілікті қауымдастықтың қаржылары мынадай кіріс көздерінен тұрады -

- a) Мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражаттан
- b) Жергілікті бюджеттен бөлінетін қаражаттан
- c) Коммерциялық ұйымдардан
- d) Барлық жауап дұрыс
- e) Дұрыс жауап жоқ

62. «Әкімнің» қаржыларының қандай көздерінен тұрады? «Қазақстан Республикасының Конституциясының 10-бабына сәйкес»

- a) Үкіметтің қаражаты
- b) Мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражаттан
- c) Коммерциялық ұйымдардан
- d) Барлық жауап дұрыс
- e) Әкімнің қаражаты

63. «Қазақстан Республикасының Конституциясының 10-бабына сәйкес» қандай көздерінен тұрады?

- a) Үкіметтің қаражаты
- b) Мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражаттан
- c) Үкіметтің қаражаты, мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражаттан және коммерциялық ұйымдардан
- d) Барлық жауап дұрыс
- e) Мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражаттан

64. «Қазақстан Республикасының Конституциясының 10-бабына сәйкес» қандай көздерінен тұрады?

- a) Мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражаттан
- b) Мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражаттан және мемлекеттік қаржылардан
- c) Мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражаттан және мемлекеттік қаржылардан
- d) Мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражаттан және мемлекеттік қаржылардан
- e) Мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражаттан

65. «Қазақстан Республикасының Конституциясының 10-бабына сәйкес» қандай көздерінен тұрады?

- a) Мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражаттан
- b) Мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражаттан
- c) Мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражаттан
- d) Мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражаттан
- e) Мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражаттан

66. Жергілікті қауымдастықтың кірістері мен шығыстарының сметасы және орындалуы туралы жылдық есеп қалай бекітіледі?

- a) Президенттің қарауымен бекітіледі
- b) Әкімнің қарауымен бекітіледі
- c) Жергілікті қауымдастықтың Кеңесімен бекітіледі
- d) Үкімет бекітеді
- e) Парламент бекітеді

67. Шаруашылық қызметті жүзеге асыру үшін жергілікті өзін-өзі басқару органдары заңдарға сәйкес неге құқылы?

- a) Кәсіпорын, мекеме ашуға, оларды қайта құруға және жоюға
- b) Территорияны жабдықтауға
- c) Халықты коммуналдық қамтамасыз етуге
- d) өнім өндіру мен қызмет көрсетуге
- e) Тұрмыстық қажеттіліктермен қанағаттандыруға

68. Өз қызметтерін әкім мен кәсіпорын басшыларының келісімдерінің мақсатында, меншік формасына тәуелсіз сыртқы экономикалық қызметті дамытуға бағыттай отырып жүргізу міндетін орындайтын бөлім?

- a) Муниципалды қызмет бөлімі
- b) Сыртқы экономикалық байланыстар бөлімі
- c) Жергілікті атқарушы органдар бөлімі
- d) әкім аппараты қызметінің бөлімі
- e) Маслихат аппараты қызметінің бөлімі

69. Ұлттық табыстан бөлінетін муниципалды құрылымдардың экономикалық және әлеуметтік дамуына жұмсалатын ақша қоры -

- a) Жергілікті бюджет кірісі
- b) Мемлекеттік бюджет
- c) Бюджеттен тыс қорлар
- d) Алымдар мен салымдар
- e) Муниципалды қаржы

70. Муниципалды қаржылардың негізгі құрылымдық бөлігі -

- a) Мемлекеттік бюджет
- b) Муниципалды қаржы
- c) Бюджеттен тыс қорлар
- d) Жергілікті бюджет
- e) Алымдар мен салымдар

71. Жергілікті қаржыны басқару процесі қандай сатыларға ыдырайды

- a) Қаржылық жоспарлау, нәтижелерді бағалау
- b) Қаржылық жоспарлау, бюджет процесі
- c) Қаржылық жоспарлау, нәтижелерді бағалау, бюджет процесі
- d) Бюджет процесі, нәтижелерді бағалау
- e) Қаржылық ұйымдастыру, бюджет процесі

72. Жауапты тұлғалардың жауапкершілігі қандай?

- a) Қылмыстық жауапкершілік
- b) Экономикалық жауапкершілік
- c) Құқықтық жауапкершілік
- d) әлеуметтік жауапкершілік
- e) Жеке жауапкершілік

73. Орган әкімшілігінің жұмыс істеушілерге тәртіптік жаза тартқызуға негізделген жауапкершілік?

- a) қылмыстық
- b) әкімшілік
- c) Тәртіптік
- d) экономикалық
- e) Жеке

74. Жергілікті өзін-өзі басқарудың жауапты тұлғаларын жазалау шарттары:

- a) 100 айлық еңбек ақысы көлемінде штраф салу
- b) Белгілі уақытқа дейін лауазымы бойынша жұмыс істеуден босату
- c) әр түрлі мерзімде жөндеу жұмыстарын жүргізу
- d) Бас бостандығынан айыру
- e) Барлық жауап дұрыс

75. Аймақтық саясаттың басымдықтарының бірі -

- a) Республикалық мүдденің, болашақ мүдденің ағымдағыдан алда болуы
- b) Аймақтың орналасуын тиімді пайдалану
- c) Жаңа жұмыс орындарын құру
- d) Экономикалық даму деңгейлері арасындағы айырмашылықты төмендету
- e) Дұрыс жауап жоқ

76. Аймақтық саясаттың қағидаларының бірі -

- a) Республикалық мүдденің, болашақ мүдденің ағымдағыдан алда болуы
- b) Жаңа жұмыс орындарын ашу
- c) Экономикалық даму деңгейлері арасындағы айырмашылықты төмендету
- d) Қазақстан аумағына халықты ұтымды орналастыру
- e) Аймақтарды сайлау саясатын халықтың өмір сүру деңгейін жақсартумен байланыстыру

77. Аймақтық саясаттың мақсаттарының бірі -

- a) Экономикалық даму деңгейлері арасындағы айырмашылықты төмендету
- b) Жаңа жұмыс орындарын ашу
- c) Республикалық мүдденің, болашақ мүдденің ағымдағыдан алда болуы
- d) Қазақстан аумағында халықты ұтымды орналастыру
- e) Дұрыс жауап жоқ

78. Германияда қоғамдастықты ұйымдастырудың негізгі қанша түрі жұмыс істейді?

- a) Бургомистер, магистрат
- b) Магистрат, бургомистер, солтүстік-герман, оңтүстік-герман
- c) Солтүстік-герман, оңтүстік-герман, шығыс-герман, батыс-герман
- d) Магистрат, солтүстік-герман
- e) Бургомистер- оңтүстік-герман

79. Жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық Хартиясын Еуропа кеңесі нешінші жылы қабылдады?

- a) 1995 жыл
- b) 1986 жыл
- c) 1985 жыл
- d) 1885 жыл
- e) 1886 жыл

80. АҚШ округіндегі ең басты атқарушы орган -

- a) әкім
- b) Кеңес
- c) әкімият
- d) маслихат
- e) Мәжіліс

81. АҚШ-та ең соңғы әкімшілік деңгей -

- a) таундар
- b) Қалалық муниципалитеттер
- c) Аудандық муниципалитеттер
- d) Таундар мен қалалық муниципалитеттер
- e) Таундар мен аудандық муниципалитеттер

82. Мемлекеттік басқару функцияларын және мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі бюджеттен қаржыландырылатын іс-шаралар кешені

- a) Бюджеттік бағдарлама мен кіші бағдарлама
- b) Облыстық бюджет
- c) Республикалық бюджет
- d) Бюджеттік рәсім
- e) Бюджеттік сыныптама

83. Мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің 3 жылдық кезеңге арналған негізгі болжамды көрсеткіштерін лимиттерін кім айқындайды?

- a) Бюджет комиссиясы
- b) Бюджетті орындаушылар
- c) Бюджетті талқылаушылар
- d) Барлық жауап дұрыс
- e) әкім

84. Республикалық бюджетке түсетін түсім:

- a) Жер салығы
- b) Теледидар және радиохабар тарату ұйымдарының желіні пайдаланғаны үшін алым
- c) Көлік құралдарына салынатын салым

- d) Жергілікті маңызы бар ақылы мемлекеттік автомобиль жолдарымен жүріп өткені үшін алым
- e) Су үшін төленетін төлем

85. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі белгіленген тәртіппен:

- a) Мемлекеттік мекемелердің міндеттемелерінің қабылдануы
- b) Бюджет ақшасының есебінен төлемақы жүргізу
- c) Бюджеттік бағдарламаларға қаржыландыру жоспарларын бекітеді
- d) Резерв мөлшерін
- e) Үкіметтің борыштық лимитін

86. Жергілікті бюджеттің қаражатының жұмсалуды

- a) әскери қызметке тәркеу және шақыру жөніндегі шаралар
- b) Жоғары білім беру
- c) Сот жүйесі қызметі
- d) Сыртқы сауда қызметі
- e) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету

87. Республикалық бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру жоспарларының жұрыс жасалуын және бекітілуін бақылауды кім жүзеге асырады?

- a) Қаржы министрлігі және оның аумақтық бөлімшелері
- b) әкім
- c) прокуратура
- d) сот
- e) Экономикалық басқармалар

88. Бекітілген бюджет -

- a) Парламент немесе тиісті жергілікті органдар бекіткен, тиісті қаржы жылына арналған бюджет
- b) Үкіметтің бюджет жобасымен мақұлданған, сотпен бекітілген бюджет
- c) Тиісті қаржы жылына әкіммен бекітілген
- d) Барлық жауап дұрыс
- e) Қаржы министрлігі және оның аумақтық бөлімшелері

89. Бюджеттен қайтарымсыз негізде бөлінетін қаражат:

- a) Инвестициялық жоба
- b) Бюджет кірістері
- c) Ақша қорлары
- d) Бюджеттік шығындар
- e) Депозит

90. Ресми трансферттер:

- a) Бюджетке түсетін өтеусіз және қайтарымсыз түсімдер немесе бюджет шығындары
- b) Үкіметтік борышты және жергілікті атқарушы органдардың борышын қайтару сомасы
- c) Кредиттерді қайтару жиынтығы
- d) Төленбеген сома
- e) Банкіде ашылған шот

91. Бюджет жүйесі туралы заң қанша тараудан тұрады?

- a) 8
- b) 7
- c) 6
- d) 10
- e) 9

92. Қай қала қосымша құнға салынатын салықтың 50 пайызын республикалық бюджетке төлейді?

- a) Алматы
- b) Шымкент
- c) Астана
- d) Қарағанды
- e) Ақтөбе

93. Бюджет тапшылығы

- a) Түсімдер көлемінің бюджет шығысынан асып түсуі
- b) Шығыстар көлемінің бюджетке түсетін түсімдерден жалпы сомасынан асып
- c) Шығыстар мен түсімдердің тең болуы
- d) Бір салаға бөлінген ақшалардың игерілмей қалуы
- e) Ақша қорларының саланы түгелдей қамтамасыз етуі

94. Жергілікті бюджеттің орындалуы қалай жүзеге асырылады?

- a) Аудиторлық тексерулер кезінде
- b) Шығыстарға байланысты
- c) Табыстарға байланысты
- d) Кассалық негізде
- e) Түсімдерге байланысты

95. Аймақтық саясаттың тәжірибеде іске асырылуы қай принципке негізделеді

- a) Мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметін сыртқы саясаттың негізгі принциптеріне сәйкес аймақтың өз саясатын жүргізу
- b) Жергілікті кәсіпорындарды қолдау
- c) Инвестиция тарту мақсатында қолайлы жағдай жасау
- d) Экологиялық бақылауды күшейту

е) Аймақтың шаруашылық қызметін қамтамасыз ететін құқықтық саяси шаралар кешенін әзірлеу

96. Аймақтық саясаттың бағыын атаңыз:

- a) Экологиялық басқаруды күшейту арқылы тиімсіз өндірістерді біртіндеп жабу
- b) Жалпы мемлекеттің аймақтық тиімді біріктірілуі
- c) Ауыл және салаларды көтеру үшін материалдық негіз жасау
- d) Мемлекеттің макроэкономикалық саясатының жалпы стратегиялық ережесіне сәйкес аймақ приоритетін анықтау
- e) Халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту

97. Бюджеттік тапшылықты бюджет артықтығына ауыстыру бағдарламасы қандай қаражат көздерінен құралады?

- a) Шығыстарды қысқарту
- b) Жергілікті төлемдерді және салықтарды көбейту
- c) Қалалық берешекті қайта құрылымдау
- d) Займдарды алу
- e) Барлық жауап дұрыс

98. Жергілікті бюджеттің берешегін төмендету шараларын атаңыз

- a) клиринг
- b) Вексельдік схема арқылы төлемдерді жою механизмі
- c) Берешектерді есептен шығару
- d) Қарыздарды төмендету
- e) Барлық жауап дұрыс

99. Белгілі бір жүйені мақсатты өзгерту – бұл:

- a) болжам
- b) басқару
- c) жоба
- d) жоспар
- e) Реттеу

100. Жобаның ауқымы бойынша муниципалды жобалар қалай бөлінеді?

- a) Шағын, орта, ірі
- b) Мемлекетаралық, аймақтық
- c) Халықаралық, аймақтық
- d) Салааралық, корпоративтік
- e) Барлық жауап дұрыс

ГЛОССАРИЙ

Аймақтық саясат - елдің тұрақты әлеуметтік экономикалық дамуының стратегиялық мақсаттары мен мәселелеріне қол жеткізу үшін өмірлік іс әрекет үшін және шаруашылық ету үшін территориалдық факторларды тиімді пайдалануға бағытталған мемлекеттің жалпы саясатының құрамды бөлігі болып табылады.

Ақпаратты технология - ақпаратты техникалық тәсілдер мен әдістер кешені арқылы алу, сақтау, өңдеу және қолдану.

Аумақтық қоғамдық өзін-өзі басқару – жергілікті маңызы бар мәселелерінде жеке мүдделерін жүзеге асыру үшін муниципалдық бірлікте азаматтардың өзін-өзі ұйымдастырулары.

Әкім – Қазақстан республикасының Президентімен мен Үкіметінің жергілікті атқарушы органды (ол құрылған жағдайда) басқаратын және өзіне сеніп тапсырылған аумақта мемлекеттік саясаттың жүргізілуін, Қазақстан республикасы орталық атқарушы органдарының барлық аумақтық бөлімшелерінің үйлесімді қызмет етуін, тиісті бюджеттен қаржыландыратын атқарушы органдарға басшылықты қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік басқару өкілеттігі берілген, тиісті аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының жай-күйіне жауапты өкілі.

Әкімшілік-аумақтық құрылыс бірліктері – ауылдар (селолар), кенттер, ауылдық (селолық) округтер, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс.

Әкім аппараты – жергілікті атқарушы органның (ол құрылған жағдайда) және әкімнің қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік мекеме.

Әкімшілік әріптестері – бөлімдердің жетекшілерінің құрамынан тұратын жергілікті әкімшілікте құрылған кеңестік орган.

Әкімшілік-аумақтық бөліністі басқару схемасы – тиісті аумақта орналасқан, тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдар жүйесі.

Басқару - экономикалық субъектілер мен адамдарға саналы түрде тікелей әсер ету арқылы күтілген нәтижелерді алу мақсатында іс- әрекеттерді көзделген мақсатқа бағыттау.

Басқару жүйесінің талдауы - бұл кәсіпорынның өмірлік басқару жүйесі мен ұйымдастыру құрылымын зерттеу кезеңі, сонымен қатар, бәсекелестікте орын алу мақсатында жұмыстың қорытындысына белсенді түрде әсер ету болып табылады.

Байланыс кезеңі- бұл ойдарды қарастыру, ақпаратты кодтау, байланыс каналдарын талдау және ақпаратты жіберу, ақпаратты қайта кодтау, жауапты әзірлеу және жіберушіге ақпаратты қайта жіберу сияқты ақпараттық алмасу осындай бір-бірімен байланысты сатылардан тұрады.

Басқару стилі - басқарушының қызметкерлермен қарым-қатынас жасау тәсілі, жұмыс міндеттемелерін орындау барысындағы қарым-қатынастар сипаты.

Басқару технологиясы - басқару қызметінде шешім қабылдау үшін бір-бірімен қажетті операциялардың орындалу тізбегі.

Басқару шешімдері - ұйымның мақсаттарға жету жолында басшы қызметінің шегінде жүргізілетін альтернативті таңдау.

Басқару потенциалы – басқару жүйесі қолданатын барлық ресурстар жиынтығы.

Бірыңғай бюджет жіктемесінің құрамы – бюджет түсімдерінің жіктемесі, бюджет шығындарының функционалды және экономикалық жіктемелері.

Бюджетаралық қатынастарды реттеуде мемлекеттік басқару құрылымын құруашылар – Қазақстан республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Парламенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, республикалық бюджеттің орындалуына бақылау бойынша Есеп комитеті, экономикалық жоспарлау бойынша орталық өкілетті орган, бюджеттік жоспарлау бойынша орталық өкілетті орган, ішкі бақылау жоспарлау бойынша орталық өкілетті орган, Мәслихат, жергілікті атқарушы орган.

Дотация – subsidy - мемлекеттік бюджеттен қайтарылмайтын негізде берілетін ақша қаражаттары. Кәсіпорында санациялау формасында жүзеге асады, қорғаныс кешенінің кәсіпорындарына қаржылық көмек беру және өндірістік емес ұйымдарға (ғылым мен мәдениет) берілетін ақша.

Демократиялық стиль - бағыныштыларға еркіндік беру арқылы, олардың белсенді түрде араласуы нәтижесінде шешімдер әзірленіп, қабылданады.

Елді мекендер – ауылдық және қалалық болып бөлінеді.

Іскерлік стратегия- холдинг пен корпорация құрамына кіретін фирмалар мен жеке кәсіпорын деңгейіндегі стратегия.

Жалпы сипаттағы ресми трансферттер – бюджеттік алулар мен бюджеттік субвенцияны білдіреді.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың экономикалық негізі – муниципалдық меншік, жергілікті қаржы, жергілікті өзін-өзі басқаруға берілген мемлекеттік меншік.

Жергілікті бюджеттердің табысы – тұрақты түрде жергілікті бюджеттерге түсіп тұратын, жергілікті салықтар мен алымдар, республикалық бюджеттен бөлінетін табыстар.

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган – жергілікті мемлекеттік басқарудың жекелеген міндеттерін жүзеге асыруға әкім уәкілеттік берген және тиісті жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекеме.

Жергілікті мемлекеттік басқару – заңда («Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңы 23.01.2001 ж.) және басқа да заң актілерінде белгіленген құзырет шегінде жергілікті өкілді және атқарушы органдар тиісті аумақта мемлекеттік саясатты жүргізу, оны дамыту мақсатында жүзеге асыратын, сондай-ақ тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауапты болып табылатын қызмет.

Жергілікті атқарушы орган (әкімият) – облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган.

Жергілікті өкілді орган (мәслихат) – облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) немесе ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) халық сайлайтын, халықтың еркін білдіретін және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды белгілейтін және олардың жүзеге асырылуын бақылайтын сайланбалы орган.

Жергілікті қарыз – жергілікті басқару органдарының билігіндегі қаржы ресурстарын жұмсаудың маңызды әдісі. Оны қысқа және ұзақ мерзімді деп бөледі.

Жергілікті референдум – берілген аумақ халқының еркіндігін білдіреді. Ол жергілікті аса маңызды мәселелер бойынша жүргізіледі.

Жергілікті өзін-өзі басқару – белгілі аумақта өмір сүріп жатқан халықтың, ауылдық және қалалық қоғамдастық органдарының сайлауы арқылы жүзеге асады.

Имидж - қойылған мақсат бойынша өңдеп шығарылған және үгіттелген бейне.

Инновациялар - ғылым мен тәжірибенің жетістігіне байланысты техника, технология, еңбекті ұйымдастыру және басқару аймақтарына жаңалықтар енгізу, сонымен қатар, бұл жаңалықтарды әртүрлі аймақтар мен орталарда қолдану.

Кадрларды басқару жүйесі (персоналды басқару) – бұл кадрлық саясатты құру, кадрлардың штаттық - қызметтік құрылымын құру арқылы оларды басқару, реттеу және қызметін бағалау.

Қазіргі менеджмент - өндіріс пен басқаруды біріктіру арқылы кәсіпорынның ішкі және сыртқы байланысын көрсететін, адам ресурсын, өндірістің белсенді факторы ретінде және экономика дамуының тұрақты факторы ретінде қоршаған ортаны қорғауды талап етеді.

Кері байланыс - қабылдаушының жіберушіден келген ақпаратқа реакциясы, коммуникациялық процестің тиімділігін арттыру құралы.

Либералдық стиль — басшының бағыныштылардың іс-әрекеттеріне араласпауымен сипатталады. Ол жауапкершіліктен қашқақтап, тіпті ұжым қызметінің ең күрделі мәселелерін шешуге де қатыспайды.

Лидерлік - ұйымның мақсаттарын белгілеп оған жетудің барлық жолдарын қолданатын, топ қызметін біріктіретін механизмдердің бірі.

Мақсаттар ағымы - бұл құрылымды, мақсаттар жүйесінің жиынтығында, программаларда, жоспарларда көрсетілген басты мақсат («ағаш төбесі»), ағаш қатысты 1-ші, 2-ші және т.б. деңгейлер («ағаш төбесі») иерархиялық (деңгейлер бойынша бөлінген) принцип бойынша құрылған.

Мәслихат аппараты – тиісті мәслихаттың, оның органдары мен депутаттарының қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік мекеме.

Мәслихат сессиясы – мәслихат қызметінің негізгі нысаны.

Менеджмент - бұл басқару ғылымының жетістіктерін қолдана отырып, өндірісті және өндірістік персоналды басқару құралдарының, әдістерінің, формаларының, принциптерінің жиынтығы. Менеджменттің негізгі мақсаты-өндіріс тиімділігін арттыру, кәсіпорынның ресурстық әлеуетін тиімді пайдалану.

Миссия - ұйым қызметінің болашаққа бағдарланған мақсаты.

Муниципалдар – municipals – штаттардың үкіметтері, басқа да жергілікті билік органдары, агенттіктер эмиссиялайтын бағалы қағаздар.

Муниципалдық қызмет – жергілікті өзіні-өзі басқару органдарында тұрақты негізде басқару қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекеті.

Муниципалдық бірлік – муниципалдық меншігі, жергілікті бюджет, сайланбалы жергілікті өзін-өзі басқару органы бар жалпы аумақта біріккен қала, ауылдық елді мекен.

Муниципалдық басқару – муниципалдық шаруашылық формасы арқылы жүзеге асатын, қоғамдық мүддені қанағаттандыруға бағытталған жергілікті өзін-өзі басқару органдарының іс-әрекеті.

Муниципалдық менеджмент – аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жүйелерін басқаруды оқытатын экономикалық білім жүйесіндегі ғылыми пән.

Муниципалдық облигация – штат, шағын қала, ауыл шығарған облигация. Ол мемлекеттік мекемелер шығарған акцияларды да білдіреді.

Мәслихат сессиясының төрағасы – мәслихат сессиясында ұйымдастырушылық-бөлушілік функцияны жүзеге асырушы депутаттар арасынан сайланған лауазымды тұлға.

Оперативті басқару - бұл ағымды жаңалықтарды басқару. Оған оперативті жоспарлау, оперативті есеп, оперативті бақылау кіреді.

Өкілеттілік - жұмыскерлердің әрекеттерін анықтау мен ұйымның ресурстары қолдану құқығының шектеулігі.

Субвенция – ұлттық-аумақтық бірліктердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлерін теңестіру үшін нақты мақсаттарға республикалық бюджеттен бөлінетін ақшалай сома.

Субсидия – мемлекеттік мекеме және қоғамдық ұйымдар болып табылмайтын шаруа (фермер) шаруашылықтарына және заңды тұлғаларға қайтарылмайтын негізде қаржыландыруға берілетін ақша.

Трансферттер (ресми) – бюджеттің бір деңгейінен екіншісіне, сонымен бірге Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына трансферттер төлеу.

Таңдау критеріі - оптималды шешім қабылдау мен баламалы салыстырулар негізінде жүргізілетін көрсеткіш.

Тік байланыс - иерархияның бірдей деңгейлері арасында ақпаратпен алмасу.

Төменгі бюджеттерге дотация – жергілікті бюджеттердің шығындары табыстарынан асып кеткен жағдайда, оларды теңестіру нақты ақшалай түрінде республикалық бюджеттен берілетін ақшалай қаражаттар.

Ынталандыру - адамның ұйымда жемісті қызмет етуі үшін оның ынтасын тудыру мақсатындағы басқару функциясы.

Шаруа (фермер) қожалығы – жеке кәсіпкерліктің жүзеге асырылуы ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдаланумен, сондай-ақ, осы өнімді өңдеумен және өткізумен үздіксіз байланысты адамдардың отбасылық-еңбек бірлестігі.

Шешім қабылдау үрдісі – шешімді қабылдау мен оны жүзеге асыру, альтернативаларын жинақтау, жағдайды талдау мен ұйым мәселелерін шешуге бағытталған басқару субъектісінің сатылай іс-әрекеттері.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	
Муниципалды менеджмент ғылымы пән ретінде.....	
Муниципалды басқарудың даму тарихы.....	
Жергілікті атқарушы және өкілетті билік органдарының арақатынасы.....	
Өкілетті және атқарушы билік органдарының басқарудағы ұйымдық іс-әрекетінің негізі.....	
Жергілікті басқару органдарындағы іс-әрекетті жоспарлау.....	
Жергілікті басқару органдарының материалдық-қаржылық негіздері.....	
Жергілікті басқарудың экономикалық механизмі.....	
Орталық және аймақтық экономикалық басқару органдары: жауапкершілікті бөлу және өзара қатынас механизмі.....	
Қазақстан Республикасының аймақтық саясаты.....	
Жергілікті бюджеттің кіріс бөлігін көбейту жолдары.....	
Унитарлы және федеративті мемлекеттердегі муниципалды басқару.....	

Студенттердің өз бетімен орындауға арналған тест сұрақтары.....

Глоссарий

Оқу құралы

Бекетова Қамар Назарбекқызы

Муниципалды менеджмент